

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігінде 2002 жылғы  
3-мамырда тіркеліп,  
№2904-Ж куәлік берілген

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын  
республикалық ғылыми-  
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№3 (179),  
НАУРЫЗ  
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде  
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –  
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –  
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,  
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;  
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;  
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-  
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,  
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,  
М.Ноғайбаева, Д.Салкынбек,  
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-  
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандәев –  
тарихшы-зерттеуші.

\*\*\*

С.Әбішқызы – тұңғыш бас  
редактор. Б.Матекова – ұс-  
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,  
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,  
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

Басуға 19.03.2020 ж. жіберілді.  
Пішімі 84 x 108<sup>1/16</sup>.  
Шартты б.т. – 5. Офсетті  
басылым. Бағасы келісімді.  
Таралымы – 1500.  
Индексі – 75748.  
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,  
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Авторлар қазақша ғылыми-  
теориялық мақалаға орысша,  
ағылшынша, орысша мақалаға қа-  
зақша, ағылшынша, ағылшынша  
мақалаға қазақша, орысша резюме  
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-  
лыми нақтылығына, тілінің жа-  
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1  
жылға толық жазылған тү-  
біртегінің көшірмесін салуы  
қажет. Авторлардың байлам-  
тұжырымдары редакция көзқара-  
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-  
шіріп басылса не пайдаланылса,  
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және  
ғылым саласындағы бақылау  
комитеті (БҒСБК) ұсынған  
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-  
ванных ККСОН МОН РК.

## МАЗМҰНЫ

### Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Өтелбек Шынанов. Ру-тайпалар таңбалары.....	2
Өтеген Исенов. Есет тархан балалары .....	4
Әйгерім Көкетова. Қазақ-орыс саудасының дамуы .....	7
Жұмахан Арынов. Алаш зиялылары – ұлт мақтанышы .....	9
Д.Хамидуллина, Р.Қатарова. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар.....	11
М.Қарпықұлы, Қ.Қабидолдина, К.Серікұлы. Шығыс Қазақстанда аудандастыру саясатының іске асырылуы.....	14
М.Шағырбаева, А.Алдан. Қазақ ақын-жазушыларының педагогикалық идеялары .....	15
Х.Әубәкірова, Б.Еңсепов. Мұхтар Әуезовтің Ташкенттегі қызметі .....	18
А.Мусағалиева, А.Сактаган. Акмолинская область в 1920-1930 гг.....	20
Жанар Мулдахметова, Рауза Омарова. Социально-экономические условия развития южного Казахстана в послевоенный период .....	22
Жапсарбай Куанышев. О некоторых проблемных вопросах реализации судебно-правовой реформы в Казахстане .....	25
Досалы Салқынбек. Сапалы білім мен тәрбиені ұштастырған кафедра.....	29
Әмина Ахантаева. Қара шаңырақтың қалыптасу тарихы.....	31
Саят Жұман, Баянды Оспанова. Әл-Фарабидің әйгілі трактаты .....	34
Н.Тәсілова, С.Күлмесханова. Ұлы дала дипломатиясының маңызы.....	36
Ербол Сырбаев. Қайырымды қала – әділетті қоғамның үлгісі .....	37
Ермахан Қалмырзаев. Осы жұрт Шайбаниді біле ме екен?.....	39
Сәбира Иманбаева, Ләззат Исаева. Алаштықтардың ұлт-азаттық көтеріліске көзқарасы .....	41
Марат Жұмағұлов. Құныскерей Қожахметұлы.....	43
Шаяхмет Абуханов. Саяси билік жүйесіндегі құқықтың рөлі.....	44
Руслан Сембаев. Қоғам сабақтастығындағы менталитеттің рөлі.....	46
Шара Ибрашева. Қазақстан күрдтерінің этногенезі .....	48
Мөлдір Сембаева. "Рухани жаңғыру" .....	50
Ботагөз Куппаева. Системообразующие принципы.....	51
Галина Ксенжик. "Старые карты" – ценнейшие источники .....	53
З.Ақтамбердиева, М.Мырзабекова. Семиреченское казачество в XIX веке ...	55
Г.Баймұратова, З.Тастанова. Инновациялық оқыту мен тәрбие.....	57
С.Шалгинбаева, А.Молдашова. Историография народов восточной Европы ...	59
Ерке Қартабаева, Нұрбол Болысбеков. Шығыс Еуропа елдеріндегі демократиялық қозғалыстар .....	60
Куанышбек Қаражан, Назерке Нағашыбай. Шыңжаң өлкесіндегі көтеріліс пен Алаш идеясы арасындағы байланыс.....	62

### Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

К.Сәрсенбаева, Г.Қоқашева. Білім берудің жаңа парадигмасы .....	64
Сымбат Қаппар. "Көркем еңбек" пәнінде электронды оқулықты пайдалану ...	66
Күнмжан Құдайбергенова. Базар жырау мен Т.Ізтілеуов шығармалары .....	68
Айгерім Қабышева. ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Жапония .....	71
Бақытжан Ақдөңов. Қазақ АКСР-інің құрылуы .....	72
Сандуғаш Шәдиева. Қырым соғысының себептері мен салдары .....	74
Мәдина Күленова. Батыр Бауыржан өнегесі.....	75
Жадыра Искакова. Қазақстандық археологтардың жаңалықтары .....	77
Фарида Мұхаметжанова. Туған жерге туың тік.....	78
Фарида Қылышбаева. Астана – әсем қала .....	80

МРНТИ.03.61.91.

## РУ-ТАЙПАЛАР ТАҢБАЛАРЫ: қалыптасуы мен қолдану аясы

Өтелбек ШЫНАНОВ (Шнанов),  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың  
тарих факультетінің III курс докторанты

Ру-тайпалар таңбаларының этникалық тарихты зерттеу ісінде атқаратын жан-жақты рөлі бар екендігін мұрағат құжаттары, Еуразия даласындағы тастағы таңбалар және таңбалар жайлы зерттеулерден байқауға болады. Қазақ ру-тайпалары таңбаларының қалыптасу тарихы сонау қола дәуірлеріне, тіпті одан әрі кезеңдерге барып тірелетіндігін тарихи-археологиялық деректер арқылы анықтай аламыз. Таңбалардың күрделі функционалдық рөлі толық ашылғанда өткен тарихқа қатысты біршама деректердің көзін ашатынымыз анық. Таңбаларды рулар мен тайпалардың өзіндік белгісіне айналған тұстан бастап, сол ру мен тайпаның өткен өмірінің тарихын өздігінше баяндап бере алатын сандықтың кілті (коды) деп айтуға болады. Ру-тайпалар көне кезеңдерден бастап, кейінгі дәуірлерге дейінгі уақыт аралығында қандай халықтың құрамында өмір сүргендігін, тіпті наным-сенімдері туралы да ақпараттарды таңбалар арқылы алуға болады. Ру-тайпалар таңбаларының этникалық тарихты зерттеудегі маңызы зор.

Ру-тайпалардың әрқайсында ертеден келе жатқан таңбаларды иеленуі барлық дерлік түрік халықтарына тән болған. Таңбалар тарихын зерттеу арқылы түрік халықтарының көне тарихына қатысты деректерді алумен қатар өзара байланыстарын да анықтаудың маңызы ерекше. Түрік халықтарының құрамына кіретін әр халықтың жеке таңбаларын зерттеу барысында жалпы түрік халықтарының таңбаларына назар аудару қажет. Себебі, Еуразия даласында тараған барлық түрік халықтары таңбаларына тоқталмасақ, таңбаларға қатысты толық жауапты алу мүмкін емес. Әр ру-тайпаның шыққан тегін, этникалық байланысын анықтайтын өзіндік таңбалары саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде де өзіндік рөлі болды. Таңбалар негізгі көне белгісінің ерекшелігін сақтай отыра жаңа пайда болған ру-тайпалар бірлестіктеріне берілген. Яғни, негізгі таңбаға қосымша белгілер жалғау арқылы жаңа таңбалар жасалынған. Көне таңба белгілері толық жойылып кетпеген. Мәселен, XI-ғасырдың 70-жылдары жазылған М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» және XIV ғасыр басында жазылған Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы» атты еңбектерінде берілген оғыздар құрамына кірген тайпаларының атаулары мен таңбаларының көпшілігі сәйкес келмейді [1; 2]. Бұған себеп авторлардың өзіндік дерек көздерінің әртүрлі болуы деп есептесек, екіншіден осы уақыт аралығында жаңа ру-тайпалар құрамы мен жаңа таңбалардың қалыптасқандығын көрсетеді. Ру-тайпалар таңбалары бірте-бірте күрделіден қарапайым түрге ауыса отырып, күнделікті тұрмыстық-шаруашылық өмірге қатысты заттармен байланысты белгілері қалыптасты. Сонымен қатар

таңбаларды белгілеуде автордың яғни таңбаны салушының жазу ерекшелігіне байланысты бір таңбаның өзі әртүрлі болып белгіленуі де кездеседі. Жергілікті ру-тайпалардың ішінде «ноқта аға» саналатын ұйытқы тайпа таңбасымен қатар сол тайпадан бөлініп шыққан және сырттан келген тайпаларға негізгі таңбаны сақтай отыра қосымша белгі қосу арқылы жаңа таңбалар қалыптасты. Ж.Сегізбаев таңбалардың деректік мәнін көрсетті. Ол: қазақтың этникалық тарихын зерттеуде сыртқы өзге халықтардың жазып қалдырған деректері және ішкі дерек көздеріне бөле келе, соның ішінде «негізгі дерек көздерінің бірі саналатын рулар мен тайпалардың таңбаларына назар аудару», – қажеттігін аңғартты [3.82-б.].

**Академик Ә.Қайдар таңбалардың маңызына тоқтала келе:** «...меншік пен өзара жіктелуді тұрақты түрде айқындап, айыру үшін зеректікпен ойлап табылған символдық белгілер», – деп жазды [4.128-б.]. Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын зерттеу ісіне XX ғасырдың 50-60 жылдары Ә.Марғұлан, Қ.Сәтпаев сияқты ғұлама ғалымдарымыз қалам тартса, тәуелсіздік алған жылдардан Т.Омарбеков, З.Самашев, Т.Досанов, С.Әжіғалиев, А.Мектептегі, М.Қарамендина, Н.Пазылхан, тағы басқа ғалымдар өз еңбектерін арнады. Ресей Федерациясы аумағындағы түркі халықтары башқұрт, татар, кавказ халықтары таңбаларына қатысты Ресей зерттеушілерінің кейінгі уақыттағы зерттеулері біршама нәтижелі болып отыр. Ру-тайпалар таңбаларының шығу тарихына байланысты осы мәселеге ден қойған зерттеушілер еңбектерін саралай келе негізінен екі түрлі көзқарастың барлығына куә боламыз. 1. Таңбалар жеке меншікке қатысты Ресей қалыптасқан. 2. Таңбалар көне ру-тайпалардың наным-сенімдеріне байланысты пайда болған. Әсіресе, таңбалардың жеке меншікке қатысты пайда болуы жөніндегі пікірге көп зерттеушілердің көзқарастарының келісетіндігі байқалады. Себебі таңбалардың жеке меншік белгісі ретіндегі рөлі таңба белгілерін айшықтап, мәнін аша түскендігінде болып отыр.

**Таңбалардың меншікке қатыстылығы жөніндегі пікірді Н.А.Аристов өзінің «Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы» атты еңбегінде жазды.** Онда: «Ру аттарынан өзге түрік-көшпенділердің этникалық құрамының басқа көрсеткіші ретінде рулық тұрмыспен байланысты рулық таңбалар қызмет атқара алады, яғни ру меншігін белгісі есебінде малға салынған, сонымен бірге рудың өзге мүліктерінде кездеседі және оның мүшелері елтаңба, мөр, қол қояр кезінде тағы басқа жағдайларда қолданған», – деп келтіреді [5.18-б.]. Н.А.Аристовтың таңбалардың жеке меншікке байланысты шығуы туралы пікірін қазіргі зерттеушілердің де көпшілігі қолдайды. Алайда таң-

балардың тек меншікпен байланыстылығын ғана ескерсек, онда таңбалар мәні мен рөлін толық аша алмайтындығымыз анық. Мұны тіпті Н.А.Аристовтың өзі де мойындайды. «*Весьма вероятно, что родовые тамги были первоначально изображением родовых богов или духов-покровителей и лишь впоследствии обратились в знаки родовой собственности, приняв для этой формы простейших геометрических фигур, как наиболее удобные для вырезывание или выжигания*», – деп жазып, таңбалардың наным-сеніммен де байланыстылығын көрсетеді [сонда. 18-б.]. Петроглифтер мен таңбаларға қатысты зерттеу еңбектерінің авторы Л.Р.Кызыласов таңбалардың киелілік функциясының барлығын айтады. Ғалым «*жергілікті халықтардың қасиетті мерекелерде таңбалар салынған жартас маңында құрбандық шалып, өздерінің таңбаларын қалдыратыны*» жөнінде мағлұматтар береді [6.67-б.]. Шындығында да таңбалар салынған көне далалық естерткіштер маңында түрлі ритуальдарды орындайтын алаңдар кездеседі. Негізінен иран тілдес халықтардың таңбаларын зерттеген Ресейлік ғалым С.А.Яценко «*Түрік халықтарында жеке отбасылық таңбалар арқылы өлген адамдар рухымен байланыс жасау*» туралы түсініктердің сақталғандығы жөнінде жазды [7.181-б.]. С.А.Яценко таңбалардың шығу генезисін діни наным-сенімдермен байланыстырады. Таңбалардың әулет немесе ру адамдарын жамандықтан қорғайтыны туралы түсінік қалыптасты. Таңбалардың аспан әлемімен байланысы туралы көне түркі халықтарының түсінігі туралы В.Я.Бутанаев өз зерттеуінде жазады [8.260-б.]. Таңбалардың шығуы жеке меншікпен байланысы туралы пікірді ұстанған В.С.Драчук «*Кроме того, исходный знак – знак родовой собственности – был, за редким исключением, первоначально изображением тотема-прародителя*», – деп келтіріп, таңбаның тотемдік белгісін көрсетеді [9.55-б.].

Көне таңбалар арасында кең тараған таңбалар қатарына + крест таңбасын жатқызуға болады. Бұл таңба көне ру-тайпалардың наным-сенімдерімен байланысты. Шексіздік немесе космостық екі бағытты анықтау, т.б. мағынаны беретіндігі жөнінде бірнеше түсініктер бар. Сонымен қатар төре таңбалары (тризубец) биліктің, жоғарыдан басқару түсінігін білдіреді. Сондай-ақ үш жүз ру-тайпаларының ішінде күн бейнесіндегі таңбалар көшпелі тұрмыс тіршіліктің халықтың күнге сыйынуынан шығуы мүмкін. Әбдүәлі Қайдар Қаңлы атты еңбегінде: «*..Бұл құдіретті күнге сыйынудың Күн ханнан тараған оғыз тайпалары сияқты «күнмен тектес»*», – дегенді аңғартатын символ [10.25-б.]. Ру-тайпалар таңбаларын жан-жақты зерттеген Н.А.Аристов пен В.С.Драчук, Э.Соломоник сияқты зерттеушілер кейбір таңбалардың діни нанымдармен байланысы барлығына көз жеткізді.

**Аманқос Мектептегі бұл туралы:** «*Таңбалардың арқалаған ақпараттық жүгі геометриялық, конфигурацияның құбылуымен өзгеріп отырады. Демек таңба кескіні шартты емес, криптографиялық, идеографиялық мағынаға ие, нақты идеяның айнасы*», – деп жазды [11.3-б.]. Таңбалардың өзгеріп отыратындығы шындық. Негізгі бастапқы қалпын сақтай отыра, ру-тайпалардан тарған келесі тармақтарында таңбаларға қосымшалар жалғанған. Негізінен таңбалардың пайда болуы туралы екі көзқарастың да дұрыстығын болжауға болады. Таңбалар жеке меншікке қатыстылығымен қатар кейбір ру-тайпалар таңбалары алғашқыда тотемдік сипатта болған. Ал өз кезегінде жалпы таңбалардың даму эволюциясында алғашқыда петроглифтерден

басталып ары қарай ру белгісі және алғашқы жазу әріптерінің шығуына әсері болғандығына көз жеткізе аламыз.

**Ру-тайпалар таңбаларының бірнеше қолданыс аясын нақты айтуға болады:** 1. Ру-тайпаның жеке меншік белгісі ретінде қолдану (кей жағдайда жеке отбасы немесе адамның жеке белгісі) 2. Белгілі бір ру-тайпаның территориялық аумағын білдіретін белгі ретінде қолдану. 3. Жерлеу орындарында қойылған таңбалар. 4. Құжаттарда мөр, қолтаңбасы ретінде қолдану. Таңбалар тарихын зерттеу барысында таңбаның қолдану аясының кеңдігіне куә боламыз. Таңбалар ең алдымен алғашқы уақыттарда меншік белгісін білдірген. Меншік белгісі ретінде таңбалар жиі қолданылды таңбалар тарихын зерттеген ХІХ-ғасырдағы Ресей шығыстану ғылымының көрнекті өкілі Н.А.Аристов: «*Таңба меншік белгісі емес, рулық белгісі, тек рулық меншік белгісі ретінде ғана қарағанда таңба анықтамасы нақтыланады*», – деп жазды [12.61-б.]. Шын мәнінде де меншік алғашқыда ортақ түрде болғандығы тарихтан белгілі. Таңбалар осы ортақ меншікті аңғартып, белгілі бір заттарға және үй жануарларына салынды. Н.А.Аристов ол туралы: «*На домашнем скоте вообще кладут метки, и хотя в поле пристанет к чужому, никто не возмет его*», – деп келтіреді. В.С.Драчук таңбалар жайлы: «*Сонымен қатар, бастапқыда – рулық меншік белгісі – өте сирек жағдайда алғашқы ата-бабалардың тотемдік белгісі ретінде болды*», – дей келе таңбалардың жеке меншікпен байланысты шыққандығы туралы пікірді қолдайды [сонда. 55-б.]. Көшпелі халықтарда төрт түлік малға оның ішінде жылқыға таңба салу әдісі тіпті күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Башқұрт таңбаларын зерттеуші Р.Г.Кузеев таңбалардың жеке отбасыларға қатыстылығы туралы ойды ортаға салады. Жеке меншікпен қатар ру-тайпалар таңбалары территориялық аумақты білдіретін белгі ретінде де қолданылды. Негізінен тау жартастарына және тас балбалдар мен орман ағаштарына салынған таңбалар белгілі бір аймақта ру-тайпаның мекен ететін аумағы екендігін білдіреді. Көшпелі тіршілікте мал жайылымдарының қандай ру-тайпаға тиесілі екендігін білдіретін таңбалар кездеседі. Көне жерлеу орындарындағы таңбалардың өзінен де сол жердің қандай ру-тайпаға қатысты екендігін де анықтауға мүмкіндік береді. Таңбалар жерлеу орындарында қайтыс болған адамның шыққан ру тегін анықтау белгісі ретінде құлпытастарға салынған. Мұндай көне жерлеу орындарының көпшілігінде қайтыс болған адамның аты-жөні, басқа да мәліметтер берілмей тек ру таңбасы көрсетіледі. Мұның себептерінің бірі жаугершілік уақытта қайтыс болған адам басына таңба белгісін қою шыққан тегін көрсететін. Тіпті бірнеше жерлеу орыны бар қорымда тек бір ғана таңба берілген тұстар да кездеседі. Бұл жерленген адамдардың бір ру-тайпадан шыққандығын аңғартады. Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Бұланты шайқасы өткен аумақта таңба белгілері ғана салынған жерлеу орындары кездеседі. Кейбір жерлеу орындарында таңбамен қатар жерленген адамның аты-жөні, руы, туған және қайтыс болған жылдары көрсетіледі. Мұндай жерлеу орындары көбінесе кейінгі кезеңдерге қатысты. Таңбалардың жерлеу орындарында қойылуы оның қайтыс болған адам туралы мәлімет беретін төлқұжат есебіндегі рөлін көрсетеді. Сонымен қатар бұл таңбалардың қоғамдық өмірдегі ерекше орынын да айғақтайды. Батыс Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштер тарихын жан-жақты зерттеуші С.Әжигалиев: «*Тамға*

на могильном памятнике – это, прежде всего, символ, индикатор рода (племени), к которому принадлежал умерший. Здесь, думается, уместно согласиться с теми исследователями которые видят основополагающее традиционное значение как символа родовой принадлежности, как синонима понятия «родовой знак», – дей отырып, А.Н.Харузин, В.П.Курылов, т.б. зерттеушілер пікірімен келісетіндігін аңғартады [13.451-б.]. Ру-тайпалар таңбаларын белгілі бір құжаттарды растайтынын білдіретін қол қою, мөр ретінде пайдаланды. Мұрағат құжаттарында таңбалар көбінесе сот істерінде, ант беру кезінде, куә болу ретіндегі құжаттарда қолтаңба ретінде пайдаланғандығының куәсі боламыз. **Сондай құжаттардың бірі:** 1856 жылы қазақтарға көктемгі егіс кезінде тарыны қарызға беру туралы іс-қағазында қазақ егіншілерінің тарыны алғандығы жөнінде куәлікке өз тегі мен атын және «О» таңбасын басқан архив дерегі сақталған [14. 20-22-бб.]. Сондай-ақ Кіші жүзде жаңа хан сайлауы туралы іс-қағаздар дерегінде: «Жантөре хан Айшуақұлының орнына Бөкей Нұралыұлын ұсынған Адай, Байұлы руларының сұлтандары мен би старшындарының хатында мөріміз бен таңбамызды басамыз дей келе мөр, таңбаларын қойған», – РФ Орынбор қаласындағы облыстық архив құжаты сақталған [15.46-47-бб.].

Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерде, тарихи жырларда таңбалар жайлы мәліметтер көп кездеседі. Таңбалардың шығуы туралы аңыздардың бірінде Алаша хан атымен де байланыстырады. **Қобыланды батыр жырында:** «Әліп таңба Қыпшақтың, атағы озған Алаштан», – деген жолдарда қыпшақтардың әліп таңбасы туралы мәлімет айтылады [24. 77-б.]. Таңбалардың жалпы түрік халықтары арасында киелілік маңызы ерекше. Қазақ халқы да таңбаларға ерекше мән беріп, киелі деп ұғынған. Соңғы уақыттарда ру-тайпалар таңбаларын түрлі тұтыну заттарына салу, тағы басқа да орындарға бей-берекет қолдану кездеседі. Бұл әрекет ата-бабаларымыздың киелі санаған белгісіне деген құрметті аяқ асты етумен бірдей деп айтуға болады. Киелі саналған ру таңбалар туралы ауызша деректер мен мұрағат құжаттарын, әр аймақтағы таңбалар басылған тау-тастар мен жерлеу орындарындағы таңбаларды салыстыра отырып, терең зерттеуді

қажет етеді. Еуразия даласында кездесетін таңбалар басылған тас ескерткіштерді сақтау, ондағы таңбаларды қағаз бетіне толық түсіру ісі кезек күттірмейтін іс. Себебі жыл өткен сайын осындай тастағы таңбалар жойылып бара жатқандығы анық. Түрік тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының этникалық тарихының бір кілті таңбалар екендігіне ешқандай шүбә жоқ.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Махмуд ал-Кашкари.** Диван Лугат ат-Турк /Аударма, алғысөз және пікір жазған З.-А. М.Ауезова/ Алматы: Лайк-Пресс 2005.
2. **Рашид-ад-Дин.** Сборник летописей Т 1-3. Москва, Ленинград. 1946-1960 г.
3. **Ж.Сегізбаев.** Қазақ тайпалары мен руларындағы «тарақ» таңбасының билікке қатысы мәселесінде // Қазақстанның ғылыми әлемі Халықаралық журналы №3-6(49-52) 2013 82-83-бб.
4. **Қайдар Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері А, 1998. -128 б.
5. Этногенез и этническая история казахского народа. 2 том. Астана: Алтын кітап» 2007 - 181 б.
6. **Кызласов Л.Р., Леонтьев Н.В.** Народные рисунки хакасов. М.: Наука, 1980. - 67 б.
7. **Яценко С.А.** О некоторых проблемах изучения знаков-тамг Центральной Азии // Историко-культурное наследие и современная культура. Сб. материалов научно-практич. семинара. Алматы, 2012. –181б.
8. **Бутанаев В.Я.** Бурханизм тюрков Саяно-Алтая.- Абакан: Изд. Хакаского государственного университета им. Н.Ф.Катанова, 2003. -260с.
9. **В.С. Дрочук.** Системы знаков Северного Причерноморья М.1959 -55 б.
10. **Әбдуәли Қайдар.** Қаңлы Алматы, 2004 – 52 б.
11. **Аманқос.** Мектептегі Ру таңбалары – ұлы мәдениет таңбасы //Мәдениет 2009 №4 -3б.
12. **Аристов Н.А.** Труды по истории и этническому составу тюркских племен. Бишкек., 2003. - 61 б.
13. **Ажигали С.Е.** Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийск. рег.) – Ал.: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. -451 б.
14. Қор 383. 1-тізбе, 16-іс. Дело о выдаче казахам в ссуду ячменя для посева в 1856 году. ҚР. Орталық мемлекеттік архиві . -20-22-бб.
15. Қор 6.10-тізбе, №716-іс. Дело об избрании новых ханов Меньшой орды. РФ. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві. -46-47-бб.

## ЕСЕТ ТАРХАН БАЛАЛАРЫ: халықтық таным мен ақиқат

Өтеген ИСЕНОВ,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік  
педагогикалық университетінің профессоры

**Мақаламыз ел қорғаны – Есет батырдың кіндігінен тараған ұрпақтары туралы халықтық таным мен тарихи ақиқаты хақында.** Есет Көкілұлының балалары туралы халықтық таным бойынша, жалғыз ұлы Ақмаңдай және қызы Ботакөз болған. Жалғыз ұлы жау қолында кетіп, хабар ошарсыз болса, батыр қызы Ботакөз аурудан қайтыс болғандығы жөнінде халықтық таным тарихи шежірелерде сақталған [1, 71; 126-б.]. Біз, Есет батырдың өз кіндігінен тараған ұрпақтары туралы бұрын да мақала жариялаған болатынбыз [2, 11-14-б.]. Кейінен, батырдың балалары хақындағы табылған архивтік соны деректерді қосып,

толыққанды мәліметті жариялауды жөн көрдік. Шақшақ Жәнібек Есет батырды Торғайға шамамен 1738 жылы үлкен ұлы Дәуітбайдың үйлену тойына шақырады. Есет батыр тойға кеткенде, батырдың ауылын Жұрын батыр бастаған Еділ қалмақтары шабады. Сол жолы аяғы ақсап үйінде қалған, Ақмоншақ тұлпары мен Ақмаңдай есімді ұлын қалмақтар алып кетеді. Кейін, Шақшақ Жәнібек, Бөкенбай Қарабатырұлы Есеттің жалғыз ұлы Ақмаңдай мен тұлпары Ақмоншақты іздеп, Еділ бойына қалмақтарға талай бірге аттанған. Ақмаңдайды Астраханьдағы губернатор арқылы да іздестіру керек, деп шешкен Шақшақ Жәнібек гу-

бернаторға әйгілі күрең қасқадан тараған екі тұлпар апарды, бірақ губернатор қаладан шықпай қояды. Жәнібектің ниетін түсінбей соғысқа қамданады. Патша ұлықтарымен жағдайды шиеленістіргісі келмеген батырлар кері қайтады. Кейіннен, Жәнібек Астрахань губернаторы В.А.Урусовке, жағдайды айтып өкпе артқан [3, 67-69-бб.]. Жәнібек батыр Астрахан бекінісіндегі губернатор арқылы Есет Көкіұлының ұлын қайтаруға барған елшілік сапарына тоқталсақ: қалмақ, башқұрт, татар халықтары Ресей боданы, қалмақтарға сөзі де, өмірі де жүретін губернатор арқылы Есет батырдың ұлын іздеп табудағы әрекеті жүзеге аспаған. Ал, губернатордың келіспеуінің себебі, қазақты қалмақтан, татардан, башқұрттардан өзара араздастырып оқшау ұстау саясатын ұстану болатын.

**Есет Көкіұлының Ақмаңдай жалғыз баласы болғандығы туралы шежіреде:** «...Әлімнің Кішкене Шектісінен Майдан аталығынан шыққан Жанқожа батыр, Есет батырдың қарындасынан туған жиені, Есет батырдың жалғыз ұлы Ақшалдың әйелі Ханым Шөмекей, оның ішінде Сарғасқа Жәрімбет бидің қызы. Есеттің батыр қызы Ботакөз жалғыз ағасы Ақшалдың артында қалған жалғыз жеңгесі Ханым екеуі, Ақшалдың асын бергенше, жылдан аса жоқтаған. Есет тархан қызы Ботакөз сол кезде тұрмыс құрмаған бойжеткен қыз. Есет тархан Әбілқайыр ханның шақыруымен хан кеңесіне Орынборға жол жүріп кеткен кезде қалмақтар елді шауып, жылқыны айдап кетеді. Есет батырдың Қарабас деген қарт ағасы отыз шамалы жігіттерді жинап, жау айдап кеткен жылқының соңынан қуып кетеді. Ботакөз жігітше киініп, қару жарақтанып, 150-дей қаруланған адаммен атқа мініп, жаумен қарсыласуға шыққан. Қарабас бастап кеткен қуғыншыларды қалмақтар түгелдей қырып тастайды» [1, 71; 126-б.]. С.Толыбековтің шежіресінің нұсқасы Х.Маданов шежіресі нұсқасымен бірдей, мәтінде де алшақтық жоқ [4, 103-б.]. Ал, Ө.Жолымбетов нұсқасындағы шежірелік дерек халықтың арасындағы көп жылдардан бері айтушылардың бірте-бірте әрбір оқиға уақыты мен себептерін топшылап жіберуінен өзгеріске ұшыраған. Біз, келтірген тарихи шежірелер Есет көкіұлының батыр қызы Ботакөзден басқа бір ғана ұлы болғандығын алға тартады. Ел аузындағы жырдастан, аңыз жасы тоқсан жетіге келген Есет батырдан «арманың бар ма?» деп сұрағанда, Есет батыр: «... Ақмаңдайдай ұл сүймедім...», деген жауабы жалғыз ұлын жоқтап өткенін мәлімдейді [2]. Бұл халықтық танымнан қалыптасқан тұжырым.

**Ал, мұрағат дерегінде:** «...Ор қалашығына келген хан Әбілмәмбетке, Жәнібек тарханға, Есет тарханың баласы Қалдыбайға патша әкімшілігі тарапынан құнды сыйлықтар берілгені...» [2, 12-б.], туралы жазылған. Деректегі Жәнібек тархан, Есет тархан деп тархан атақтарының аталуларына қарағанда, Есет Көкіұлы тархандықты 1743 жылдың жаз айында алғаны мәлім. Олай болса, бұл елшілік сапар 1743 жылдан кейінгі уақыт болып шығады. Шежірелер авторлары – С.Толыбеков [1] және Х.Маданов [4] зерттеулерінше, Ақшал Есетұлы 1742 жылдың көктемінде қалмақтар елді шапқанда жау қолынан қаза тапқан.

Белгілі Есеттанушы профессор Зәкірәдин Байдосов Есет тарханның Ақмаңдай, Қалдыбай атты екі ұлы болған немесе Ақмаңдай, Қалдыбай бір адам дейді. З.Байдосұлының көрсетуінше, 1743 жылғы қаңтарда Есетұлы Қалдыбайдың жасы шамамен 45-50-де болған [5, 58-б.]. Олай болса, 1743 жылдан кейін, Ор қаласына барып жүрген Қалдыбай басқа ұлы. Есет тарханның Ақшал, Ақмаңдай, Қалдыбай есімді үш ұлы және Ботакөз есімді қызы болған болып

шығады. Жәнібек тарханның Дәуітбай, Жауқашар, Ақпанбет, Тоқпанбет, Деріпсәлі, Тоқтамыс атты ұлдары болған [6, 49-б.]. Қалдыбай есімді ұлы болмаған. Жәнібек тарханның балаларының есімдерін беріп отырғанымыз, деректерге Жәнібек тарханның ұлы Есет тарханның ұлы болып жаңылыс жазылған деуге негіз жоқ.

1748 жылғы 9 тамызыда шет елдермен іс жөніндегі коллегияда И.Неплюев жасаған хабарламада: «... Аманаттағы Әділ сұлтанның бір жылдық мерзімінің өтуіне байланысты, Нұралы балаларымен ол келісімін бермесе, Ералы сұлтанның баласымен Ордадағы ықпалы күшті старшындары – Тама Есет пен Арғын Жәнібектің балаларымен ауыстыру туралы шет елдермен іс жөніндегі коллегия алқалары шешім қабылдайды» [7, с. 221].

Дерек, Есет тарханның 1748 жылдың тамызындағы уақытта баласының бар болғанын дәлелдейді. Бұл бір. Екіншіден, Орынбор линиясынан Бестамақ елді мекеніне дейін 250 шақырым, бірақ линиядан тікелей есептегенде Ор бекінісінің шетінен немесе Губерлин станциясынан 100-150 шақырымнан аспайды [8, 67-68-бб.]. Осындай ара қашықтыққа елшілікке Есет тарханмен бірге барып-келіп жүрген ұлдарының сол кезде жас бала болмағандығына көз жеткіземіз. Үшіншіден, Есет Көкіұлының жалғыз ұлы жау қолында кетіп, Есет тархан ұрпақсыз қалмаған.

Есет Көкіұлының балалары туралы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Құрал Тоқмырзиннің дерегінде: «Тама Есет тархан Ақкете Әжібай бидің әкесі Болпаштың қарындасынан туған. Болпаштың әкесі Бозаншыда би болған. Екеуі де Ақтабан шұбырынды кезінде Түркістан маңында Әзіреттің Алатауы деген жерде дүние салған. Кейін Әжібай би Көкұлы Есетпен сүйек жаңғыртқан, яғни оның төрт ұлынан кейін туған жалғыз қызы Ботакөзді өзінің ортаншы баласы Барсайға айттырып әперген» [9]. Құрал Тоқмырзиннің дерегінше, Есет тарханның төрт ұлы, бір қызы, небәрі бес баласы болған. Тарханның қызы Ботакөз Ақкете руына ұзатылып Барсайға тұрмысқа шығады. Кейіннен Ботакөз дерттен көз жұмады [9]. Шежірелік деректерде Ботакөздің қайтқан жылы көрсетілмейді [1].

Құрал Тоқмырзиннің мәліметі шындыққа жақын. Өйткені, Есет тархан балалары туралы айтылған деректе: 1748 жылдың 20 қаңтары мен 21 наурызында берген рапортында Астрахань губернаторы Барылкин Жайыққа жақын көшіп келгендерден Есеттің үш балалары, олармен бірге 97 адам Гурьев қалашығынан сауда жасауға жіберілді. Қаңтардың 28-нен ақпанның 5-не дейін олар орыстармен, қалмақтармен сауда жасады. Қазақтар киізді ұнға, таяуға, матаға айырбастап, жылқы, қой, мал терілерімен айырбас саудасын жасап, өздерінің қоныстарына аман-есен кері оралды. Сауда жасалып болғанша, Гурьев қалашығынан аманатқа алынған екі адам сауда біткен күні кері жіберілген [7, с. 522]. Губернатор сауда жасауға барған 97 адамның ішінен Есет тарханның үш баласын атап жазады.

**Шежіреші Т.Үсенбаевтың дерегінше, Есет тарханның үш ұлы болған:** олардың есімдері – Ақмаңдай, Қалдыбай, Қаржас [10, 30-б.]. Т.Үсенбаев шежіресі бойынша, Есет тарханның біз талдаған деректердегі ұлдарының есімдерінен басқа Қаржас есімді ұлы болғаны айтылады. Дегенмен, батырдың Қаржас есімді ұлы туралы басқа деректерді кездестірмедік. Есет батыр екінші рет табын Бөкенбай Қарабатырұлының қарындасы Еңсепке үйленгендігі туралы дерек бар [11, 7-б.]. Табын Бөкенбай батыр Есет тарханның қайын ағасы екендігі жөніндегі деректер 1730 жылдан бастап орыс жазба деректерінде кездеседі [7, 54-б.].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» көп томдық жинақ халқымыздың рухани қазынасы ретінде көпшіліктің игілігіне айналды. Осы жинақта, Тама Есет тарханмен оның кіндігінен тараған ұрпақтарына қатысты құжаттар жарияланды [12]. Аталмыш көп томдық жинақтан Есет тарханның төртінші ұлы туралы мәліметті кездестірдік. Ербол (орыс жазба дерегінде Юлбулда болып жазылған. – Ө.И.) есімді ұлы болғандығы анықталды. Төртінші ұлының есімі Ербол екендігі туралы деректі сөйлетсек: «...1748 жылдың 11 қыркүйегінде Орынборға Есет тархан атынан бауыры Тұрымбет батыр және Есет тарханның ұлы Елбол (немесе Ербол. – Ө.И.). И.Неплюевке Есет тарханның хатын жеткізген. Ол хатта қалмақтардың ұрлықпен айдап кеткен жылқыларын қайтаруын сұраған, осы мәселе бойынша бригадир Тевкелевтің бұл істің шешілуіне ат салысуын өтініген, себебі мұндай мәселелерді шешуде Тевкелевтің байланысына сенім артқан. Есет тарханның Жайық казактарының атаманына жолдаған хатын бауыры Тұрымбет жеткізген [11, с. 289]. Тарханның Жайық казактарына қоқан-лоқы көрсеткен мазмұндағы хат жолдағанынан Тевкелев хабардар болған». Құжат, Есет батырдың Ербол есімді ұлының ересек азамат болғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, 2012 жылы жарияланған История Казахстана в документах и материалах аталатын альманахта XVIII-XIX ғғ. Қазақстан тарихына қатысты бұрын жарияланбаған Ресей империясының сыртқы саясатының мұрағат қорларының, Ресей мемлекетінің ежелгі актілер, Ресей мемлекетінің әскери-тарихи мұрағаты, (Москва қ.), Ресей мемлекетінің тарихи (СПб қаласы), т.б. мұрағаттардың қорларының деректері жарияланған [13]. Археологиялық альманах жинағында, Есет тарханның Садыр есімді ұлы мен бауырлары Төле мен Қабыл туралы деректер бар. 1749 жылдың 17 июльде Кіші жүзден Орынбор бекінісіне барған 30 адамға құны 39 сом күміс ақшамен бағаланған матамен сый ақы (жалованья. – Ө.И.) берілгендігі тіркелген. Деректе Есет тарханға және оның бауырлары – Төле мен Қабылға Есет тарханның ұлы Садырға бағасы 3 сом 60 тиын тұратын 4 аршын мата берілгендігі туралы мәлімет [13 с.143] тіркелген. Есет батырдың Садыр есімді ұлының болғанын көреміз. Екіншіден, Садыр Есетұлының игі жақсылары Орынбор губернаторының қабылдауында болуы, Садыр Есетұлының қазақ-орыс қарым-қатынастарында белгілі азамат болғандығын көреміз [13 с.143]. Сонымен бүгін де архивтік соны деректер Есеттің Ербол, Садыр есімді ұлдарының болғанын дәлелдейді. Ел жадында Ботакөздің Жапалақ есімді мерген апасы болғаны, оның сіңілісі Бөтакөзді соғыс өнеріне баулығандығы сақталған. Жапалақтың Тілеулі батырға ұзатылғандығы туралы мәлімет бар [14].

Қорыта келе айтпағымыз, **біріншіден**, Есет тарханның жалғыз ұлы жау қолында кетіп, батыр қызы Ботакөз ауырып қайтыс болады. Халық жадында батырдың жалғыз ұлы жыр болып кеткендіктен, Есет тарханның өз кіндігінен ұрпақ қалмағандығы жөнінде халық танымы қалыптасқан. **Екіншіден**, **Есет батыр Көкіұлының – Жапалақ, Бөтакөз есімді батыр қыздарынан басқа, алты ұлы болған. Олардың есімдері – Ақшал, Ақмандай, Қалдыбай, Қаржас, Ербол, Садыр. Үшіншіден**, еліне қорған болған, ұлтжанды батыр бабалардың тағылымы мол тарихын және олардың ұрпақтарының есімін қалың жұртшылыққа таныту [15]. Тарихтың ақиқатын білсек, деген бұқараның сеніміне әділ болу, біздің парызымыз болып қала береді.

## РЕЗЮМЕ

Автор статьи, основываясь на архивных материалах и исторических данных, составил генеалогическое древо детей знаменитого казахского военачальника Есет-тархана Кокуюлы. Автор смог определить имена его шести сыновей, также составить их шежиру (родословную после Есет-тархана). Отдельно автором была прослежена и биография дочери Есет-тархана – Ботагоз.

\*\*\*

The author of the article, based on archival materials and historical data, compiled the genealogical tree of the children of the famous Kazakh military commander Eset-tarkhanKokuyuly. The author was able to determine the names of his six sons, and also compose them shezhire (pedigree after Yeset – tarkhan). Separately, the author also traced the biography of the daughter of Yeset-tarkhan – Botagoz.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Толыбеков С.** Қазақ шежіресі – А: Қазақстан. – 1962 – 143 б.
2. **Исенов Ө.И.** Тама Есет тархан балалары хақында (Тарихнамалық шолу). // «Аймақтың инновациялық дамуындағы бизнес пен білімнің әріптестігі». – «Болашақ» университетінің 15 жылдығына арналған респ/лық ғылыми-тәжірбиелік конф/я материалдары. – Адаст. 2010. – 315 б. – (11-14-б.).
3. **Жәнібек тархан.** Деректі повесть және поэмалар мен құжаттар. – Алматы: Айқап. – 1994. – 256 б.
4. **Маданов Х.** Кіші жүздің шежіресі. – Алматы: Ата мұра. 1994. – 168 б.
5. **Байдосов З.** Үш ғасыр перзенттері. – Ақтөбе, 1997. – 363 б.
6. **Жүсіпұлы Ө., Әлденұлы Б.** Шақшақ Жәнібек (тарихи очерк). – Арқалық, 1992. – 114 б.; Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. Монография. / Исенов Ө.И. – Қостанай: Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355 б. Исенов Ө.И. Ресей империясының тархандар институты және Шақшақ Жәнібек батыр. // «Шақшақ Жәнібек – ұлы даланың ұлы тұлғасы» 2017 жылдың 14 қыркүйегіндегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті. 2017. – 117 б. – (70-77 бб.). – (50-60-бб.).
7. **Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках** (Сборник документов и материалов). – А-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
8. **Исенов Ө.И.** Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.). / Монография. – Қостанай қ.: Шапақ ЖШС баспасы, 2017. – 258 б.
9. **Тоқмырзин Қ.** Батыр өмірі ел тарихы. // Лениншіл жас., 1990., 11 қазан.
10. **Тама.** – Қазақ ру-тайпаларының тарихы. 2-кітап. – Алматы: Алаш тарихи-зерттеу орталығы, 2005. – 1-т. – 648 б.
11. **Қарылғашов Ж.** Бөкенбай бахадүр: ескерусіз ерлігі мен отты рухы. // Ана тілі. – 2007 – № 39 – 27 қыркүйек. – 7 б.; Исенов Ө.И. Табын Бөкенбай батырдан тараған тархандар. // Бахадүр батыр Бөкенбай. / Жинақ. – Ақтөбе, 2011. – 435 б.
12. **История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.** Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция, скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. Т.3. – Ал.: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.
13. **История Казахстана в документах и материалах: Альманах.** Вып. 2 – Аст.: ТОО «Общество инвал. – Чернобылец», 2012. – 438 с.
14. **Ботакөз батыр кесенесі.** <http://www.visitaktobe.kz/kz/putevoditelk/kieli-zherler/kopiya-obektyi-regionalnogo-znacheniya/kopiya-mavzolej-botakoz-batyr>
15. **Исенов Ө.И.** Есет батыр Көкіұлының ғұмырнамасын дұрыс жазып жүрмізбе? // <https://www.qamshy.kz>; Исенов Ө.И. Есет батыр ғұмырнамасына қатысты мәселелер ақиқаты. // «XVII-XVIII ғғ. қазақ-жоңғар қақтығыстарындағы халық батырларының рөлі: қазақ бірегейлігінің қалыптасуы»: Есет батыр Көкіұлының (1667-1749 жж.) 350 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2017. – 300 бет. – (216-229 б.).

# ҚАЗАҚ-ОРЫС САУДАСЫНЫҢ ДАМУЫ

(XVIII ғасырдағы орыс саяхатшыларының еңбектері бойынша)

Әйгерім КӨКЕТОВА,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық  
университетінің 2-курс докторанты

XVIII ғасырда Қазақстан территориясы арқылы Орта Азия хандықтарымен сауда жолдары өтіп жатты. Ол өз кезегінде қазақ-орыс сауда байланысының орнығуына жағдай жасады. Тәуке хан билігі кезеңінде Ресей империясына елшілік жіберілген еді. Ондағы мақсат саяси және сауда байланысын орнату болатын. Қазақ билеушілері Орта Азия хандықтарымен сауда жасауда қазақ даласы арқылы өткен саудагерлерден салық алып отырды. Одан түскен пайда оларға орыс саудагерлерімен сауда жасауға мүмкіншілік берді.

XVIII ғасырдың басында бірқатар қазақ билеушілері Уфа мен Тобыл қалаларында ірі сауда орталықтарын орнатты. Тәукенің, Қайып пен Әбілқайырдың елшіліктері Ресейдегі дипломатиялық қызметті белсенді саудамен ұштастырып, екі ел арасында өзара сауда қатынастарын орнатумен және дамытумен айналысты.

XVIII ғасырдың ортасында қазақ-орыс шаруашылық байланыстары, керуен саудасының дамуы біраз нәтижелерге жетті. Әрине, қазақ-орыс саудасының арасындағы байланыс тең жағдайда болған жоқ.

XVIII ғасыр және XIX ғасырдың бірінші жартысында бүкіл дала өңірінің сонымен қатар, Ертіс жүйесі тау-кен зауыттарының оң жағасын қамтыды. Бұл дәуірде қазақтармен екі арадағы айырбас саудасына негізінен Сібір казактары қатысты.

XVIII ғасырдың 70-жылдарында қазақ даласындағы Шығыс тауарларымен сауданың өзін де Ресей өз қолына алады. «*Үндістан мен Бұхарадан келген тауарлардың үштен бірі Мәскеу мен Қазанда қалады, қалған үштен екісі қазақтармен малға айырбасталады*» деп хабарлайды құжаттар [1, 79-б.].

Бұл кезеңдегі қазақ даласының тарихи-географиялық жағдайларына байланысты екі сауда орталығы ошақтары: бір жағынан солтүстік батыста Ор, Орынбор, екінші жағынан Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл, Жәміш, Железинск және басқалары құрылып, қазақ өлкесіне шекаралас елдермен сауда осы бекіністер арқылы жүргізілді. Сондықтан аталған орталықтар арқылы көрші мемлекеттермен сауда дамуының кезеңдерін, мөлшерін, мән-жайларын аймақтағы халықаралық қатынастардың ықпалымен өзгерістерге ұшыраған сауда мәмілелерінің жағдайлары мен ауқымын анықтау, салыстыру тұрғысынан қарастыру өбден дұрыс тәрізді.

Әскери бекініс ретінде орныққан Ор, Орынбор, Петропавл, Семей, Өскемен қалалары Ресейдің Қазақстан және өзге Орта Азия хандықтарымен сауда байланыстарын кеңейтуде барған сайын маңызды рөл атқара бастады.

Қазақ өлкесіндегі сауданың дамуы туралы жа-

зылған құнды зерттеулердің негізі ретінде XVIII ғасырда Ресей империясынан елімізге аттандырылған Академиялық экспедициялары мәліметтері мен саяси қызмет атқарған орыс шенеуніктерінің жазбаларын көруімізге болады. Атап айтар болсақ, I және II академиялық экспедиция материалдары, Орынбор өлкесіне қызмет атқарған саяси шенеуніктер еңбектері.

Ресей империясының тілмашы, елшісі және дипломаты А.И.Тевкелевтің Қазақстан тарихы мен этнографиясына қатысты қызметтік жазбалары мен журналдарында қазақ жерінде әскери бекіністер салынып, онда сауда-саттық жүргізілгендігі туралы мынадай ақпарат қалдырылған: «*Ресей тарапынан Жайық бойымен бекіністер салына басталды, Орынбор қаласы салынғаннан кейін 1773 жылы хиуалықтар, бұхарлықтар, түркмендер мен ташкенттіктер келе бастады. Орынборға үнді тауарлары, қағаз тауарлары, күміс, алтын және т.б. тауарлар әкеліне бастады*» [2, 484-б.].

XVIII ғасырда қазақ даласына келген Ресей академиялық экспедициялары қазақ халқының тарихы, этнографиясын ғана емес, сонымен қатар өлкені сауда жүргізудегі транзиттік аймақ ретінде де зерттеуге бағытталды. Қазақ хандығының Ресей, Бұхар, Хиуа мемлекеттерімен көршілес орналасуы сауда байланысын орнатуға мүмкіншілік берді. Бұл туралы ең алдымен Рычковтың «Орынбор өлкесінің топографиясы еңбегін басты назарға аламыз. Еңбектің «I Пётрдың Қазақстан арқылы өтетін сауда жолдары үшін күресі» атты бөлімінде: «*қазақ даласы Ресей үшін кілт пен қақпа ретінде қарастырылады*» деп аталынып өткен еді [3, 230-б.].

Сонымен қатар аталмыш зерттеуде қазақ жері арқылы өткен ең алғашқы орыс сауда керуені туралы ақпарат беріледі. Қазақ даласы арқылы өткен ең бірінші сауда керуені туралы Рычковтың «Орынбор тарихы» атты еңбегінде де кездеседі. Онда мынадай ақпарат көрсетілген: «*1738 жылы хан келісімі бойынша Ташкентке сауда керуені аттандырылады. Ол сауда керуені 20 000 сомға дейінгі бағадағы тауарларды тасиды. Бір керуенде барлық көпестердің басшы командирі ретінде поручик Карл Миллер, сонымен қатар географиялық орналасу ерекшелігін суреттеу үшін геодезист подпоручик Кошелев аттандырылды. Бұл керуен Кіші және Орта жүзді басып өтіп, Үлкен қырғыз-қайсақ даласында Түркістан қаласы, Ташкент аймағына дейін 2 күн жүріп өтті. Бұл керуенге Ұлы жүз старшинасы Қоңкелді кенеттен шабуылдап Миллерден өзге адамдарды қолға түсірді*», – делінген [4, 39-б.].

II Академиялық экспедицияға қатысқан белгілі ғалым, этнограф Иоганн Георги қазақ даласында сау-

да байланысының дамуы туралы мынадай ақпарат беріп өтеді: «Қырғыздарға қажетті барлық тауарлар олар Ресеймен, Бұхариямен, Хиуамен және өзге көрші облыстармен сауда байланысы арқылы сатып алынады. Сауданың дамуы айырбас арқылы жүзеге асады, соның ішінде қойлар саудада басты тауар ретінде пайдаланылады. Ресеймен сауда байланысы аса құрметтелуі болуы мүмкін, себебі ол арқылы басқа қажетті тауарларды иеленіп, Ресей көпестері татар халқынан барлық қажетті тауарларды сатып алады. Саудагерлерге далалық аймақта жүру қауіпті болғандықтан, онда қырғыздар Ресей сауда орындарына өздері келуге міндеттенді. Орынбордағы ең үлкен сауда орындары Оралдың қырғыздар тұратын аймағында орналасқан» [5, 136-137- б.].

**Орынбор қаласы XVIII ғасырдағы сауда-саттықтың дамуында маңызды орын алды.** Бұл жөнінде біз П.С.Палластың «Путешествия по разным провинциям» атты еңбегінде қарастырылған. Ол еңбекте мынадай ақпарат беріледі: «Азия халықтарының сатып алынатын басты тауарларына: жүннен тоқылған маталар, қызыл және күрең түсті бархат, кенеп мата, сібір зауыттарынан әкелінетін ыдыстар, сонымен қатар темір инелер, шынылар, ат әбзеліне қажетті тауарлар. Азия саудагерлері Ресей мемлекетімен мынадай тауарларды айырбастайды: алтын, күміс, лазерлі тас. Жұқа үнді маталары, қымбат бағалы аң терілері» [6, 571-б.].

**XVIII ғасырда қазақ жерінде сауда саттықты дамыту мақсатында арнайы жәрмеңкелердің жұмыс жасағандығы белгілі.** Сол жәрмеңкелік сауданың орын алғандығы жөнінде, соның ішінде Троицктегі сауда дамуы туралы П.С.Палластың еңбегінен аңғаруымызға болады. Онда мынадай ақпарат беріледі: «менің білуімше бұл жерде Ташкенттен келген бұхарлықтар мен хиуалықтар аз. Керуендерде мынадай тауарлар әкелінген: «қағаздар, жібек маталары, көйлектер» және т.б. деген ақпарат көрсетіледі [6, 573- б.].

Сонымен қатар зерттеуші сауданың негізгі орталықтары болған қалалар: Орынбор, Троицк, Семей қалаларында жүзеге асты деген тұжырым келтіреді. Алғашқы қазақ жеріне келген сауда керуені, қазақ халқының саудаға шығарылған тауарларды көрсетеді. **Семей қаласы – сауда орталығы ретінде ерекше орын алғандығы туралы Ресей саяхатшылары айтып өткен еді.** Семей бекінісі туралы Палластың «Путешествия по разным провинциям» атты еңбегінде мынадай ақпарат берілген: Ертіс бойында Семей бекінісі орналасқан. Сауда саттық жасайтын орын ретінде Семей қаласынан 15 верст арақашықтықта жатқан аймақта жүзеге асады. Бұл бекіністің негізгі тұрғындарын саудагерлер құрап отыр [6, 498-499-б.].

XVIII ғасырдағы Ресей академиялық экспедициялар мәліметтері қазақ даласындағы сауданың дамуы Ресей, Бұхар, Хиуа және өзге көрші мемлекеттер арқылы жүргізгендігі туралы ақпарат беріп өткен.

Орынбор өлкесінің губернаторы И.И.Неплюевтың қызметтік хатында: «сауда – кәсіпшілік ісін шын мәнінде ақылмен және шеберлікпен жүргізгені сондай, Орта Азия көпестері, әсіресе, хиуалықтар өздері қазақ даласы арқылы жүріп өткен кезіндегі қиындықтар мен қауіп-қатерге қарамастан, Орынборға тауарлардың түр-түрін әкеле бастады», – делінген [7, 675-б.].

Ресейдің қазақ даласы арқылы жүргізілген сауданың империя үшін маңызы туралы А.Семеновтың,

Ф.Лобысевичтің, Н.Н.Балкашиннің еңбектерінде берілген. Олардың еңбектерінде саудадан келетін пайда туралы:

-Орыс сауда айналымының ұлғаюы;

-Жаулап алған территория ресурстарын пайдалану;

-Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік аймақ ретінде пайдалану;

-Мануфактуралық өнімдерді шығару нарығы;

-Коммуникациялық байланыстардың дамуы [8, 105-111-б.].

Сонымен, қазақ даласындағы сауда-саттық дамыту арқылы қазақ өлкесін айырбас саудасында мал шаруашлығы өнімдерін шикізат көзіне айналдыру, табиғи байлықтарын пайдалану туралы мәселе Ресейдің революциялық кезеңге дейінгі тарихнамасында орын алып отырғанын көруімізге болады. Алайда бұл еңбектерде фактілерді келтіруде қателіктер орын алған. Бірақ осы зерттеулер кеңестік кезеңдегі қазақ-орыс сауда байланыстарының дамуына негіз болғандығын естен шығармағанымыз жөн.

Осы еңбектер негізінде қазақ өлкесінің транзиттік аймақ ретінде орын алуы, қазақ-орыс сауда саттығындағы қалалардың дамуы, жәрмеңкелік сауданың даму үрдісі, айырбас саудасы туралы толыққанды ақпарат алып отырмыз.

## РЕЗЮМЕ

Статья посвящена на тему развития торговли в казахской степи по материалам русских путешественников и исследователей XVIII-XIX веков. На основе этих трудов автором было подробно описано развитие казахского края как транзитной зоны, основные города-торговые центры, товарообмен между Казахским ханством и Россией.

\*\*\*

The article is devoted to the theme of trade development in the Kazakh steppe based on the materials of Russian travelers and researchers of the XVIII-XIX centuries. Based on these works, the author described in detail the development of the Kazakh region as a transit zone, the main shopping centers, trade between the Kazakh Khanate and Russia.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по истории КазССР (1785-1828 гг.) т. IV. М.-Л., 1940.
2. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана(1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой.- Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 484 с.
3. Рычков П.И. Топография Оренбургской области. - Оренбург, 1896- 405 с. 248 б.
4. Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750) – Оренбург, - 1896- 93 с. - 39 б.
5. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей.-СПб, 1799. – 178 с.
6. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства по велению Санкт-Петербургской императорской Академии наук -СПб., 1786 -Часть П. -Кн.2 – 571 с.
7. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года: В 5 т. Казань. 1897. - 675-б.
8. Жаппасов Ж.Е. Торговые связи Казахстана и России в XV-XVIII веках. //ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (73) 2014.-104-111.



## АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Жұмахан АРЫНОВ,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасы

Отан тарихының іргелі де ақтаңдақ мәселелерін зерттеу нысанына айналдыру ісі – кезек күттірмейтін мәселе. Бүгінде большевиктік тәртіп пен коммунистік идеология салдарынан теріс пікір қалыптастырылған ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар желісі туралы да нақты әрі шынайы тұжырым мен қорытындылар қалыптасты. Дегенменде мұндай ғылым мен ұрпақ алдындағы жауапты зерттеу жұмыстары күні бүгінге дейін жалғасып, насихатталып келеді.

Осындай өзектілігін жоғалтпаған, бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесінде Отан сүйгіштік пен ұлтжандылық сіңіруде маңызы жоғары мәселелердің бірі де бірегейі – Алаш қозғалысы, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің тарихы және Алаш қайраткерлерінің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі.

Алаш қайраткерлері сол заманның алдыңғы қатарлы оқымыстылары сияқты білім алып, аймақтық таңдаулы жоғары оқу орындарында білімдерін шыңдады, зиялы тұлға болып қалыптасты. Қазақ халқы ғана емес, патшалық Ресей империясына тәуелді болған елдер үшін де түсініксіз, шиеленісті XX ғасыр басындағы саяси оқиғалар барысында, елді дүрліктірген қос төңкеріс жылдарында өз ұлтына тиімді болмақ бағытты дәл анықтап, ұлтты соңынан ерте білген де Алаш қайраткерлері болды.

Алаш арыстарының қызметі тек саясат қана емес, патшалық Ресей құрамындағы қазақ халқының ауыр өмірі, әлеуметтік қиындықтарын шешу ісінде де ұйысып, басымдылыққа ие болған жұмыс бағыттары болды. Әсіресе, 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясы тұсында ұлт тұлғалары саяси белсенділік танытты. 14500 адам қол қойған атақты «Қарқаралы петициясы» жазылды, кадет партиясының Оралда бөлімшесін құру әрекеті байқалды. Алаш зиялылары Ресей парламентаризмінің мүмкіндігін пайдалануға ұмтылды, бірінші және екінші Мемлекеттік Думаға (Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, А.Бірімжанов, Б.Құлманов) мүше болды. Үкіметке оппозициялық көңіл-күйдегі партияларды қолдап, ушығып тұрған аграрлық мәселені көтеруге күш салды.

Мұнымен қоса, ұлт зиялылары халықты рухани оятуға кірісті. 1909 жылы М.Дулатовтың «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Зиялылар мерзімді баспасөз органы «Қазақ» газетін ұйымдастырып, оның бетінде қазақ қоғамының өзекті мәселелерін қозғап, халықты мәдени ағартушылық бағытта тәрбиелеу ісіне баса көңіл бөлді.

Сондықтанда Алаш интеллигенциясы бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында барынша көтерілген қазақтан солдат алу мәселесіне де атсалысты. «Қазақ» газетінің бірнеше санын осы мәселеге арнап, Петербургқа әскери министрлікке дейін барып қайтты. Кейін 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісу

облысындағы қазақ-қырғызға жасалған қанды қырғын, халықтың босқындыққа ұшырап, бұрынғы жұпыны күйлерінен де айрылуы және т.б.) күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты. Елді сабырға шақырды. «Қазақ» газеті бетінде «Алаш азаматтарына!» атты үндеу жариялады. Стихиялық түрде басталған халық наразылығының зардабын жою ісіне араласты.

1917 жылы ақпанда құрылған Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті құрамына Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, М.Шоқай, т.б. зиялылар мүше болып, өлкедегі дағдарысты жағдайды сейілтуге ұмтылды. «Қазақ» газеті арқылы босқын қырғыз-қазақты Қытайдан атамекендеріне оралтуға және оларға үкіметтен көмек сұрау мәселесін қоюға жанқиярлық еңбек жасайды.

Дегенменде атап айтқанда қазақ халқының өмірін жақсартуды талап еткен, салықтың мөлшері мен түрлеріне қатысты, патшаның жүргізіп отырған аграрлық саясатын әшкерелейтін петиция жазып, мәселені ашық көрсетті.

«Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға» айналды деп тұжырымдаған олар әрдайым қазақ мүддесіне сай келетін бағытты таңдап, ұлтына дұрыс жолды нұсқай алған. Оған дәлел күштің тең емес екендігін алға тартып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тұтануына жол бермеуге шақырды. Ал көтеріліс күшпен жанышталған соң да көтерілістің салдарымен белсенді күресті.

Алайда тарихи объективті себептерден империялық билікті қабылдауға мәжбүр болған көшпенділік болмыстың еңсесі түсіп, халықтың тарихи жады «Зарзаман» квинтэссенциясымен түйіндеген алмағайып дәуір ұлт зиялыларының Алаш рухын көтерген буынын тарих мінберіне шығарды. Метрополияның түрлі оқу орындарында, тіптен алдыңғы қатарлы университеттік білім алған қазақ интеллигенциясы Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, М.Шоқай, т.б. түземдік шенеуніктік аппараттың құрамын толтырып, басқыншылық биліктің жергілікті орындаушыларына айналуды есте көздеген жоқ. Олар Ресей империялық үкіметінің Қазақ Елін саяси-құқықтық және экономикалық отарлауын рухани-мәдени экспансиямен тұншықтырған кезеңде ұлтқа адалдықты парыз бен мұрат санады.

Бұл мәселе туралы Ахмет Байтұрсыновтың орыс тілінде «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы жарық көрген әйгілі «Революция и киргизы» атты мақаласында былай деп жазған еді: *«Насколько понятна была киргизам февральская революция, настолько непонятной показалась им октябрьская (социальная революция). С какой радостью встретили они первую революцию, с такими же ужасом пришлось им встретить вторую. Такое отношение киргизов к той и другой революции весьма естественно и понятно тем, кто знаком*

с киргизским народом». Автор мәселенің себебі туралы ол былай деп жазды: «первая революция понятна и с радостью встречена киргизами потому что, во-первых, она освободила их от зната и насильной царского правительства и во-вторых, подкрепила у них надежду осуществить, свою заветную мечту – управляться самостоятельно. Та, что вторая революция показалась киргизам непонятной. Объясняется просто: у киргиз нет ни капитализма на классовой дифференциацией; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметы нетребления считаются у них общественным достоянием» [1].

1917 жылғы революцияларға қатысты Георгий Сафаров 1921 жылы жазған «Колониальная революция (Опыт Туркестана) атты кітапшасында былай деген еді: «...до революции 1917 г. никакой революционной идеологии, связанной с условиями Туркестана, даже никакой объединяющей связи в слабых намеках на революционное движение в среде русского населения, никакой революционной организации масс, никакой революционной традиции – нет. Между толщей угнетенных наций русским пришлых населением – непроходимая стена взаимного непонимания на почве национального неравенства. В революцию 1917 г. Туркестан вступил вполне «первобытно» ... [2]. Сонымен қатар тарихи шындыққа өз пікірлерін білдірген И.Борисов, Г.Бройдо тәрізді кісілер де айтқан еді [3]. Түркістанның 1917 жылдың революциялық дүмпүлеріне дайын болмағандығы туралы өзінің «Кокандская автономия» деген атпен 1920 жылы жазылған еңбегінде Нәзір Төрөқұлда мойындаған еді. «Волна Октябрьского переворота, – деп жазды ол, – докатившаяся до Туркестана задела как буржуазию, так и трудящихся массы неограниченные и политически не воспитанными. Вполне естественно, что носительницей идеи национального «целого» и лозунгов «автономии», под которыми буржуазия могла укрыться со своими классовыми идеалами и задачами, явилось та мусульманская интеллигенция, которая есть плот от плоти туземной буржуазии. И с этого периода начинают зарождаться организации, положившие начало и толчок тому движению, которое потом получило название «автономного движения...» [4].

Сондықтанда болар 1917 жылдың аяғына таман Ресей мемлекетіндегі биліктің құлауы Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді [5]. Бірақ басталып кеткен азамат соғысы бұл шешімнің орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ. Алашорда Ақпан төңкерісі әкелген жалпы демократиялық жеңістерді қайтарып алуды көздеді. Сөйтіп, демократиялық федерация мен Құрылтай Жиналысын қолдаушылармен бірге, ел ішіне бүлік салған большевиктерге қарсы күреске шықты.

Олардың кеңестік билікпен жүргізген келіссөзі сәтті болмай шықты. Қалыптасқан әскери-саяси жағдайды ескеріп, қазақ қоғамының даму деңгейін нақтылы болжаған Алашорда үкіметі, антибольшевиктік күштердің қолдауы арқылы халықтың амандығын, бүтіндігін сақтауға тырысты.

1918-1920 жылдарды қамтитын шиеленіске толы сәтте қазақ автономшылары ықтиярсыз соғыс алаңына айналған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қамтамасыз етуге күш салды. «Николайдың заманы мен тәртібін» қайтаруды көксеген Колчак билігі кезінде, Алаш азаматтары аш-жалаңаш, әбден күйзелген туған халқының мүддесін қорғап, мұңын жоқтап, көмек сұрауға тырысты [6]. Колчак кезіндегі

автономия тағдырын А.Байтұрсынов «Төңкеріс және қырғыздар» деген белгілі мақаласында былай деп көрсетеді: «Кешегі патша малайы Колчак қырғыздардың (қазақтардың – ред.) алдында әскери диктатордың бүкіл болмысымен, сондай-ақ қырғыздардың есінен әлі кетпеген патшалықтың барлық кесапатымен тұра қалған еді» [7]. Бірақ күн тәртібіне алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған мезгіл – Алашорданың мақсатына жеткізбеді. Ұлттық қозғалыстар атаулыға жауыға қарайтын Ресей үкіметі автономия күшін тек өз мақсаттарына пайдалануды көздеді. Азамат соғысы тұсында да сақталып қалған ресейлік шовинизм, «бұратана» халықтарға деген сенімсіздік, күдік Алашорда үкіметінің қыр соңынан қалмады, және ақыры оған кеңестік билікке берілуден басқа жол қалдырмады. Алашорда жағдайын ресейлік ғалым, алаштанушы Д.А.Аманжолова тура сипаттады: «Ақтар қозғалысының Ресейдің бұрынғы езілген халықтарының тәуелсіздігін қабылдай алмаған орысшылдық дәстүрі Алашордамен қарым-қатынасында да толық сақталып қалды. Бұратаналарға деген сенімсіздік өлкеде орын алған үкіметтердің бәріне тән саясат еді» [8].

Сондықтанда Алаш зиялылары қатысқан Түркістан автономиясы да большевиктік саясаттың құрбаны болды. М.Шоқай жастығына қарамастан сол тарихи кезеңде түркі халықтарының мүддесін бір арнаға түсіріп, Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесін құрып, жергілікті халықтардың автономиялық билікке қол жеткізуі жолында зор күш жұмсайды. «... Ол уақытта Ресейден бөліну туралы мәселені қоюға да және оны қабылдануға да Түркістан дайын болмайтын» [9], – деп Мұстафаның өзі жазғанындай, бұл кезең азаттық жолындағы күрестің бір басқыншы болып тарихта қалды. Ұлтқа адал қызмет ету жолындағы жанқиярлық өнегені Алаш тұлғалары әрдайым көрсете білді. Кеңестік биліктің қайшылықты қуғы сүргінге толы жылдарында жазықсыз жазаланғанға дейін [10], зиялылар қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін, мәдениетін қорғауға күш салды, ағарту саласында еңбектенді. Қорыта келгенде өмірдің нақтылы шындығын, туған халқының ауыр тұрмысын қоғамдық-саяси бағыттағы теориялық білімдері арқылы зерттеп, шешуге ұмтылған Алаш зиялылары саяси күрестің сол кезеңдегі барлық сынақтары мен тәжірибелерінен өте алды. Империяның орталық қалаларында құрылған саяси партиялар мен ұйымдардың (кадет, эсерлер партиялары, мұсылмандық, ұлттық, түркілік қозғалыстар) құрамында болып, түрлі мінберлерді пайдаланды, саяси-көсемсөздік публицистикамен айналыса алды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Революция и киргизы. – В кн. «Жизнь национальности», 1919, 3 августа.
2. Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. – М., 1921. – С. 89.
3. Борисов Н. Октябрь в туркестане // Завоевание Октябрьской революции. – ташкент, 1922. – С. 22-23;
4. Төрөқұлов Н. Шығармалары. – А: Қазақстан, 1997. – 25 б.
5. Нұрпейісов К. Алашһәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
6. РФ МА (Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік архиві). 1701-қ., 1-т., 35-іс.
7. Байтұрсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальности. – 1919. – 3 августа.
8. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М., 1994. – 213 с.
9. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
10. Жұртбай Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997.

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАР

(Қаратаевтар әулетінің ұрпақтары мысалында)

Динара ХАМИДУЛЛИНА,  
PhD доктор,  
Рысгүл ҚАТАРОВА,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университетінің магистранты

Ата-бабаларымыз рухы биік, намысы мен жігері берік халқымыздың қандай қиыншылық пен қасіреттерге кездесе де, түбінде қайта түлеп, іргелі ел болатынына, бірлігін сақтап қалатынына сенген. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек», – [1] деп басты айтқан болатын. Бүгінде біздер бабаларымыз армандаған, соның жолында жанын қиған тәуелсіздіктің жиырма сегізінші жылына аяқ басып отырмыз. Өшкенімізді жағып, жоғалтқанымызда тауып, ұмытқанымызды жаңғыртып, тарихымызды түгендеп жатқан жаңару кезеңдерінде кешегі күні тіпті есімдерін еске алуға, аттарын атауға болмайтын қоғам қайраткерлері ортамызға оралып жатыр.

Осындай ұлттық тұлғалар тарихын тануда қазақ қоғамына қайта оралуда бетбұрыс жасаған тарихшы-ғалымдар М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, М.Асылбеков, З.Алдамжар, К.Есмағамбетов, Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, т.б. айтарлықтай тер төгіп, оны зерттеудің қажеттілігін анықтап қана қоймай, әдіснамалық жолдарын ұсынып, жаңа ізденістерге жол салды.

Ал бүгінгі мақаладағы Қаратаевтар әулетінің тарихы қақында тарихшы-ғалымдар Ө.Озғанбай, Б.Құрманбеков, Х.Есенжанов, Т.Рысбеков, А.Ахмет, Ө.Мұқтар, тағы басқалары зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз еңбектеріне арқау еткен.

Қазақ қоғамында айрықша құрметке бөленіп, ерекше мәртебе ие болған хандар, сұлтандар, билер, батырлар әулеті жетерлік. Тегі асылдың ұрпағы да кемел болатыны анық. Бұл жөнінде тарихшы Ж.Жақсығалиев «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Г.Айтжанбайқызына берген сұқбатында «*Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер*» деген аталы сөздер бақ-жұлдызы жарқырай жанған осындай текті әулеттерге қатысты айтылса керек. Бұл қазақ тарихындағы жеті атасынан құт үзілмеген Уәлихановтар, Шормановтар, Бабажановтар, Кенесариндер, Бөкейхановтар, Қаратаевтар, Сейдалиндер тәрізді тарихи әулеттер мысал бола алады. Бұлар бірін-бірі қайталамайтын, әрқайсысы айрықша бөлек даралыққа ие ұлт генофондының арналы салалары» [2] деп түйіндейді.

XVII – XIX ғасырлардағы аты белгілі тарихи тұлғалар қатарында халқына қалтқысыз қызмет еткен, патшалық Ресейдің отарлау саясатына ашық қарсы шығып, қолына қару алып күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға тырысқан соңғы хандардың бірі – Қаратай хан Нұралыханұлы. Белгілі тарихшы Аққали Ахмет Қабижанұлы: «*XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың алғашқы*

*ширегінде Қазақстанның батыс өңіріндегі беделді қайраткерлер арасында Қаратай Нұралыұлының өзіндік орны бар. Оның сол замандағы бүкіл қазақ жері ғана емес, сонымен бірге көршілес елдерге белгілі Сырым Датұлы, Арынғазы Әбілқазыұлы, Шерғазы Қайыпұлы мен өзге де қайраткерлермен замандас болуы, бірде олармен қоян-қолтық араласып, бірде келіспестіктер болғаны жасырын емес. Жалпы тарихи тұлға бейнесін жасау оңай шаруа болмаса керек» [3] деп айтып өтті. Сондай-ақ, архив құжаттары мен осыған дейін зерттеген ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып Қаратаевтар әулетінің шежіресін төмендегіше «*Шыңғыс хан – Жошы хан – Тоқай Темір – Өз Темір – Өз Темір Хожа Бадақұл ұлтан – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан – Әбусағит (лақап аты Жәнібек хан) – Өсік сұлтан – Бөлекей-Қоян сұлтан – Айшуақ сұлтан – Еріш сұлтан – Қажы сұлтан – Әбілқайыр хан – Нұралы – Қаратай*» [3] көрсетеді. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында «*Қаратай сұлтан әулетінен тараған белгілі саяси, мәдениет қайраткерлер көп. Бақытжан Қаратаев, Әлікей Бейсалиев, Мұхит Мералиев, Қамбар Медетов, Шахзада, Мұхит, Шынтас, Шайхы Қаратаевтар, Лұқпан, Ғұбайдолла Мұхитовтар – Қаратайдың тікелей ұрпақтары*» [4] деп жазылған.*

Қашанда ел бірлігі мен татулығын ойлаған текті әулеттің ұрпақтары қай ғасырда өмір сүрсе де қанға сіңген тәрбиемен туған халқына деген адал қызметтерін көрсете білді. Өткен тарихқа көз салар болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті. Саяси, экономикалық экспансиямен қоса, құлдыққа салушылардың мәдениеті күштеп танылды. Патша өкіметінің кертартпа саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын аңғарылады. Отаршыл билік қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын елемей, оның рухани дамуын тежеді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезеңде орын алған соңғы құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқты. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. **Қоғамда орын алған оқиғаларға саналы түрде атсалысқан Қазақстан, тіпті Ресей тарихында із қалдырған саясаткерлер қатарынан, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Қаратаев әулетінің ұрпағының бірі – Бақытжан Қаратаевтың алатын орыны ерекше.**

XX ғасырдың басында халықтың құқын қорғауда көп еңбек сіңірген заңгер Бақытжан Қаратаев большевиктердің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған нәубетіне, аштан қырылуына қарсы батыл үн көтеріп, Ақтөбеде халық алдында Бүкілодақтық комитетінің (боль-

шевиктер) партиясы Қазақ өлкелік комитетінің 1-хатшысы Ф. Голощекинге қарсы шығып, халықты қырған аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басқан. Осы деректі зерттеуші ғалым, марқұм Мұстафа Ысмағұлов ақтөбелік көнекөз қарттардан естіген. Осылайша 1932 жылы халықтың Голощекинге қарғысы Бақытжан Қаратаевтың аузынан айтылды. Бұл – орыс билігінің алмасуымен жағдайдың аласапыранды өткеліне тап келіп, ойлаған мақсаттың орындалуы қиынға айналған тұстағы қазақ элитасының жанайқайы еді. Бақытжан Қаратаев 1927 жылы-ақ қызыл билетті тапсырып, коммунистер қатарынан шығып кеткен. Өзі қолмен құрысқан билік саясатының қазаққа пайда әкелмейтінін түсінсе керек. Қызылдар қатарынан шығуы Бақытжан төренің дін жолына, сопылыққа бет бұруымен деген дерек те бар [5].

Голощекинге қарата айтылған оқ сөз далаға кетпеді. Кейіннен **Бақытжан Қаратаевтың ұлдары да «солақай саясаттың» құрбаны болды.** Бұл жөнінде тарихшы-ғалымдар Өмірзақ Озғанбай мен Беркін Құрманбеков «Қайраткер Қаратаев» еңбегінде қазақ халқынан шыққан заңгер Бақытжан Қаратаевтың өмір жолын, қызметін, қоғамдық көзқарасының қалыптасуы жөнінде деректер келтіре келіп, «*Қайраткердің үлкен ұлы Ғаббас Қаратаев Алға қаласында салына бастаған химия комбинаты құрылысында карьер бастығы қызметінде жүргенінде ұсталып, түрмеде небәрі 10 күн қамалып, «үштік» үкімімен атылды. Екі баласы Шәміл мен Мұрат Орал нақты білімдер (реалды) гимназиясын, одан Орынбор әскери училищесін бітірген. Революция жылдары бұл екі ұлы – Шәміл мен Мұрат өзара қарсы екі саяси топта қызмет етті. Кіші ұлы Мұрат Қаратаев Алаш қозғалысына қатысқан. Батыс Алашорда милициясы құрамында шайқасып, азамат соғысы жылдары қаза тапты. Ортаншы ұлы Шәміл Қаратаев кеңестік қазақ қосыны құрамында Батыс Қазақстанды ақтардан азат етісіп, көп жылдар Қазақ ұлттық атты әскер полкінің комиссары болды. 1929 жылы осы ұлттық әскери қосынның Қазақстанның ескі астанасынан (Қызылорда) жаңа астанасына (Алматы) дейін жасаған жорығын басқарды. Оңтүстік Қазақстан облысында әскери комиссар лауазымымен еңбек етті. Саяси қуғын-сүргін құрбаны болды» [6]* деген мәліметтер бар.

Бақытжан Қаратаевтың артында қалған мол мұрасы – бай кітапханасы, ақсүйек әулеттің тұтынған дүниелері, ел ішінен жиналған жыр, шежіре, аңыздар, құнды қолөнер жәдігерлерінің бүгінде ізі қалмады. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Бақытжан Қаратаевтың өз қолымен тұтынған күміс қасық, атақты Гарднер фирмасының Мәскеуде шығарылған таза фарфор бокалы сақтаулы. Қордағы дүниелердің жиналуына Бақытжан Қаратаевтың қызы София апайдың көп еңбегі сіңген. Әкесінің тұтынған заттарын үнсіз ғана 1960 жылдардан бастап біртіндеп музейге тапсыра берді. «*Сол кездегі ақсүйектер, оқығандар бір-біріне фарфор бұйымдар сыйлайды. Оны көп пайдаланбай, сыйлаған адамның, аса мәртебелі қонақтардың естелігі, салтанатты сәттердің куәсі ретінде сақтаған. Пайдалана қалса, өз үйінде өзін қонақ ретінде сезінген*», – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Рысты Досова. Бақытжан Қаратаевтың үш ұлын оққа байлаған қызыл өкімет қызы Софияны тірі қалдырған, ол 1993 жылы 90 жасында Ақтөбеде көз жұмды. Өле-өлгенше Өбілқайыр хан тұқымы, Бақытжан Қаратаевтың қызы екенін тісінен шығармаған. Қандай ауыртпалықтарды бастан өткерсе де, Бақытжан Қаратаевтың шаңырағы жабылмады. 44 жасында атылған үлкен баласы Ғаббастың ұлы – Жәрдемнің зайыбы 73 жастағы Бибі-

жар апай осы шаңырақтың қалған мұрасына ие болып отыр. Бибіажар апай: «*Енеммен қаншама жыл бірге тұрғанмен, өткенді сөз қылғанын естімедім. Сөзге берік жан еді. София апайымыз да солай. Ал София апайымыз әкесі тұтынған заттарды бізге ұстатпады. Тіпті бір үзім нан табылмаған аштық тұсында да әке дүниесін нанға айырбастауды ойына да алмапты. Үйде сыбырлап болса да сыр айтылмайтын. Қудалау мен түрткілеу, аңдудан бұл әулеттің қорлық көргені соншалық, үрей мен күдік ешқашан тастап кетпеді. Сақ жүру, сұқ көзден сақтанып жүру – осы шаңырақтың аман қалуының бірден-бір амалына айналды» [7].* Әкесі дүниеден өткенде 30 жастан асқан София өз әулетінің басындағы оқиғалардан хабардар. Бірақ ері Нәдірша Сұлтангереев төре екеуі алыс Ырғызда, дөрігерлер жетіспеген мекенде қазақтың денсаулығы үшін жанын салды. Ері – дөрігер, өзі медбике. Саяси қуғын-сүргін күшейген тұста алыстап жүрді. «*Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден*», – дейді көшбасшымыз Әлихан Бөкейханов. Қоғамның күйіп тұрған мәселесінде ұлттың ойын өзекті сәтінде айтса, күресе білсе, жалтақтық танытпаса, сол – нағыз қайраткер. Яғни, зиялылық пен бекзаттық мінез тұлғаның сын сағаттағы әрекетімен бағаланады.

**Бақытжан Қаратаевтың інісі Арон Қаратаев Патшалық Ресей тұсында білім алып, жоғары қызмет істеген зиялы азамат болды.** Орал қаласының полиция бастығы (обер-полимейстер) лауазымына дейін көтерілген. Ескі тәртіптің құлауына байланысты қызметтен кетіп, жеке меншік шаруашылығымен шұғылданған. Атақты бай және бұрынғы патшалықтың қызметкері ретінде 1928 жылы тәркіленіп, Алматы округінің Ащыбұлақ (қазіргі Алматы қаласы маңы) деген жерге жер аударылған. Батыс Қазақстан облыстық архивының №992 қорында «*Протокол №7. 26 сентябрь 1928. 1. Заседания Комиссии пр Уральском Орисполкоме по проведению декрета КЦИК и СНК о конфискации имущества у крупных баев из коренного казахского населения*

*Слушали: Телеграмму из Кызыл-Орды относительно включения в список подлежащих конфискации и выселению хозяйства, хозяйства Каратаева Аруна бывшего полицмейстера г. Уральского.*

*Постановили: Принять к руюководству. Хозяйство Каратаева Аруна включить как подлежащее выселению, в порядке примеч. II к декрету»* деп жазылса [8], осы қорда «*Учет соц. опасного элемента Меморандум. На Цар. служащине Каратаева Арона. По происхождению казак-киргиз. 56 лет из Султанского род да «ТЮРЕ», уроженец быв. №8 аула Карачагинской велести, проживает в № 24 аула Чалкарского района Уральского Округа. И женат, имеет среднее образование.*

*До революции, во время Царизма, чтобы имеет члены и отплия совместне с Джетписовым Габбасам и др. националитической интеллигенцией принимал активное участие в родовой вражде для того, чтобы ветать во главе своего рода, положил все свои усилия, чем самым мог захватить должность, сначала нисаря Крестьянского Н-ка после, должность Крестьянского Начальника. Во время Фееральской революции Каратаев был Полицимейстерам гор. Уральска. Состояя на Царской службе он во время набора джигитев, в 1916 году, во время восстания последних он – Каратаев расстреливая восставших. Во время Октябрьской революции с целью защитить себя от белых и красных, номогол как тем, так и другим. После свержения Царизма, когда каз. Интеллигенция*

организовала *Казахский Революционный комитет*, Каратаев принимал горячее участие в организации и был проведен в состав комитета, как активный казахский работник – интеллигент и патомок Султанца, но был отстранен темными казак-киргизами благодаря вражды с Султанскими родом, так как группа последних составляла меньшинство в численном отношении» деп [9], оның атақты бай және бұрынғы патшалықтың қызметкері болғаны үшін мүлкін тәркілеп, қоғамдық ортада көптеген қиыншылықтар мен шектеулерге тап болғанын байқаймыз.

**Бақытжан мен Арон Каратаевтардың інісі Мағзұм Каратаев Императорлық Санк-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, төңкеріске дейін Қазанда, Оралда құқық жүйесінде қызмет еткен. Кеңес дәуірінде ол да қуғын-сүргін құрбаны болады.** Қаратай әулетінен бірқатар өнерпаздар да шыққан. Қаратай сұлтанның Мерәлі деген ұлынан әйгілі әнші-сазгер, ақын Мұхит дүниеге келді. Оның ұрпақтарының да бірқатары өнерден өз орындарын алған. Лұқпан Мұхитов белгілі әнші, домбырашы, ұстаз болған. Ғұбайдолла Мұхитов (1896-1944) сазгер, әнші, Мұхит әндерін А.Затаевичке алғаш айтып, нотаға түсірткен тілші болған. Ол Батыс Алашорда қайраткері, Алаш әскерінің офицері ретінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Құбыш Мұхитов (1928 ж. дүниеге келген) күйші, ұстаз, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның профессоры. Шайхы Каратаев (1890-1922) әнші, сазгер, күйші болған, атасы Мұхиттың әндерін Ғарифолла Құрманғалиевке үйреткен. Қаратайдың Тілеу деген баласынан тараған ұрпақтан әнші-сазгер Шынтас Каратаев (1884-1948), домбырашы, күйші Қамбар Медетов (1901-1938) шыққан. Шынтас – Мұхиттың әндерін сазгердің өзінен үйреніп, ел ішіне таратқан, әйгілі «Он алты қыз» әнін шығарған өнерпаз [5].

**Ал Арон Каратаевтың қызы Шахзада Шонанова (Каратаева) да саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ең ауыр жаза – ату жазасына кесілген қазақ қыздарының бірі.** Оның өмірдері жөнінде осыған дейін «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналының 2018 жылғы №8 санында «Шахзада Шонанова (Каратаева) – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы» атты мақала жарияланды. **XX ғасырдың бас кезіндегі білімді санаулы қазақ қызының бірі – Шахзада Шонанова (Каратаева) 1938 жылы 9 наурызда жұбайы Телжан Шонановтың қазасынан он күннен кейін Алматы түрмесінде атылды.** Оған тағылған айып: «1926 жылдан буржуазияшыл-ұлтшыл, төңкерістік бағыттағы ұйымда болған, Кеңес өкіметінде төңкеріс жасап, Қазақстанды Кеңестер Одағынан аластатуды көздеген, Жапонияның басшылығында қазақтың буржуазиялық мемлекетін орнатпақшы террористік, диверсантты-зиянкестік ұйымның басшылары Сәдуақасов, Жүргеновпен байланыста болған. 1936 жылы ҚазМУ ғимаратын әдейі өртеген» деген кінә тағылған. Сондықтан ең жоғарғы жаза – ату жазасына кесілген [10]. Халық арасында өздерінің зерек ойымен, талантымен құрметке ие болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздары сталиндік жан алғыштардың қолынан қаза тапты. Кеңес Нұрпейісов «Тарихи тұлғалар атты еңбегінде «КСРО-да үстемдік құрған тоталитарлық мемлекет пен Коммунистік партияның билеуші тобы ұйымдастырған және XX ғасырдың 20 – 30, 40 – 50, 80 жылдарында жүзеге асырылған жаппай саяси қуғын-сүргін нәтижесінде 100 мыңнан астам еліміздің (республикамыздың) маңдай алды ұл-қыздары «халық жаулары» деген жалған жаламен атылды, айдалды,

сотталды. Олардың қатарында Алаш қозғалысының жетекшілері, белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, шаруашылық жетекшілері, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің саңлақтары болды» деп жазады [11]. Қаншама бабаларымыз бостандықтың жолында күреске шығып, «ұлтшыл, халық жауы» атанып, атылып кетті.

Қазіргі уақытта Қазақстан ұлттық тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, Қазақстан Республикасы бүкіл дүние жүзілік тарихи және саяси үрдісте орны айқындалып жатқан кезеңде XX ғасыр бас кезіндегі саяси үрдіс лидердерінің қазақ халқының бостандығы жолында күресін және олардың ғылыми саяси еңбектерінің маңызын зерттеу кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Өйткені XX ғасыр басындағы саяси үрдіс лидерлерінің саяси қызметі, әлеуметтік саяси көзқарастары, жетекшілік рөлі жүйелі әрі саралана зерттеліп, кейінгі ұрпаққа кеңінен насихатталуы қажет.

## РЕЗЮМЕ

В статье описывается о потомках династии Каратаевых, которые были подвергнуты политическим репрессиям. Здесь так же идет речь о деятельности национальной разведки для общества в начале двадцатого века. Данная статья предоставляет данные о потомках династии Каратаевых Бахытжана, Арона, Магзума, Габбаса, Шамиля, Мурата и Шахзада. Они являются историческими личностями, которые в свое время заботились о стране и боролись за нее. Династия Каратаевых, которая легла в основу национальной разведки, стала жертвой сталинской политики.

**Ключевые слова:** династия Каратаевых, политические репрессии, общественные деятели, история Казахстана, национальная разведка.

\* \* \*

The article describes the descendants of the Karataev dynasty, which were subjected to political repression. It also refers to the activities of national intelligence for society at the beginning of twentieth century. This article provides information about the descendants of the Karataev dynasty Bakhytжан, Aron, Magzum, Gabbas, Shamil, Murat and Shahzada. They are historical figures who at one time took care of the country and fought for it. The Karataev dynasty, which formed the basis of national intelligence, became a victim of Stalinist politics.

**Key words:** Karataev dynasty, political repression, public figures, history of Kazakhstan, national intelligence.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ұлы Даланың жеті қыры. // Егемен Қазақстан, 21 қараша 2018 жыл, №1.
2. Айтжанбайқызы Г. Қанда қандай құдірет бар? // Егемен Қазақстан. 1 тамыз 2019 жыл.
3. Ахмет А. Қаратай хан. – Алматы: Арыс, 2007, – 176 бет.
4. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Толықтырылған 2-ші басылымы. – Алматы: Арыс, 2010, – 580 бет.
5. Қойшыбаев Б. Бақытжан Каратаев. – Алматы: Ана тілі, 1993, – 84 б.
6. Озғанбай Ө., Құрманбеков Б. Қайраткер Каратаев. – Алматы: Арыс, 2013, - 256 б.
7. Сәрсембина Б. Каратаевтар қасіреті. // Жас Алаш, 17 маусым 2010, №48 (15506).
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, 992-қор, 1-тізбе, сақтау бірлігі-1, бума-1.
9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, 992-қор, 1-тізбе, сақтау бірлігі-5, бума-1.
10. Хамидуллина Д., Қатарова Ы. Шахзада Шонанова (Каратаева) – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы. // Қазақ тарихы, 2018 жыл, №8.
11. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 376 б.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУДАНДАСТЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Мұхтарбек ҚАРПЫҚҰЛЫ,  
 тарих ғылымдарының кандидаты, профессор,  
 Қымбат ҚАБИДОЛДИНА,  
 тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
 Келтай СЕРІКҰЛЫ,  
 Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік  
 университетінің 2-курс магистранты

Елімізде, 1928 жылы жүргізілген аудандастыруға дейін әкімшілік-аумақтық басқаруда бес сатылы жүйе қолданылған. Бұл жүйе 1867 және 1868 жылдардағы, қазақ «Жаңа нұсқа» атандырған әкімшілік-территориялық реформалар нәтижесінде дүниеге келді. Патшалық кезеңіндегі бес сатылы жүйенің құрылымы: ауыл, болыс, уезд, облыс, генерал-губернаторлық болды. Жалпы басқару жоғарыдан төмен қарай іске асырылды. Біздің оймызша сол кездің өзінде өлкедегі басқару жүйесін генерал-губернаторлықсыз-ақ орталыққа бірден бағындыруға болушы еді. Қалыптасқан осы жүйе Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де, бүкіл жиырмасыншы жылдардың өн бойында қолданылды. Оның тиімсіздігі осы кезеңде байқалды [1,178-б.].

XX ғ. 20-жылдарында Кеңес өкіметі бүкіл елдің халық шаруашылығын қоғамдық меншік негізінде қайта құруды қолға алғаны белгілі. Бұл кең ауқымды жоспар бойынша бүкіл елде, оның ішінде Қазақстанда индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, түбегейлі мәдени өзгерістер сияқты тағдырлық маңызы бар шараларды іске асыру басталды [2,131-б.].

Осы тұрғыдан келгенде де бұрынғы қолданыстағы жүйе өзінің кемшілігін байқатты. **Біріншіден**, жүйенің ең негізгі кемшілігі кіші аймақтық бөліністердің орталықпен байланысының нашар болуында жатты. Оған себеп, болыс, уезд және орталықтың арасындағы арақашықтық кей жерлерде 500 шақырымнан асып кетіп отырған. **Екіншіден**, сол кезеңде республикада байланыс және көлік қатынасы құралдары да нашар дамыған болатын. Бұл өз кезегінде кеңестер идеологиясын еліміздің түкпір-түкпіріне толыққанды жеткізуге мүмкіндік бермеді. **Үшіншіден**, белгілі бір облыстарға кіретін уездердің және оның құрамындағы болыстардың алып жатқан аумақтары тым шексіз үлкен болды. Ол кездегі уездер үш немесе төрт бөліктерден тұрды. Әр бөліктің басында басқарушысы және кеңсесі болды. Бөліктердің өздерінің аумағы қазіргі кішігірім аудандардың территориясына парапар еді. Мәселен, Семей облысының құрамына кірген Зайсан уезі үш бөліктен (крестьянский участоктерден) тұрған, оның әр бөлігіне алты немесе сегіз болыстықтар кірген. Зайсан уезінің территориясының үлкен ауқымды алып жатқанын онда кейіннен құрылған бірнеше аудандардан да байқауға болады. Ал Семей облысының жеріндегі ең үлкен уез Қарқаралы болды. Оның территориясы бүгінгі Аягөз ауданының Шұбартау бөлігінен басталып Балқаш көлінің сырты арқылы сонау Сырдария облысы Әулиеата уезінің Шу және Сарысу өңірлеріне дейін созылып жатты. Уезге кіретін Сарысу болысы мен уез орталығы Қар-

қаралыға дейін шамамен 800 шақырымдай қашықтық жатты [3,111-б.].

Міне, осындай қалыптасқан жағдай, республикада үлкен шараларды іске асыруды қолға алған Кеңес өкіметінің ойлағанына, шаруашылық жоспарларына қайшы келетінін байқатты. Сондықтанда, бүкіл елдің, оның ішінде Қазақстанның да әкімшілік-территориялық басқару жүйесін оңтайландыру мәселесі күн тәртібіне шықты.

Кеңес Одағының басқа бөліктерінде, Орал, Сібір, Украина, Ленинград облыстарында мұндай оңтайландыру осы уақытқа дейін жүргізіліп қойылған болатын. Қазақстанда, атап айтқанда, Шығыс Қазақстанда ол 1928 жылдың ақпан айына жоспарланды. Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылым жобасы бойынша республикада губерниялар, уездер, болыстар таратылып үш буынды жүйе енгізілді: округ, аудан, ауыл [4]. Өз көлемі бойынша округ губерниядан әлдеқайда кіші болды. Оның партиялық және әкімшілік-шаруашылық органдары, таратылып жатқан губерниялық органдардың барлық құқықтарына ие болды және бұл шара төмен тұрған органдардың жұмысына жедел басшылықты жүзеге асыру үшін көп мүмкіндіктер берді. Округ республикалық органдарды аудандық, қалалық және ауылдық кеңестермен байланыстыратын негізгі буын болды. Сол қабылданған әкімшілік жүйе бойынша Шығыс Қазақстан аймағы Павлодар, Семей, Қарқаралы, Жоғарғы Ертіс округтеріне жіктелді [5].

Реформаға сәйкес округ шеңберіндегі негізгі әкімшілік-шаруашылық бірлік аудан деп есептелінді. Аудандық бөлудің болжамды жобасы 1928 жылға дейін-ақ қарастырыла бастады. Жергілікті ауқымда аудандастыру мәселесі екі жылдан астам уақыт бұрын басталып кеткен болатын. Соған қарамастан Шығыс Қазақстанда әкімшілік-аумақтық аудандастыруды дайындау және өткізу барысында жергілікті органдардың дайын еместігі анықталды. Шаруашылық және табиғи жағдайлар нашар зерттелді, бұл жеке-кеңес округтер мен аудандар экономикасының даму перспективаларын айқындауды қиындатады. Өнеркәсіптік қалалар мен ірі елді мекендердің өте аз болуы жекелеген аудандардың экономикалық және әкімшілік орталықтарын таңдауды қиындатқан [6].

Шығыс Қазақстан өңірін аудандастыру үкімет үшін әкімшілік шығындарды айтарлықтай қысқартуды, тапшылықсыз бюджетті және ауылдардың шаруашылығының жылдам дамуын береді деп күтілген. Алайда бұл шараға алдын-ала бекітілген қаражат жеткіліксіз болып аудандастыру үдерісі жоспарланған мерзімнен біршама ұзағырақ уақытта жүзеге асырылды. Осыған қарамастан аудандастыру саясаты өз

нәтижесін жоғары деңгейде көрсете білді [7].

Аудандастыруға дейінгі әкімшілік-аумақтық жүйелер кезеңінде Семей губерниясын уездерге бөлу шаралары барысында өрескел қателіктер жіберілді. Ол кезде үлкен территориялық шашыраңқылық жағдайы орын алып, барлық төменгі кеңес ұйымдары басшылықпен тығыз тұрақты байланыс орнату мүмкіндігін қиындатты. Кейбір алыс болыстар басшылықтан мүлдем тыс болды. Мұндай болыстар шамамен 40-қа жуық болды, Аудандастыру саясаты бұл кемшіліктерді жойып, олардың арасында жүйелі түрде тірі байланыс орнатты [8].

Бұдан бөлек аудандастыру саясатының басшылыққа берген тағы бір артықшылығы, Кеңес аппаратын көпшілікке жақындату және ауылдарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді жақсарту мүмкіндігін оңтайландырды. Жаңа аудандарда табысты жұмыс істеу үшін шаруалар мен малшылар арасында аудандастыру міндеттері және аудандық бөлімнің артықшылығы туралы кең ауқымды түсіндіру компаниясы қажет болды. Бұл бөлімнің мақсаттылығына қарапайым шаруаның көзі жеткенде, онда халық тарапынан аудандастыруды жеделдету мәселесінде бастама мен көмек күтуге болатын. Аудандық-округтік жүйеге көшу өзінің барлық артықшылықтарымен қоса әкімшілік басқаруда көптеген қолайсыз жағдайларды да туындатты. Аудандарды ұлттық контингент құрамы бойынша бөлу олардың арасындағы нақты шекараны анықтауды қиындатты. Сонымен қатар, аудандастыру үдерісі барысында ауылдар мен болыстар арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан өндірістік байланыстар үзілді. Ауылдардың көшу жолдары, жазғы және қысқы тұрақтары, мал шаруашылықтарының қозғалу бағыттары түбегейлі өзгерді. Бұның бәрі өз кезегінде қарапайым шаруалардың күнделікті тірлігін біршама күрделендірді. Аудандастыру саясаты алғашқы кезеңде қарапайым халыққа қарағанда өкіметке көбірек пайда әкелді. Дегенмен, аудандастыру саясаты Қазақстан экономикасына социалистік шаруашылық жүргізуді және жалпы дамуды жеделдеткен ірі партиялық-мемлекеттік іс-шаралардың аса маңыздыларының бірі болды.

Әкімшілік-территориялық басқару жүйесі негізіндегі аудандардың орны бүгінгі таңда да ерекше. Аудандық құрылым елдің әкімшілік-территориялық басқару жүйесіндегі дамуы ең бірінші аудандар көлемінде іске асырылады. Мықты аудандар мемлекеттің даму деңгейінің көрсеткіштері. Тоқсан жылдан астам уақыттың ішінде аудандар өз тиімділіктерін көрсетіп келеді.

## РЕЗЮМЕ

В статье описывается ход реализации политики районирования в восточном регионе Казахстана. Кроме того, в данной статье рассматриваются специфические особенности каждого из политических мероприятий того периода.

**Ключевые слова:** Районирование, административно-территориальное управление, уезд, социализм, коллективизация, индустриализация, хозяйство.

\*\*\*

The article describes the implementation of the zoning policy in the Eastern region of Kazakhstan. In addition, this article discusses the specific features of each of the political events of the period.

**Keywords:** Zoning, administrative and territorial administration, County, socialism, collectivization, industrialization, economy.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Базанов Ф.Н.** Справочник административно-территориального деления Казахстана 1920-1936 гг. -Алма-Ата, 1959. -240 с.
2. **Омарбеков Т.** Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы.- Алматы, Санат. 1994.-387 б.
3. **Алимбаев Н.** Историография опыта Компартии по осуществлению сплошной коллективизации сельского хозяйства Казахстана (конец 20-х начало 80-х годов). -Алма-Ата. 1984.-199 с.
4. **Турсунбаев. А.Б.** Из истории коллективизации Казахстана. // Қазақ КСФРА Хабаршысы. 1948. - № 11. - 15 б.
5. ЦДНИ ВКО, ф.126, оп. 1, д. 194, лл. 24-26.
6. ЦДНИ ВКО, ф.126, оп. 1, д. 194, л. 113.
7. ЦДНИ ВКО, ф.126, оп. 1, д. 194, л. 122.
8. ЦДНИ ВКО, ф.126, оп. 1, д. 194, лл. 247-248.

## ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

**М. ШАҒЫРБАЕВА,**

педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті міндетін атқарушы, **Айнұр АЛДАН,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының II курс магистранты

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа танылып үлкен өркениетке бет алуда. Осы бетбұрыста өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп, оларға бүгінгі күнде ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, қазақ педагогикасынан жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыздың рухани-мәдени мұраларын тиімді пайдаланудың жолдарын жетілдіруді талап етіп отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақтар – ұлы өркениеттің мұрагерлері, тарихтың сан-сапалық құз-қиялына өзінің ұлттық «мен» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана

сақтай білген жоқ, сонымен қатар еселеп жаңарта білді» [1,52-б.], – деп жазып, қазақ халқының мол мәдени мұраларының өміршеңдігіне баса назар аударады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің міндеті-ұлттық және адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – [2,45-б.] екендігі атап көрсетілді.

Сондықтан, халқымыздың өткен тарихындағы прогрессивті педагогикалық дәстүрлерін адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға етіп қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын.

Алайда, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық кедергілерге байланысты бұл мәселенің көптеген салалары әлі де болса өзінің шешімін толығымен таппай отыр. Мәселені нәтижелі шешу үшін қазақ халқының мәдени рухани бай мұрасын ғасырлар бойы жинақтап зерттеу қажет. Халық мұрасының ішінде ХХ ғасырдағы ақын, жазушылардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері жас ұрпақтың рухани жетілуіне зор ықпал етеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының рухани өмірінде адамдарды гуманистік тұрғыда дамыту мен қалыптастырудың ғылыми және практикалық маңызы айрықша болып отыр. Соған байланысты гуманитарлық білім беру және гуманистікке тәрбиелеу, тәрбиені әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне жетілдірудің негізі болып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: «Қоғамды гуманитарландыру – ХХІ ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы...» [3,32-б.], – деп айтылып, гуманитарландыру мақсатына жету зиялылықты қалыптастыруды, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыру арқылы жүзеге асыратынын атап өтеді. Ал, оның басты міндеті-бүкіл тәрбие, білім беру, оқу-ағарту және рухани мәдениет мұраларын білімді, тәрбиелі, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеуге жұмылдыру деп көрсетіледі.

Сонымен қатар Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды», – деп атап өтті [4,89-б.].

Адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінің жоғары деңгейде қарастырылуы, тәрбиенің тарихи сабақтастық ұстанымының көрсеткіші екендігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда ХХ ғасырдағы қазақстандағы ақын, жазушылардың педагогикалық идеяларын зерттеу көкейкесті мәселе болып табылады.

ХХ ғасырдың басында қазақ топырағында бір топ талантты ойшыл ақындар, ағартушылар, қоғам қайраткерлері дүниеге келді, әрине, оларды дүниеге келтірген объективтік қоғамдық жағдайлар. ХХ ғасырдың басында халқымыздың ояну дәуірін туғызған алыптардың дүниеге келуі, тарихи кезең ой қайраткерлерін тудырды. Уақыттың талап етуі бойынша қабілетті жастардың тезірек өмір сахнасына шығуына негіз қаланды. Бұл – қоғамның заңы. Аталған кезеңде ілім-білімімен, ұлтжандылығымен, шығармашылық, теориялық тереңдігімен жарқырап, шоқ жұлдыздар шоғыры секілді, озық ойлы халқымыздың ояну дәуірін туғызған кемеңгер ұлдары Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Меңдешев, Х.Досмұхамедов, Т.Жүргенов, Ө.Ермеков, С.Аспандияров, С.Қожанов, М.Тынышбаев, Т.Рысқұлов сияқты озық ойлы бір топ қоғам қайраткерлері саяси сахнаға шықты [5,78-б.].

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің дамуына сындарлы ағартушылық-ұстаздық қызметімен ерекше үлес қосқан Ш.Құдайбердиевтің, Ғ.Қараштың, С.Торайғыровтың, С.Көбеевтің, Н.Манаевтың және т.б. есімдерін де ерекше атауға болады [5,69-б.]. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл, тарихшы-шежіреші, ағартушы, ғұлама болды.

Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, егемен ел болған заманда туған халқымен қайта қауышқан алыптарымыздың бірі Шәкәрімнің шығармаларын оқу, жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға, адалдық пен

ақылдылық, парасаттылық пен азаматтыққа үндейді.

**Шәкәрімнің «Кісіге адамшылық неге керек?» өлеңінде адамдық пен айуандық бір-бірімен бетпе-бет келіп, адамдық қасиеттің орны белгіленді.**

*Кісіге адамшылық неге керек,*

*Адамдық өзге айуаннан артық демек.*

*Ит талаған төбеттей қалай дейсің,*

*Аямай әлі келгенді жұлып жемек,* – деп оқырманға ой тастайды, пікір сұрайды [6,74-б.].

*Мейірім жақсы, зұлымдық жаман дейсің,*

*Қасқырлыққа қайтасың құр дөңгелеп,*

*Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам,*

*Өсіп, өніп құлаған бір бәйтерек,* – деп өзі өлеңінде адамды адам ететін, адалдық пен азаматтыққа жеткізетін амалды, түрлі жолдарды іздестіреді [6,74-б.].

*Білімділер сөз жазып зарлағанда,*

*Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,*

*Алдаусыз адам өмірін түзетерлік,*

*Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда,* – деп толғанып, өз заманының, қоғамын сынап, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарға жиіркене қарайды, басқаларды да жиіркендіреді [6,19-б.].

Ақын жастарға өнер, ғылымға жету жолдарын көрсетіп, оқуға шақырды.

*Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сезімді әбден ұқ,*

*Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер.*

*Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,*

*Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер,* – деген жолдарында ғылым мен білім, адамдық пен азаматтыққа жеткізетін бірден-бір құрал екенін айтып, шәкірттік пен ұстаздық арасын айшықтап көрсетеді [6,67-б.].

**ХХ ғ. бас кезіндегі ағартушы-педагог Ғұмар Қараш болды.** Халыққа қызмет етіп, әлеуметтік өмірге белсене араласып, ағартушылық, ұстаздық жолды ұстанған. Ғ.Қараштың «Педагогика» атты еңбегі Уфа қаласында жазылып, кейін алғашқы «Мұғалім» журналының бірнеше санында жарияланған [4,81-б.].

«Педагогика» – Ғ.Қараштың көп жылғы ұстаздық қызметінің жан-жақты ізденісінің нәтижесі. Қараш бұл еңбегінде бүгінгі педагогика үшін әлі күн тәртібінен түспеген тың қорытынды шығарады. Мәселен, «*шәкіртіңізге ауызша үгіт айтудан аулақ болыңыз, пайдалы нәрсені өздері тәжірибе арқылы тапсын*» деген қорытындыға келеді [5,56-б.].

Ғұмар Қараштың ұлттық, педагогикалық, діни қағидалары, тәлім-тәрбиелік мәні зор еңбектері, ғылыми мақалалары – бүгінгі күнге қызмет етуге қабілетті аса құнды мұралар. Оның шығармаларында айтылған ойлары өз мәнін жоймаумен қатар, біздің заманымыздың да өзекті мәселесіне айналып отыр.

**Сұлтанмахмұт Торайғыров** – қазақ халқының сүйікті перзенті, асқан дарынды ақыны, ағартушы – педагогы. Аз жасаса да соңына аса бай, мейлінше қызықты әдеби мұра қалдырған классик ақын, ұлағатты ұстаз, педагог. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» арман еткен Сұлтанмахмұт Торайғыров бүкіл ғұмырын халық ағарту ісі мен шығармашылыққа арнаған.

*Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,*

*Разымын не көрсем де осы жолда.*

*Шаршармын, адасармын, шалдығармын,*

*Бірақ бір табармын деп көңілім сонда,* – деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарға құлағы жастыққа тимей, өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздейді [7,97-б.].

Сұлтанмахмұт Абай, Ыбырайлар секілді жастарды оқуға, білімге, ғылымды тануға шақырды.

*Надандықтан екенін білмейміз бе,*

*Көрінгенге болғаның семіз жемдік,*



*Ел болуға алдымен білім тірек,  
Бір сөзді, бір ауызды, намыс керек,* – деп білім алуға шақырған.

С.Торайғыров шығармалары – тұтас тағылым, жастарды болашаққа бастай білу тұтқасы. Ол қазақтың іргелі ақыны, ағартушысы, Абайдан кейінгі асқар белі, Абайтану секілді Сұлтанмахмұттану – педагогика тарихында қалыптасқан ілім [8,85-б.].

Халқымыздың тарихы мен мәдени өмірінде өзіндік із қалдырып, күш-жігері мен білімін туған халқының болашағы үшін сарп еткен, майталман ағартушы-педагог, белгілі қоғам қайраткері, ғалым, әдебиетші, журналист, аудармашы Нұғыман Манаевтың ағартушылық-педагогикалық көзқарасына тоқталуды жөн көрдік. Нұғыман Манаевтың сан-салалы ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және шығармашылық мұрасын зерттеу қолға алынды. Себебі қазіргі ұрпақ оның кім екендігін, еліміздің қилы кезеңдерінде еңсесін көтеруге қаншалықты еңбек сіңірген ақиық азаматтарының бірі екендігін білмейді.

Институттың қалыптасуы мен дамуында басшылардың үлесі ерекше болды, олар: директорлар – О.К.Жандосов (1930–1932 жж.), Х.Д.Чурин (1932–1937 жж.), Н.М.Бекетов (1937–1939 жж.), С.С.Сыздықов (1939–1940 жж.), А.И.Сембаев (1940–1941 жж.), Д.А.Андрянов (1941–1943 жж.), А.Жұматов (1943–1959 жж.), А.И.Дорофеев (1960–1961 жж.), Е.Б. Тайбеков (1961–1963 жж.) және ректорлар – Х.А.Арыстанбеков (1963–1981 жж.), Т.Т.Тазабеков (1981–1985 жж.), Б.П.Шах (1985–1992 жж.) және Е.Ж.Жұмабеков (1992–1996 жж.). ҚазАШИ Кеңестер Одағындағы ірі әрі алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Бұл барлық профессор-оқытушылар құрамының қажырлы еңбегінің нәтижесі деуге болады. Мамандар дайындау ісіне қосқан зор үлесі үшін 1971 жылы Қазақ ауылшаруашылық институты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды [3, 45-б.].

Осы институттардың қалыптасуына өз үлестерін қосқан бірнеше ректорлардың өмір жолына тоқталып өтейік.

**Хайдар Арыстанбекұлы Арыстанбеков** – 30 наурыз 1919 жылы туған, қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Абай ауылында дүниеге келген. 1941 Қазақ ауыл шаруашылық институтының агроном мамандығы бойынша бітірген. 1954 жылы экономика ғылымдарының докторы, 1960 жылы профессор, 1962 жылы ҚР Ғылым Академиясының мүшесі. 1968 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері. 1963–81 жылдары Қазақ ауыл шаруашылық институтының ректоры. Оның негізгі ғылыми еңбектері



орман қорын қорғау, оны тиімді пайдалану, топырақты жер, су эрозиясынан сақтау мәселелерін зерттеуге арналған. Арыстанбеков сондай-ақ Қазақстанда ауыл шаруашылығы ғылымын қалыптастыру мен дамытуға, ауыл шаруашылығын өркендету және білікті мамандар даярлау мәселелеріне үлкен үлес қосты. Тың және тыңайған жерлерде жаңадан ірі астық кеңшарларын ұйымдастыруда көп еңбек сіңірді. Оңтүстік Қазақстанда ауылшаруашылығын өндірісін басқару, жоспарлау ісін ұйымдастыру түрлері мен әдістерін жетілдіру жөніндегі арнайы шаралар жүйесін жасап, тәжірибеге ұсынды [4, 1-п.].

*«Хайдар Арыстанбекұлы Ауылшаруашылық институтын басқарған жылдары аталған оқу орны жаңа белестерге көтерілді. Осы қызметке келерден бұрын да ауылшаруашылығын бес саусағындай жақсы білетін тәжірибелі кәсіби маман ретінде мүмкіндіктерін ел игілігіне жұмсай білді. Сондықтан Хакең ауылға қандай мамандар керек, заман мен шаруашылық талабы қандай екенін терең түсінген адам. Ол институт басшылығына келісімен оның жан-жақты дамуына, оқу сапасын арттыруға негізделген іс-шараларды жүзеге асырды. Көптеген жаңа оқу ғимараттарын салғызып, жаңа мамандықтар ашуға мұрындық болды. Хакеңнің іскерлігі мен табандылығының нәтижесінде қысқа мерзімде 4 оқу ғимараты, 5 жатақхана салынды. Оқу ғимараттары оқыту үдерісіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті құралдармен жабдықталды. Соның ішінде машина мен трактор паркін пайдалану кафедрасының қажеттілігін ескеріп, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге бағытталып ұйымдастырылған»*, – дейді университет ректоры Т.И.Есполов академик туралы жазған мақаласында [5, 3-б.].

**Тазабек Глепбай** 1929 жылдың 20 қыркүйегінде Талдықорған облысы (қазіргі Алматы обл), Қаратал ауданы, станция Көксуда дүниеге келген. 1951 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтын бітірген. Мамандығы – топырақтанушы. Қазақстанда бірінші топырақтанудан шыққан ғалым – қазақ. 1956 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады, 1959 жылы жоғарғы аттестациялық комиссия бөлімі доцент лауазымын берген, 1981 жылы Ауылшаруашылық ғылымының докторы атағы берілген, 1982 жылы профессор атағы берілген. 07.1981-10.1985 жж. Қазақ ауылшаруашылық институтының ректоры. Т.Тазабеков үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, қырық бес ғылыми еңбектер жариялады. Т.Тазабеков кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді, Қазақстанның оңтүстік-шығысында топырақ құнарлылығы мен ауылшаруашылық өнімділігін жоғарлатудың теориялық негіздері мен практикалық әдістерін жасады. Институтта жүрген кезінде Т.Тазабеков өзін тәжірибелі, білікті оқытушы және шығармашылық ғылыми қызметкер ретінде көрсетті, терең кәсіби білімі бар, көп күш пен білімді жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады [6, 3-п.].

**Ермеков Мүслім Әмірханұлы** 1906 жылы 15 желтоқсанда Қарағанды облысында дүниеге келген. 1930 жылы Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын бітірген. М.А.Ермеков қой шаруашылығы саласындағы белгілі ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы (1969 ж.), профессор (1965 ж.), ҚазССР ҒА корреспондент-мүшесі (1962 ж.), Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі (1958 ж.), ҚазССР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер (1956 ж.). Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ректоры (1963–72) қызметтерін атқарған; сол институттың

профессоры (1972–73) болды.

Ермеков Қазақстанның қазақы қой тұқымын асыл қой тұқымды қоймен будандастыру, республиканың шөл және жартылай шөлейт аймақтарына арналған жартылай биязы және биязы және биязылау, құйрықты-қылшықты, ұяң-қылшықты және қаракөл қой тұқымдарын көбейтіп, олардың өнім сапасын арттыруға, қойдың жаңа тұқымдарын өсіріп, сондай-ақ қойларды жерсіндірумен және жаңа тұқымдар шығарумен айналысты. Ол Қазақстанда бірінші болып республиканың түрлі экологиялық аймақтары жағдайында қой тұқымын сынау жұмысын ұйымдастырды. Ол Қазақстанның оңтүстігіндегі жартылай шөлейт аймақ жағдайында ет-жүнді қойлардың жоғары өнімді табынын жасады. Сондай-ақ Орталық Қазақстанның шөл аймағы жағдайында қазақтың құйрықты қойының ет өнімділігін арттыру бойынша да тиімді нәтижелер алынды. М.А.Ермеков 192-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстар, оның ішінде 15 монография, брошюралар, кітаптар мен оқулықтар жариялады. Сонымен қатар, 90-нан астам газет мақалаларын жазып, бірқатар аударма жасады. Оның қол астында 12 ғылым кандидаты дайындалды. Ол үш докторлық диссертация бойынша ғылыми кеңесші болды. Азия елдері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы қой шаруашылығы бойынша сарапшы болды. Ермеков М.А. «Құрмет Белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен, медальдармен марапатталған. 1973 жылы қайтыс болды [7, 2-п.].

1996 жылы Қазақстанның ең байырғы жоғары оқу орындары – Алматы зооветеринарлық институты мен Қазақ ауылшаруашылық институты негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2001 жылы 5 шілдедегі Жарлығына сәйкес Қазақ мемлекеттік аграрлық университетіне ерекше мәртебе беріліп, Қазақ ұлттық аграрлық университеті атанды. Бұл жоғары оқу орны беделінің артуына әсер етіп, білікті мамандар дайындаудағы жауапкершілікті күшейте түсті. Өз мәртебесіне сай Қазақ ұлттық аграрлық университеті оқу үдерісінде инновациялық және озық әдістерді пайдалана отырып, ауылшаруашылық мамандарын дайындау сапасын ұдайы арттыру қағидатын берік ұстанып келеді.

Қорыта келе биыл 90 жыл толып отырған ауыл шаруашылығы білімі мен ғылымы қара шаңырағының қалыптасу тарихында түрлі қыйыншылықтарды жеңе отырып бүгінде сан мыңдаған маман иелерін шығарып Қазақстанның өркендеу жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан оқу ордасы.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахский государственный аграрный университет – 70: Сборник (Составление и предисловие С.Б.Байзакова). Алматы: Агроуниверситет, 1999. – 728 с.

2. Қазақ ұлттық аграрлық университеті. Кеше. Бүгін. Ертең. Казахский национальный аграрный университет. Вчера. Сегодня. Завтра. KazakhNationalAgrarianUniversity. Yesterday. Today. Tomorrow / ҚазҰАУ ректоры Т.И.Есполовтың редакциясымен – Алматы: «ServicePress» ЖШС, 2015. – 288 бет. – қазақша – орысша – ағылшынша. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 85 жылдығына арналған.

3. Первый аграрный ВУЗ Казахстана. Алматы: КазНАУ, 2010.

4. Қор 1775. оп 21. Св. 14. д. 291а.

5. Есполов Т.И. Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер Хайдар Арыстанбекұлының туғанына – 100 жыл // Егеменді Қазақстан. 2019. 23 сәуір.

6. Қор 1775. оп 5 л. Св. 113. д. 683.

7. Қор 1997. оп 5 л. Св. 17. д. 385.

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЙГІЛІ ТРАКТАТЫ ("Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы" трактаты бойынша)

Саят ЖҰМАН,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
ҚазҰАУ-дың қауымдастырылған профессоры,  
Баянды ОСПАНОВА,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университетінің бас ғылыми қызметкері

2020 жылы «Әлемнің екінші ұстазы» атанған, әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіледі. Екіншіден ғасырлар бойы әл-Фараби мұрасы әлемдік көркем ойға өз үлесін қосқан әдеби мұраның қатарында. Осындай биік рухани өсу біздің қазақ әдебиетінің де өткені мен оның даму тарихына, яғни әл-Фараби мұрасына қатысты екені ақиқат. Сондықтан да, оның қазіргі кездегі мұрасы сан-салалы гуманитарлық-жаратылыстану ғылымдары бойынша қазақ ғалымдарының зерттеу нысанында. Әл-Фараби мұрасы арқылы әрбір ғылымның арнасы айқындалып, ол біздің еліміздің рухани игілігіне бағытталған мұра.

Қоғамдық сананы жаңғырту жиырма бірінші ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Рухани жағынан сананы жаңғыртудың басты міндеті – тәрбие, білім беру, оқу-ағарту мен мәдени тұрғыдан жалпы адамзатқа тән тәрбие беру яғни ұрпақ тәрбиесіне жұмылдыру. Сондықтан әл-Фарабидің мұрасындағы жалпы адамзатқа тән құндылықтарды зерттеу қазіргі заман талабындағы көкейкесті мәселе. Гуманитарлық ғылым тұрғысынан осы мәселені гуманистік тұрғыдан зерттеу алғаш қойылып отыр. Оның себептерінің бірі рухы жоғары шығарма адамның рухани дамуына септігін тигізуімен түсіндіріледі.

Елімізде бүгінгі күні рухани саладағы өзгерістер сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдауда, оның ішіндегі адамгершілікке тәрбиелейтін гуманистік бағытын зерттеудің маңыздылығын анықтаумен және қазіргі өркениеттер қақтығысы заманында әрбір ұлттық мәдениет өзінің терең тарихи тамырларына, бастауларына назар аударып, содан сусындауға ұмтылуымен ұштасады. Бұл әрекеттің өзінің рухани, тарихи, мәдени мұрасын, құндылықтарын қадірлеген, қастерлеген халық қана тарих сахнасында мықты және сыйлы бола алады. Сондықтан соңғы жылдары Қазақстан халқы мен мемлекеті тарихи, рухани мұраны жандандыру идеясын қолға алумен аталған жобаның бағыты сабақтасады.

Биыл 1150 жылдық мерейтойына арналып әл-Фарабидің мұрасын жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның ішінде ең негізгісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министірлігінің Философия және саясаттану институтында «Фарабитану және әлемдік философия» деген бөлімде ғұламаның бірқатар еңбектері жүйеленіп философиялық тұрғыдан зерттелді. Аталған бөлім қызметкерлері әл-Фарабидің еңбектерін қазақ және орыс тілдеріне аударумен

бірге оның мұрасына қатысты монографиялар жариялады. Атап айтсақ, ұжымдық монографиялар: «*әл-Фарабидің логикалық ілімі*», «*әл-Фарабидің әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастары*», «*әл-Фараби философиясындағы болмыс пен таным проблемалары*», «*Әбунасыр әл-Фарабидің философиясы*» және А.Көбесовтің «*әл-Фарабидің математикалық мұрасы*», «*Әл-Фарабидің педагогтік көзқарастары*», А.Х.Қасымжановтың «*Әбу Насыр әл-Фараби*», «*әл-Фарабидің эстетикалық көзқарастары*», Соның ішінде ерекше атап өтетіні әл-Машанидың «*әл-Фараби мен Абай*», Қ.Жарықбаевтың «*әл-Фарабидің психологиялық көзқарастары*» «*Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания*», «*Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана*», «*аль-Фараби и духовное наследие*», «*әл-Фараби және рухани мұра*», «*Фараби және қазіргі заман*», «*әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы*» атты ғылыми еңбектерде қарастырылған.

Екіншіден, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дегі әл-Фараби кітапханасында ғұламаның өміріне, еңбектеріне қатысты бірқатар зерттеулер жинақталған.

Үшіншіден, 2006-2011 жж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты: ұлттық әдебиеттің бай мұрасын зерттеу, оны жүйелендіру және көп томдылық шығару жұмыстары бойынша әл-Фараби шығармаларының жиырма томдығы шығарылған. Қазақ университеті баспасынан 2019 жылы ойшылдың 7 томдығы жарыққа шықты [1]. Сонымен қатар біздің зерттеу нысанымызға айналған 2019 жылы «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактаты қайта өңделіп басылып шықты [2].

Жалпы ойшылдың ғылыми мұрасының зерттелуіне зер салсақ төрт кезеңге бөлуге болады:

1) Орта ғасырлардағы араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы (Ән-Надим, әл-Бейақи, ибн Сайид әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерариус, т.б.);

2) Жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары арқылы (Леонардо да Винчи, Спиноза, Г.Л.Козегартен, Г.Зутер, Ф.Дитереци, К.Брокель, т.б.);

3) XX ғ. Кеңес одағы шығыстанушы ғалымдары арқылы (В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Фафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, А.Сагадеев, Ю.За-

вадовский, түріктер А.Сайылы, Х.Үлкен, т.б.);

4) Қазақстанмен Орта Азия оқымысталары арқылы (Ә.Марғұлан, А.Машанов, О.Жәутікөв, А.Қасымжанов, А.Көбесов, М.Бурабаев, А.Дербісалин, Қ.Жарықбаев, М.Хайруллаев, т.б.). әл-Фарабидің гуманитарлық-педагогикалық мұрасы педагогика саласы бойынша әртүрлі қырынан қаралып жүр. Оның сан-салалы шығармалары жайында жазылған еңбектері мен ол туралы айтылып келе жатқан пікірлер де баршылық.

Ойшылдың ғылыми мұрасына талдау жүргізу барысында ғалымның еңбектерін зерттеген отандық ғалымдардан бөлек соңғы жылдары жарық көрген шетелдік ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады: австралия ғалымы **Hammond, Robert** [3], италияндық ғалым **Tripodo, Pietro** [4], ағылшын ғалымы **Mushtak H.** [5] еңбектерінде философиялық тұрғыдан зерттелгені. Ал филологиялық тұрғыдан Фарабидің әдебиет әлеміне, жеке шығармашылығына қатысты **А.Машанов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметов, Р.Бердібай, Н.Төреқұлов** зерттеулерін атауға болады аталған зерттеулер ертеректе жазылған. Соның ішінде әл-Фараби мұраларын әдеби қырына зерттеген **А.Дербісәлин, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Н.Келімбетов, Т.Медетбаев** еңбектерін ерекше атауға болады [6].

**Жалпы шығарманың жазылуына байланысты бірнеше тарихи деректер бар.** Әл-Фараби аталған шығарманы жазуды Багдадта бастап 330 жылдың соңында кітаптың қолжазбасын өзімен бірге Сирия алып келіп, оны 331 жылы Дамашық қаласында аяқтаған деген болжамдар айтылады. Кейбір зерттеушілер кейіннен кітапқа түсініктеме қосылған деген болжамдарды да көрсетіп жүр. Жалпы шығарма алты бөлімнен тұрады. Кітап алғаш рет 1895 жылы Лейденде («Бирбил» баспасы) басылып шықты. Нұсқаны баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих Дитрици (Fridrich Dieterici). Кітапты баспаға дайындағанда Фридрих Дитрици түп нұсқалары ретінде Британия музейінде сақтаулы тұрған 425/3 нөмірлі (жаңа каталог бойынша – №7518) қолжазба мен Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорындағы №120/3 нұсқаны негізге ала отырып, баспаға дайындаған. «Ізгілікті (қайырымды) қала...» трактатының Әбу Усайба арқылы жеткен алты бөлімінің (фусул) жалғыз қолжазбасы 1961 жылы табылған. Трактаттың қолжазбасы туралы алғаш рет түрік ғалымы Ахмед Атеш (Ahmed Ateş) (1917-1966) «Фараби шығармаларының библиографиясы» («Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası») атты библиографиялық көрсеткішінде (1961) көрсеткен. Трактаттың қолжазбасы Түркияның Ыстанбұл қаласындағы Сүлеймения кітапханасында Қалаж Әби Паша нұсқасы. Қолжазба алпыс бес беттен тұрады. Соның ішінде тарихи тұрғыдан қарағанда Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатының ғылымға өткен ғасырдың соңғы ширегінде (1961 ж.) келіп қосылған бұл бөлімдерінің (фусул) қазіргі заманға сай ең алғашқы нұсқасын әзірлеген араб ғалымы Мұхсин Махди (1924-2007). Көне қолжазба толық өңдеуден өткеннен кейін 1968 жылы Ливанның Бейрут қаласында М.Махдидің басшылығымен тұңғыш рет басылып шығарған деген деректер бар.

Жоғарыда аталған ғалымдардың түркологияға арналған ғылыми еңбектерде ойшылдың жалпы

мұрасы теориялық тұрғыдан зерттелген. Қазіргі жаһандану заманы руханият мәселесін жоғары көтеріп отыр. Өйткені, күн сайын кең тарап бара жатқан әлемдік келеңсіз мәселелер, технократиялық бағдарлардың күшеюі жас ұрпақтың санасын улай түсуде. Әл-Фараби айтқан «пасық қала», «надан қала», «даңғой қала» деген мағыналар тек көңіл көтерудің қажеттілігіне баса назар аудартады. Әл-Фараби жазғандай, қайырымды қала тұтастықтың қажетті құрамдас бөлігі, кемелденген, бақытты қоғамды құру принциптері қандай болуы тиіс екенін тану үшін сол қоғам енетін тұтастықтың өзінің принциптері мен заңдарын білу қажет. Ойшылдың айтқанындай, бізде әдемілік сезімі болғанда ғана бақытқа жетеміз, ал әдемілік ол көркем мінез, рухани жан дүние тазалығы, өнер арқылы ғана пайда болады, ендеше, біз рухани шығармалар арқылы ғана бақытқа жетеміз. Міне, осы күрделі мәселенің негізі халықтың рухани әлемге толық бет бұруына әкеліп тірейді, тек сол арқылы ғана ілгері жылжуға болады. Руханияттан алыстаған сайын адамзат қайшылықтар мен қиындықтар әлеміне тап болады, нағыз өзінің мәндік негіздерінен алыстай түседі. Сондықтан бүгінгі жаһандану жағдайындағы өмірдің жалғасы, болашағы рухани дүниені барынша дамытуда болып отыр. Біздің зерттеуіміздің ерекшелігі Рухани сананы жаңғырту үрдісіндегі әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатының» көркемдік әлемін зерттеумен айқындалады.

Төмендегі отандық және шетелдік авторлардың кейбір идеялары зерттеу әдіснамасы компоненттері ретінде пайдаланылады.

Келешекте тақырыпты талдау барысында концепт мәселесін анықтауда шетелдік ғалымдардан В.А.Маслованың, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкойдың, Д.С.Лихачеваның, Н.Ф.Алиференконың, отандық ғалымдардан Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Н.Шаймерденова, З.Сабитовалардың теориялық зерттеулері басшылыққа алынады.

Ойымызды қорыта айтқанда, **Әл-Фарабидің Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатындағы адамдардың бақыты (өмірі) үшін пайдалы ұстанымдары филологиялық тұрғыдан зерттеумен анықталады.** Мұраны зерттеудің маңыздылығын әл-Фарабидің аталған шығармасындағы рухани құндылықтың маңыздылығы, адамның өсуі, бақытты өмір сүру, т.б. мәселелерді зерттеу барысында сананы жаңғыртудың маңыздылығы жан-жақты зерттеледі. Келешекте алынған нәтижелер жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қажеттілігімен анықталады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби: 7 томдық жинақ. Қазақ университеті. Алматы. - 2019.-445 б.
2. Әл-Фараби: Қайырымды қала тұрғындары трактаты. 1-том. Қазақ университеті. - Алматы. - 2019. -1-т.– 245 б.
3. Hammond, Robert: Alfarabi's Philosophy and its Influence on Scholasticism. -Sydney 2017. S. 88
4. Tripodo, Pietro: Abu Nasr al – Farabi e suoi Scritti Musicali. -Rome 2016. 38 S.
5. Farah, Ilyas: Al-Farabi. -Lebanon 2018. 114 S.
6. Дербісәлин А., Сәтбаева Ш.Қ, Келімбетов Н., Медетбаев Т., т.б. Әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. -Алматы., 2001, 451 б.

# ҰЛЫ ДАЛА ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Нәзия ТӘСЛОВА,  
Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Самал КҮЛМЕСХАНОВА,  
ҚазҰлтАгрУ-дың Қазақстан тарихы және  
Қазақстан халықтарының мәдениеті кафедрасының  
оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

Дипломатия – жалпы адамзаттың әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси болмысының, қоғамның сыртқы халықаралық қатынас индустриясы өндірісінің нәтижесі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев дипломатиялық істі бағалай келіп: «... дипломаттың миссиясы құрметті де, жауапты елші мемлекет атынан сөйлейді, ол ұлттық мүдделерді қорғайды. Елші болу – дипломат қызметінің шырқау шыңы және айрықша жауапкершілік. Елші ең жоғарғы өлшемдерге сәйкес болуы тиіс...», – деп көрсетеді [1]. Дипломатияға мемлекетаралық байланыс, халықаралық ынтымақтастықты орнату, бейбітшілікті сақтау, мемлекет аралық жанжалды болдырмау мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысы жатады.

Дала дипломатиясының өзіндік ерекшелігі болғанын сонау ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлылардан бастау алып, мемлекеттіліктің беріктігі мен тұтастығын сақтаған Томирис, Зарина, Мөде шаныюі мен үйсін билеушілерінің көрші жатқан елдер мен басқыншы жауларымен мәмілеге келіп, дипломатиялық келіссөздер жүргізгенінен көруімізге болады. Сол заманда Ахеменидтердің күшті державосына тойтарыс беріп, Қытайларды қорқытып, сонау Ұлы қытай қорғаныс салуға итермелеген көшпелі халық тек қана әскери күшімен ғана емес, саяси көрегендігі мен дипломатиялық шеберліктерінің арқасында осындай ұлан-ғайыр территорияны сақтап қалып, мемлекеттік дәрежеге жетті. Түркі дәуірінде қалыптасқан өзіндік дәстүрімен ерекшеленген дала дипломатиясы Византия, Иран, Соғды, Қытай және т.б. елдермен қарым-қатынас тарихы да жоғары дәрежеде дамыды. Алтын Орда, Ақ Орданың мәмілегерлік тарихының да маңызы аса зор. Сол дәстүрді берік ұстанған біздің ата-бабаларымыз ұлттық мемлекеттілігіміздің жаңғырып, Қазақ хандығы құрылған кезеңде жаңа мақсаттарға сай, көрші елдермен байланыстың жаңа сапалы сатысына көшкендігімен ерекшеленеді.

**XV-XVII ғғ. алғашқы қазақтар туралы орыс және Еуропа** әдебиеттеріндегі мәліметтердің кең таралуы, қазақтардың әлсіздігінен емес, керісінше күшейіп, нығайып, көрші елдерге қауіп тудыруымен және мемлекеттік тұтастығын берік ұстаған мықты билеушілердің сыртқы саясатының оң нәтижелерге қол жеткізуіне байланысты болды. Оған Данил Губин, елші Сигизмунд Герберштейн, италияндық Павел Иови Новокамский, орыс елшілері Семен Мальцов, Третьяк Чебуков, Борис Доможиров, Вельямин Степанов, ноғай мырзасы Юсуф, ағылшын көпесі Антони Дженкинсонның қазақтар туралы берген мәліметтерінен көруге болады.

**Ұлы Дала дипломатиясы мен халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақ мемлекеттілігінің рөлін ғылыми тұрғыда зерделеген ғалымдар** – В.П.Юдин, К.А.Пищулина, М.Қ.Әбусейітова, Т.И.Сұлтанов, Б.Б.Кәрібаев, А.Исин, Н.Атығаевтың еңбектерінде қазақ билеушілерінің дипломатиялық миссиялары, көрші жатқан Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Моғолстан мемлекеті, Орталық Азиядағы Темір әулеті, Шайбанилер әулеті, Аштарханилер әулеті, Ирандағы Сефевидтермен, орыс, қалмақтармен қарым-қатынастарының кейбір қырлары егжей-тегжейлі қарастырылған.

**XVI-XVIII ғасыр Қазақстан тарихында негізгі кезеңдердің бірі.** Бұл қазақ мемлекеттілігінің күшеюі мен нығаю кезеңі. Ғасыр басында Қазақ хандығы көрші елдермен тығыз байланыстар орнатып, әскери-саяси, сауда-экономикалық, рухани-мәдени салада белсенділік көрсетті. Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Бұл жетістіктерге мемлекет билеушілерінің қосқан үлесі де салмақты болды. Қазақ елі өз кезегінде өмір сүрген Орта Азия хандықтарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығы мен орыс мемлекетімен саяси, сауда-саттық және дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты.

Сонау XV ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығының бастауы **Жәнібек пен Керей хандардан бастап, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан** сияқты көрнекті тұлғалардың елді бірлікте, ынтымақта ұстай отырып, сыртқы саясатта көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарға қол жеткізу үшін қолайлы сыртқы жағдайларды туғыза білуден де байқалды.

Қазақ халқының арғы тарихынан алып қарайтын болсақ, дипломатия ұғымы елдің қоғамдық-саяси санасында көнеден қалыптасқан ұғым. **Қазақ дипломатиясы – кең байтақ даламызда сыртқы күштердің жағымсыз ықпалынан қорғану дипломатиялық іс-әрекеттің тереңде жатқанын көрсетеді.** Шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей: «Қазақ хандығы өз заманында Моғол, Шағатай, Шейбан, Иран, Қытай, Ресей сынды елдермен байланыста болғаны тарихи деректерде анық көрсетілген», – деп жазады [2]. Көптеген елдердің әртүрлі тілдерінде жарық көрген тарихи жазба деректер оған дәлел бола алады.

**XVI ғасырдағы Қазақ хандығының тарихында ерекше орын алатын бірнеше хандар болды.** Олардың тарихи рөлі әрбір хан тұсындағы хандықтың саяси-экономикалық және әскери жағдайымен бағаланады. Қасым ханның XVI ғасыр басындағы тарихи рөлі неден көрінді десек, ең алдымен, Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңеюімен, мемлекеттілік жағынан нығаюымен, халқы санының өсуімен, қазақ деген халықтың және мемлекеттің атын алыс-жақын елдерге паш етумен көрінді дейміз.

**Қазақ хандығын Қасым ханның мықты қолбасшысы,** мемлекетті өз қолында ұстай білген, көрші мемлекеттермен сыртқы саясатта дипломатиялық шеберлігі арқасында жағдайды өз елінің пайдасына шеше білген күшті тарихи тұлға екендігінде дау жоқ деп айта аламыз.

Қасым хан тұсында Мауреннахрмен саяси қарым-қатынасының жемісті болуы, оның оң түстік және оңтүстік-шығыс бағыттарында территориясын кеңейтіп қоймай, сонымен бірге батыста да саяси қарым-қатынастар жүргізуге мүмкіндіктер береді. Қазақ хандығының құрамында Еділге дейінгі жерлердің қосылуы қазақ тайпаларының этникалық территориясын біріктіруге өзінше бір кезең болса, Мәскеу үшін ол қауіпті бола бастайды. Күшейген Қазақ хандығы туралы мәліметтер батыс Еуропа елдеріне жетеді.

Хақназар ханның XVI ғасырдың екінші жартысындағы тарихи рөлі неден көрінді десек, ең алдымен, Қа-

зақ хандығының территориясы жағынан Қасым хан кезеңіндегідей қайта қалпына келітіріліп, кеңеюімен, мемлекеттік тұтастығы нығаюымен, халқы санының өсуімен, қазақ деген халықтың және мемлекеттің атын алыс-жақын елдерге паш етумен көрінді дейміз. Тарихшы Т.И.Сұлтанов: «*Хақ-Назар саяси жағдайды тез түсінетін, сезімтал және өз уақытын ұтымды пайдалана білген хан [3]. ... «Бахр ал-асрарда» Хақ-Назар қазақ және қырғыз ханы деп аталды*», – дейді [4].

**XV-XVI ғғ. аралығында Қазақ хандарының** сыртқы саясатында халықаралық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер халықаралық деңгейдегі өз уақытына сай елшілер, шабармандар, тілмаштар арқылы жүзеге асырылып отырған. Тарихқа жүгінсек, Тәуекел хан дипломатиясы Қазақ Ордасы мен Ресей арасындағы саяси одақ құруда көрінеді. Сонымен қатар Иранмен де келіссөздер жүргізіледі. Есім ханның тұсында Бұқарамен бітім жасасқан дипломатиялық іс-әрекет жүзеге асады.

И.В.Ерофеева Тәуекел ханды: «*Қазақ хандығының басында тұрғандағы барлық кезеңінде Тәуекел өзін талантты және тез шешім қабылдай алатын қолбасшы, сыртқы саясатта шебер тактика пайдалана алатын хан ретінде көрсете алды*», – дейді [5]. Ресми түрде Тәуекел ханның тұсында қазақ-орыс қатынастары дипломатиялық келісімдерге ұласқан болатын. Тәуекел хан көреген саясаткер ретінде осы байланыстардан бірнеше пайдалы сыртқы саяси қадамдарды шешуді жоспарлаған болатын. Ол Шайбан әулетінің иелігіндегі Ташкент, Ферғананы белгілі бір кезеңдерге дейін қазақ жерлерінің құрамына кіргізді [6, 7].

**Есім хан тағына отырған соң** Бұқарамен бітімшартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. Жалпы көшпелілер мемлекетінің хандары сияқты, Есім хан да тақ үсті мен ат үстінде бірдей танылған біртуар тұлға. **Есім ханның ескі жолын ұстанған баласы Жәңгір ханды Жоңғарларға қарсы күрестегі ғажайып ерліктері үшін халық оны «Салқам Жәңгір» деп атап кеткен.**

Жәңгір шығыстан төнген жойқын қатерді көзімен көріп, қазақ руларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе тойтарыс беруге ұмтылды. Самарқандтың әкімі, батыр Жалаңтөс Баһадүрге хабарласып, көмек сұрады. Орбұлақ шайқасында аз санды әскерімен жауды жеңуі де Жәңгір ханның көрегендігі мен әскери техникасының мықтылығынан екені анық.

**Тәуке хан елді сыртқы жаудан қорғауда және** көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуда ерен еңбегі зор тарихи тұлға. Тарихи деректерде қазақ тарихында еліміздің іргесін бекітіп, көрші Ресей, Жоңғар, Иран, Түркия мемлекеттерімен байланыста болып, тек

қарым-қатынас орнатқан бас хандар арасында Өз Тәуке ханның орны ерекше деп көрсетіледі. **Тәуке кезеңін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» «Алтын ғасыр» кезеңі деп текке айтылмаса керек.**

**Тарихта Тәуке хан дипломатиясы Сібір арқылы Ресейге бес рет елшілік** жіберуімен белгілі болған. Тәуке хан 1687-1688 жылдары Бұхара ханы Сұлтанқұлмен Ташкент жөнінде келіссөздер жүргізді. Ташкентті қазақтардың иелігінде қалдырды. Бұхар хандығымен сауданы дамытуға күш салды. Нәтижесінде Қазақ мемлекеті мен Бұхар хандығы арасында бейбіт қарым-қатынас орнап, Бұхар саудагерлері қазақ жеріне кіріп сауда жасауға мүмкіндік алған [8].

**Отандық тарихта қазақ хандары мен белгілі тарихи тұлғалардың** жүргізген дипломатиялық саясаты бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан дипломатиясында алар орны ерекше. Қазақ қоғамындағы елдестіру, бітімге келтіру секілді дипломатиялық істерді көбінесе беделді, кемеңгер тұлғалар – би-шешендер атқарып отырғанын қазақ тарихынан көруге болады. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қожаберген жырау, Бұхар жырау, Тілеу батыр – Тәуке хан билік құрған заманның ірі тұлғалары. Олардың әрқайсысының елшілік миссиясы, дипломатиялық көрегендігі, шешендік сөйлеу мәнері мен әдеби халық арасында кеңінен таралып, үлгі-өнеге болған.

**Ұлы қазақ даласындағы дипломатия тарихынан мемлекеттің** сыртқы саясатын бейбіт жолмен іске асырудың басым бағыттарын бекітіп отыратын өзінше маңызды институт болғанын бағамдаймыз. Ал талай-талай қиян-кескі жағдайларды басынан өткеріп келе жатқан Қазақ хандығы бұл кезеңнің қиындықтарына да төтеп беріп, өз тәуелсіздігін сақтап қалып, өміршең қазақ мемлекеті екенін тарихта тағы бір дәлелдеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – А., 1996. – 208 б.
2. Тарих-и Рашиди. – Алматы: «Тұран», 2003. – 205 б.
3. Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 188 с.
4. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. / Извлечения из персидских и тюркских сочинений/ Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 9-127 с.
5. Ерофеева И.В. Казахские ханы: личности, традиции и преемственность власти. // История Казахстана: Народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 145 с.
6. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.
7. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 97 с.
8. Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихының тарихнамасы. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2014. – 200 б.

## ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ҮЛГІСІ

Ербол СЫРБАЕВ,  
ҚазҰлтАгрУ-дың аға оқытушысы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2019 жылы қыркүйек айында жарияланған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында алдағы жылы ұлы ғұлама бабамыз Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150

жылдығын атап өтеміз деген еді. Осы шара аясында қазіргі уақытта елімізде ғұлама ғалымның мұраларын насихаттау, істерінен тағылым алу жөнінде көптеген іс-шаралар өткізілуде.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып білудің,

зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерін танытатын философиялық ойлар мен терең мағыналы тұжырымдар жеткілікті болғаны анық. Мәселе сол рухани інжу-маржанның қадірін қазіргі тәуелсіздіктің іргесі бекіп жатқан тарихи кезеңде біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтай алуда және оны әрбір келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен бере білуде болып отыр. Осы істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда еліміздің еуразиялық кеңістіктегі ерекше халық ретіндегі этникалық сипатымыздың, басқа халықтар алдындағы құрметіміздің асқақтай түсері анық. Өйткені, өзінің рухани құндылықтарын аялаған, өрбіткен ел ғана оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту сипатын берген халық қана адамзаттың күрделі тарихының ауқымында шынайы бағалануға иеленері белгілі. Қазіргі жаһандану заманы руханият мәселесін жоғары көтеріп отыр. Өйткені, күн сайын кең тарап бара жатқан әлемдік сұрықсыздану, технократиялық бағдарлардың күшеюі жас ұрпақтың санасын улай түсуде. Әл-Фараби айтқан «пасық қала», «надан қала», «даңғой қала» деген мағыналар тек көңіл көтерудің тән қажеттілігіне база назар аударады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: *«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»*, – [1] деген сөзінің мәні ерекше екенін атап өту қажет. Осыған сәйкес, қазақ топырағында дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің сан-салалы шығармаларының бірі – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты қоғамның әлеуметтік-философиялық мәселелерін көтерген әлемдік философиялық бірегей туынды. Өзінен кейінгі өмір сүрген ойшылдарға ықпал еткен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактаты ізгілікті қоғамды құрудағы өзектілігін осы күнге дейін жоймай келеді.

Әл-Фараби үйлесімді тұтастық ретінде ынтымақтастық пен өзара көмек негізінде бірлесіп өмір сүретін адам қауымдастығынан тапты. Әл-Фарабидің бірыңғай ұстанымына сәйкес, өзара «келісімге келіп», бірлесіп өмір сүрсе, яғни өзара көмек пен өзара түсіністік принциптеріне негізделген, билікті дұрыс жүзеге асырып, азаматтарын жүйелі тәрбиелей алған қауымдастықта ғана адамдар бақытқа жете алады. Мәселе қоғамның осындай қалпына, мүдделерді, бірлесіп өмір сүрудің қажеттіліктері мен мақсаттарын үйлестіруге мүмкіндік беретін даму деңгейіне қалай жетуге болатындығында еді.

Адам қоғамының идеалды образын қарастырғанда әл-Фараби «қоғам», «мемлекет», «азаматтық қоғам» және т.с. ұғымдарының ара жігін ашатын қазіргі философияда қолданылатын ұғымдармен істес болмайды, ол «қала» ұғымын қолданады. «Қала» – шын мәнінде адамдардың мемлекеттік ұйымдасу формасы, бұл адамдардың қандастық туыстық принцип бойынша немесе әскери одақ немесе басқа әлдененің негізінде емес, саяси өмірге азаматтық қатысу негізінде бірігуі. «Қала» – адамзат қоғамының жалпылама өкілі ретіндегі мемлекеттің бейнесі. Әл-Фараби шығармаларын талдаудан шығатын қорытынды міне осы.

Әл-Фараби антикалық классикалық дәстүрді жай қайталап қоймайды, ол орта ғасыр кезеңіндегі әлеуметтік танымды дамытты. Бұл кезеңдегі қоғам өзін-өзі теориялық ұғынуға, өзінің даму мәселелерін түсінуде мемлекеттен басқа ұйымдасудың жалпылама формасын білмеді. Ол қоғам мен мемлекеттің бір құбылыс емес

екені белгілі болғанға дейін дами алмады. Осының әсерінен таным өзінің пәні ретінде мемлекетті қайта жаңғыртты. Әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық көзқарастарынан біз осыны аңғарамыз. Сонымен, әл-Фараби үшін қоғамдық түзілімінің мұраты – жетілген мемлекеттік өмір, мемлекеттегі өмір, мемлекеттің өзі.

Мемлекет, әл-Фараби бойынша, адамдардың өзі тәрізділермен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінен туындайды. «Бақытқа жету туралы» еңбегінде әл-Фараби: *«... Әр бір адам қол жеткізе алатын жетілгендікке жету үшін басқа адамдардың қауымын, олармен бірігуді қажет етеді... оларға табиғатынан өзі тектестердің арасынан пана іздеп, солармен бірге өмір сүру тән. Сондықтан да ол адами немесе азаматтық жануар деп аталады»*, – дейді [2, 296-б.].

Адамдардың саяси бірігуі бірлесіп өмір сүру мен тіршілік ету қажеттіліктерінен туындайды. *«Міне сондықтан да, – дейді әл-Фараби, – бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай жетілген дәрежесіне жете алады... Міне сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе түсіп, жердің мекендеуге болатын бөліктеріне қоныстанды, осының нәтижесінде адам қоғамы пайда болды...»*.

Сонымен, әл-Фараби адам өзінің табиғаты жағынан басқа адамдардан оқшауланып өмір сүре алмай, оларды қажет етеді, өйткені бірлесіп өмір сүру барысында адамдар тіршілікке қажетті заттарды табады. Мемлекет – бақытқа жету жолындағы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының неғұрлым жетілген формасы. *«Қайырымды қала, осыған сәйкес ақырғы жетілгендікке, яғни жоғарғы бақытқа жету жолында тұрғындары бір-біріне көмектесіп отыратын қала»* [3, 196-197-бб.].

*«Жоғарғы игілік пен жетілгендікке ең алдымен «қала» жетпек, – деп санайды әл-Фараби, – ал жетілгендіктің ең төмен дәрежесінде тұрған қоғам бұған өсте жете алмайды»*. Сондықтан әл-Фараби үшін «қала» – адам қоғамының неғұрлым дамыған сатысы, сол сияқты, оның пікірінше: *«табиғатынан аң тәріздес /адамдар/ қала тұрғындары болмайды және қалалық бірлестіктерге мүлдем біріге алмайды»* [4, 137-138-бб.].

Сонымен, мемлекет, Екінші ұстаз бойынша, бақытқа ұмтылуды жүзеге асыру ретінде пайда болатын адамдар қарым-қатынасының жоғарғы формасы, яғни олар – қатарына адамдар арасындағы байланыстың көптеген формалары кіретін қоғамдық қатынас түрі, бірақ, ол бұл қатынастардың ешқайсысына кірмейді. Бұл адамдар арасындағы қандық жақындастыққа негізделген туыстық пен достық аясынан шыққан қоғамдық қарым-қатынас деңгейінің жиынтығы. Адами жетілгендік тек басқа адамдармен бірлескенде ғана, яғни бірінші кезекте қалада жүзеге асады, ол жетілген немесе жетілмеген болуы мүмкін. Қала бар болғаны жетілгендік пен игілікке жетудің қажетті алғышарты, аясы ғана.

Жетілген мемлекет – «Қайырымды қала» қандай болады? Бұл мемлекеттің бастапқы анықтамасында, біздің ойымызша әл-Фарабидің қоғамдық мұратты түсінудегі өзіндік ерекшелігі жасырын жатқан сияқты, оның мәні адамдардың аталған қауымдастығын сипаттауда, негізгі белгі адамгершілік анықтама болып табылады. *«Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам, барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-*

біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [5, 305-б.].

Жетілген қала – қайырымды қала. Бұл адам болмысы адамгершілік құбылысы ретінде, яғни өз табиғатына сай саяси жан болып табылатын және қоғамда, адамдар бірлестігінде өмір сүріп, бақытқа жету жолындағы әрекетін жүзеге асырып жатқан адам, ең алдымен – адамгершілікті жан. Адамгершілік, адамның игі әрекеті, оның, ең алдымен, адамгершілік саласында, яғни нағыз адамдық салада орнығуы – өу бастан жетілген қала негізіне, міне осылар алынған. Мемлекеттің әртүрлі саяси ұйымдасу формаларының, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік өмір формаларының маңыздылығына қарамастан, ең мәндісі, бастысы, айқын-даушысы адамның адамгершілік болмысы болып табылады. Әл-Фараби Қайырымды қаланы «азған», «адасқан» қалалар болып табылатын «қайырымсыз қалаларға» қарсы қоя отырып түсіндіреді. А.А.Игнатенко Қайырымды қала туралы неғұрлым дәл түсінікті оның жағымсыз анықтамасы болып табылатын надан адамдар тұратын қалалар арқылы алуға болады дейді [6].

Қайырымды қала адамдардың тек тәндік тіршілігіне қажетті нәрселерді табу үшін біріккен адамдар бірлестігі емес, онда баю мен дәулетке ұмтылу адамдардың өзіндік мақсаты болып табылмайды, ол адамдардың тәндік ләззат алуға бағытталған ынтымақтастығы ретінде де ұйымдастырылмаған. Ол адамдар сый-құрметке ие болу үшін бір-біріне көмектесетін қала емес; ол басқаларды бағындыру үшін де өмір сүрмейді; ол басшылығы мен мақсатты ынтымақтастығы жоқ анархия қоғамы емес; бұл – ақиқат білімге ие адамдар оған сай әрекет етпейтін «азған қала» емес. Соңында, бұл – адамдардың бақыт туралы түсініктері жалған және оларсоған сай әрекет етіп, бақытқа ешқашан жете алмайтын қала емес. Қайырымды қала – жетілгендігі мен, толымдылығымен, толысқандығымен сипатталатын адамдар қауымдастығы. Жетілген қаланы әл-Фараби «қайырымды қала» (әл-мәдина, әл-фәдила) терминімен белгілейді. Бұл Н.С.Қирабаевтың пікірінше қоғамдық өмір мұратын сипаттайтын негізгі ұғым [7, 119-б.].

Қарастырылған қала-мемлекеттерде ойшыл бір негізгі кесірді бөліп алады да соған сәйкес сол немесе басқа мемлекеттің мәнін айқындайды. Алайда, Платоннан айырмашылығы бұл негізгі кесір билік формасымен емес, жетілмеген қала тұрғындары мен билеушілерінің көзқарастарымен және құлықты әрекеттерімен байланысты. Платонда егер мұны билік институтының – тимократияның, олигархияның, демократия мен тиранияның сыны ретінде қарастыруға болатын болса, әл-Фарабиде – бұл әлеуметтік-адамгершілік саласындағы кемшіліктерді айқындау. Мысалы, шын мәнісінде «надан қала» дегеніміз – ешқашан да бақытты көріп-білмеген, оған талпыну ешқашанда ойына да кіріп шықпаған тұрғындар қаласы. Олар мұны ешқашан бастан кешіріп көрген емес, бұған ешқашан сенген де емес. Игілікті алатын болсақ, олар жұрттың ойынша игілік ретінде саналатын алдамшы нәрселерді ғана, жұрттың ойынша өмірлік мақсат болып көрінетін нәрселерді ғана біледі, мәселен, денсаулық, байлық, ләззат, құштарлыққа салыну бостандығы, құрмет пен даңқ сынды нәрселер.

Ұлы ғұлама бабамыз Әбу-Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұралары тұңғыық, оған терең бойлаған сайын алдымыздан ғылымдық әлемдік көкжиегі кеңінен ашылады. Ғұлама ғалым мұраларына тереңдеген сайын одан мол мағлұмат әрі тағылым аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. – Астана, 2007. – 13 ақпан. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz). 10.02.2015.
2. **Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад.** Социально-этические трактаты. [Пер. с арабского]. А-Ата, «Наука», 1973. – 430 с.
3. **Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад.** Философские трактаты. [Пер. с арабского]. Алма-Ата, «Наука», 1970. – 430 с.
4. **Игнатенко А.А.** В поисках счастья (Общественно-политические воззрения арабо-исламских философов средневековья). М.: Мысль, 1989. – С. 56.
5. **Кирабаев Н.С.** Социальная философия мусульманского Востока (эпоха средневековья). – М.: Изд-во УДН, 1987. – С. 7.

## ОСЫ ЖҰРТ ШАЙБАНИДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?!

Ермахан ҚАЛМЫРЗАЕВ,  
ҚазҰлтАгрУ-дың аға оқытушысы,

**Шайбанилар әулетінің негізін салушы (1500-1510) Әбілхайыр ханның немересі, Бұдаһ сұлтанның ұлы.** Туғанда оған түркілер салты бойынша екі ат – Мұхаммад (арабша) және Шайбанихан (түркіше) есімдері қойылған. Әбілхайыр хан оны Шахбахт (бақыттың патшасы) деп атаған. Шайбани хан ересен күш-қуатқа ие және алып денелі жан болған. Ол сондай-ақ үлкен әскери басшылық қабілетіне ие еді. Заһриддин Мухаммад Бабур қаламынан туған әйгілі «Бабырнама» кітабында Шайбаниды «Шайбақ хан», яғни «күш-құдірет иесі» деп атайды. Шайбани жалдамалы қосынның қолбасшылығынан хан дәрежесіне көтерілген тарихи тұлға. Ол тек әскербасы ғана емес, сондай-ақ, Шахбахт, Шәйбақ, Шибани, Шахибек, Шайбани атауларымен әдеби ортада танымал болған көрнекті ғұлама. Ғазал, рубайат тәсілдерімен поэзия әлемінде өзіндік сара жол қалдырған ақиық ақын. Шайбанидің

әдеби мұрасынан бірқатар ғазалдар мен рубайылар және «Бахр-ул-Худо» дастаны сақталған. Зерттеушілер осынау құнды еңбектің 1508 жылы Бастом қаласы маңындағы Дамғам елді мекенінде жазылып біткенін айтады. Зерттеушілер Шайбанидың сондай-ақ, үгіт-насихаттардан тұратын мұрагері Темур сұлтанға арнаған іргелі кітабын 1507-1508 жылдары жазылғандығын анықтаған. Осынау еңбектердің бірден-бір нұсқасы бүгінгі таңда Түркияда, Топкапы кітапханасында сақтаулы. Тарихи еңбектерде жазылған деректерге қарағанда әкесі Бұдаһ сұлтан мен анасы Аққозы бегімнен жастай жетім қалған Шайбани атасы Әбілхайыр ханның сенімді қызметкері Қараша бектің отбасында тәрбиеленген. Кейіннен Шайбаниға Түркістан және Отырар әкімі Мухаммад Мазид тархан тәрбиеші болады. Шайбани жас кезін Бұхара қаласындағы ғұламалардан білім алумен өткізген. Ол өзін болашақта

үлкен де қуатты мемлекет құрушы ретінде сезінетін. Сол жолда игеруі тиіс барлық өнерді меңгеруге талпынған. Ол өзінің осынау мақсатына жету жолындағы алғашқы қызметін Темурилер әулетіне жалдамалы әскер ретінде бастайды...

Бастапқы кезде Шайбани Темурилер мемлекетінің солтүстік шекарасында әкімшілік жүргізіп жүрген тәрбиешісі Мазид тарханнан өзін қызметке алуды өтінеді. Алғашында осынау өтінішке риза болған Мазид тархан көп кешікпей Шайбанидің өзінің билігіне үлкен қатер екенін түсінеді.

Мазид тархан Шайбаниді Бұхара билеушісі Дәруиш Мухаммад тарханның қарамағына жіберіп құтылады. Бұл кезде Дәруиш Мухаммад әскербасы Шайбанидің көмегіне мұқтаж болатын. Оның қызметін басқа билеушілер де пайдаланған. Шайбани өзінің әскерлерімен Моғұлстан, Мәуареннаһр және Хорезм әміршілеріне қызмет етіп, олардың көршілеріне және ішкі қарсыластарына қарсы күреседі. Осынау күрес барысында Шайбани өзінің шебер қолбасшылық қабілетін паш етті. Оның қабілетін жазба деректер авторлары «қазақтық» қасиет деп бағалайды. Олардың түсінігінде *«қазақтық», «өзінің халқы мен қауымынан ажырап кеткен адамдар. Тақ үшін күресте жеңілсе де, өз құқығынан бас тартпаған және өзін қолдаушыларға басшылық етіп, қолдаушыларымен бірге қолайлы сәтті күтетін құрылым өкілі»* деп сипатталады. Түрлі әмірлерге қызмет ету Шайбаниға Темурилер мемлекетіндегі жағдайды терең зерттеуге мүмкіндік береді. Мәуареннаһр әміршілері мен ақсүйектері оның қызметінен ең көп пайда көргендіктен де олардың арасында Шайбанидің атағы мәшһүр болып кеткен еді. Шайбани көшпенді өзбектер мемлекетін қайта тіктеу жолында күрес жүргізген болатын. Бірақ, «өзбек-қазақ» тайпалары тарапынан күшті қарсылыққа тап болды. Шайбани атасы Әбілхайыр хан қайтыс болған соң 1480 жылы көшпелі өзбектер мемлекетін қайта құруға қол жеткізді. 1487-1488 жылдарда Сайрам, Отырар және Түркістан шаһарлары мен осы аймақтардағы қамалдарды иеленеді. Бұл қамалдар болашақта оған Мәуареннаһрды толық жаулап алуға тірек болады. Шайбани хан көшпенділердің жауынгерлік дәстүрі мен Орталық Азия шаһарларының мәдени жетістіктерін үйлестіре алғандығы оның жорықтарының нәтижелі болуына үлкен әсер етті. Шайбани хан 1497 жылы Мәуареннаһрға өзінің алғашқы жорығын ұйымдастырады. Ол үлкен күшпен Самарқанға жорық жасады. Сол жолы Қаршы және Шаһрисабзға шабуыл жасап үлкен олжамен Түркістанға қайтып келеді. Шайбани хан 1499 жылдан Мәуареннаһрды басып алуды бастайды. 1499 жылы ол Бұхараны шайқассыз иеленеді. Ал, 1500 жылы Темурилер мемлекетінің астанасы болған Самарқанды басып алады да Самарқан билеушісі Султанәли мырзаны өлтіреді. 1501 жылы Көкек дариясының бойында Шайбани хан мен Заһриддин Мухаммад Бабыр арасында қиян-кескі шайқас болады. Осы шайқаста Шайбани хан толық жеңіске жетеді де Самарқан шаһарына біржола орналасып алады. 1503 жылы Шайбани хан Махмуд хан, Ахмад хан және Бабыр басшылығындағы моғұлдар және қалмақтардың біріккен қосынымен соғысады. Архиян шаһарының маңында болған қиян-кескі шайқаста оларды тас-талқанын шығарып жеңеді. Осынау шайқастың нәтижесінде Ташкент және Шахрухия шаһарларын өз иелігіне қосып алады. Самарқан шаһары – Шайбани хан мемлекетінің астанасы болып бекітіледі. Шайбани хан 1504 жылы Хусрау шах билік жүргізетін Құндыз шаһарын бағындырады. Көп кешікпей Шайбани хан Бұхарадан Хорезмге жорық бастайды. 1505 жылы тамыз айында Үргенішті басып алады. Сол жылы күзде Шайбани хан қосыны Хорасанға басып кіріп Мәймана және Фариябқа дейін жетеді. 1506 жылы Балх шаһары мен төңірегін, 1507 жылы мамыр айының басын-

да Герат шаһарын тізе бүктіреді. Хорасанды бағындыру арқылы Мухаммад Шайбани хан іс жүзінде бүкіл Орталық Азияны бір орталық – Самарқанның қол астына біріктіре алды. 1508-1509 жылдарда Шайбани хан сондай-ақ, сыр бойындағы қалалар үшін қазақ хандарымен кескілескен шайқастар жүргізді. Осылайша 1500-1509 жылдардағы Шайбани ханның шайқастары нәтижесінде «Шайбанилер мемлекеті» құрылды. 1510 жылы Шайбани хан Сафауийлер мемлекетінің билеушісі Исмайыл Сафауийден Мерв маңындағы Мұрғаб өзенінің жағасында, Тахрирабад деген қала түбінде жеңіліс тапты. Иран сафауийлері шайқас барысында Шайбани ханды қолға түсіреді. 1510 жылы 12 желтоқсанда Шах Исмайылдың жарлығы бойынша Шайбани ханның басы кесіледі де терісін сыпырып, ішіне сабан тығып, сафауийлердің батыстағы дұшпаны болып саналатын Осман түріктерінің билеушісі Сұлтан Баязид II жібереді. Ал, Шайбани ханның бас сүйегін алтынмен қаптап Исмайыл шах, түрлі тойдумандарда шарап ішетін көзе жасатқан. Шайбани ханның бассыз денесін шайқас болған майданнан тапқан көмекке кешігіп келген сарбаздары Самарқанға әкеліп арулап жерлейді. Қазіргі Самарқан шаһарының ортасындағы Регистан кешені орналасқан жердің күн батыс жағында Биік сыпаға қойылады. Кеңес билігі кезінде ол жер тегістеліп тасталынған. Тарихшылар Шайбани ханның өмір баянын зерттеу барысында «Мазафат әл-Ғұз», «Дешті Қыпшақ», «Сайын дала», т.б. аталған ұлы даладан отырықшы өлкелерге жылжыған көшпенділердің соңғы көшін Шайбани ханның бастағандығына назар аударады. Сондай-ақ, Мәуареннаһрда Сафауийлердің ықпалымен кең қанат жая бастаған шиғалық бағытқа тосқауыл қойып, өлкенің суниттік мектеп аясында дамуына тың серпін берген Шайбани хан екендігін атап өтеді. Шайбани хан рухани ғұламаларға үлкен құрмет көрсетті, Дамашық және Халаб шаһарынан келген ғұламалармен діни пікір таласқа қатысты. Гераттық Қазы Ықтияр және Мухаммад Юсуфтарға өзінің көзқарастарын жүйелі түрде дәлелдеп, мойындата алғандығы да болған жәйт. Сол заманның танымал ғұламалары, ақындары мен тарихшылары Шайбаниді құрмет тұтты, оның білімін мойындады және оған түрлі атақтар беріп ұлықтады. Мысалы Шайбани туралы тарихи еңбектерде оны: *«Халифа ур-Рахман» және «Имам аз-Заман» яғни «Дәуір имамы» және «Тәңірдің жердегі орынбасары»* деп ұлықтаған. Шайбани хан Бұхара, Самарқан, Ташкентте мешіттер, медреселер салуға әмір етті. Өлкедегі суландыру жүйелерін жаңғыртты. Зарафшан өзенінің үстіне салдырған бөгет пен көпірінің өз заманында инженерлік ойдың ғажап жетістігі болғандығын XIX ғасырдағы Еуропалық зерттеушілер таңдай қағып жазды. Шайбанидің өзі араб, парсы және түркі тілдерін жетік меңгерген, поэзия саласында өз заманындағы көптеген ақындардан көш ілгері тұрған сөз зергері болғандығына оның әдеби мұрасы күе. Шайбани хан мемлекетті экономикалық және саяси жағынан нығайту жолында бірқатар реформалар жүргізді. Біріншіден, ол мемлекетті басқаруда сүйірғал тізімі жарияланды, яғни мемлекет басып алған қала, аймақтарды басқаруды өзінің перзенттеріне, туысқандарына, өзін қолдайтын рутайпалардың бектеріне, достарына тапсырды. Самарқан астана ретінде хан тағына отырғызатын жер саналды. Ол жерде ханның құрметіне хұтба оқытылатын және теңге шығарылатын. Теңгенің шығарылуы Шайбанидің ең маңызды реформаларының бірі, ол арнайы зерттеп, зерделеуді қажет ететін тақырып деп санаймыз. Шайбани мемлекеттік билікті нығайту мақсатында жер-суды қайта үлестіруді жүзеге асырды. Көшпенді тайпа бектері отырықшы өлкеде мол байлыққа ие болып орнығып қалу арқылы мемлекеттік билікке қызмет ететін әлеуметтік тапты құрады. Шайбани хан салық жүйесін қайта қарап,



реформалар жүргізді. Жоғарыда айтып өткеніміздей 1507 жылы Шайбани хан теңге реформасын жүзеге асырды. Осы реформа бойынша мемлекеттің ірі шаһарларында салмағы біркелкі – 5,2 грамм болған жаңа күміс теңгелер шығарылды. Шайбани ханның білім беру саласындағы реформалары да жемісті болғандығын байқаймыз. Реформа бойынша көп сатылы білім жүйесі жарияланды. Тәлімнің бастапқы кезеңі мектеп саналды, онда балаға 6 жастан бастап тәлім берілетін болды. Мектепте екі жыл оқығаннан соң бала медресеге көшірілетін болған. Медресе 3 сатылы білім жүйесінен құралды. Әр саты 8 жылдық білім алудан тұрды. Толық білімді алып шығу үшін 26 жыл бойы үздіксіз білім алынды.

Шайбани тарапынан амалға асырылған осынау реформалар мен басқа да сан алуан шаралар болашақта

өзінің жемісін беріп, орталық биліктің нығаюына әсер етіп қана қоймай, ұлттың дамуының жаңа белеске көтерілуіне негіз болып қаланды деп айта аламыз...

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Shiban Han divani.** Edited Y.Karasoy. Ankara, 1998.
2. Шейбани // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890 –1907.
3. **Камал ад-дин Бинаи.** Шейбани наме // Портал «Восточная литература».
4. **Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани.** Михман-наме-йи Бухара //Портал «Восточная литература».
5. История Казахстана в персидских источниках. Т.5. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

# АЛАШТЫҚТАРДЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ КӨЗҚАРАСЫ

**Сәбира ИМАНБАЕВА,**  
**Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің**  
**қауымдастырылған профессоры,**  
**Ләззат ИСАЕВА,**  
**Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар**  
**және инжиниринг университетінің аға оқытушысы**

**Ел басына зор апат, қайғы әкелген «Июнь жарлығы» деген атпен тарихымызда өшпес із қалдырған 1916 жылдың оқиғасы болды.** Ресей империясы отаршылдық саясатын ұстанып, 19 және 31 жастың арасындағы қазақ жастарын бірінші дүние жүзілік соғысқа шақырып, майданның кара жұмысына алуға заң бекітіп бейбіт отырған елді ашыңдырып, әбігерге түсірді.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы, оған байланысты отарлық езгінің күшеюі, соғыс мұқтаждарына жиналатын алым-салықтың қисапсыз өсуі «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан қазақ зиялыларын қатты ойландырды. Бірақ ұлт зиялылары соғыс жылдарында елді үкімет саясатына ашық қарсы шықпауға шақырды. Олар жәрдем комитеттерін ұйымдастыруға ат салысып, соғыс шығындарына қаржы жинау үшін өткізілетін түрлі шараларға қатысты. Мұндай шараларды ұйымдастыруға М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Қалменов, Д.Мырзағалиев, Д.Меңдібаев, т.б. қазақ зиялылары белсене қатысты. Тарихшы М.Қойгелдиевтің: «Ұлт зиялылары бірінші дүние жүзілік соғысы тұсында үкімет саясатына шарасыздан қарсы болған жоқ, қайта бейімделу бағытын ұстанды» [1], – деуі өте оң пікір.

М.Дулатов Қазақстанның далалық облыстарынан 100 мыңнан астам патша үкіметінің «бұратана» халықтардан солдат әскерге алмауының себебін, саясатын 1924 жылы жазылған «Ұлт әскері кеңес қорғаны болсын» атты мақаласында көрсетеді: «Бұрын патша өкіметі қазақ-қырғыз, өзбек секілді «бұратана» жұрттардан неге әскер алмады? Алды ма? Ия, өзге бір себеп болды ма? Алдымен осыны білу керек.

Патша өкіметі бұрын қазақтан, қазақ сияқты шеткі жұрттардан солдат алмауының саяси астары бар еді. Бағынған, шарасыздан бағынған, орысшылдық, озбырлық саясатымызға риза емес деп, егер бұл жұрттар әскерлік өнеріне үйренсе, қолына қару-жарақ алса, жауынгер болып кетіп, өткен еркіншілігін көксеп, бізге бас изеп құлдық ұрмайтын болады. Халі кеше сыбайлас Россияға жау жұрттармен күш біріктіріп шеңгелімізден шығып кетеді, арбауымызға көнбейді,

*айдауымызға жүрмейді деп патша өкіметі әдейі солдат алмайтын болған».*

Осы және қосымша басқа дәлелдерді келтіре отырып, ең соңында үкімет «сақтық жүзінен нәм патшалық пайдасы үшін ыңғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Ақмола, Семей нәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметке алуды кешіктіре тұруға қаулы етеді».

Жоғарыда айтылған мақаланың соңына қарай, М.Дулатов ойын сабақтай келіп, былай қорытындылайды: «Еуропа соғысы кезінде неміс әскері патша өкіметін жан алқымға алып састырғанда, қазақ-қырғыздан солдат алмай, оларға қару-жарақ беруден қорқып, кара жұмысқа малша айдау себебі осыдан көрініп тұр. Айдағаныма жүрмедің деп патша өкіметі 1916 жылы не қылғаны, асқаны, атқаны, қан жылатқаны, бастырғаны өзгенің есінен кетсе де қазақ-қырғыз әлі ұмытпаған болар» [2].

Патшаның «Июнь жарлығы» қазақ даласына шілде айының орта тұсына қарай келіп жетті. Бұл жарлықтың қазақ халқына қалай әсер еткендігі туралы М.Дулатов: «1916 жылғы маусым жарлығы шыққан кезде Орынборда едім... Ахмет Байтұрсынов сол жаз Торғай уезіндегі санақ жұмысына кетіп, «Қазақ» газетін мен басқарып тұрдым. Бір күні төбеден түскендей жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды. «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграммалар, хаттар жауа бастады. Ол кезде: «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі көзқұлағындай» көретін. Қазақ даласы күңіренді», – деп жазды.

Шошынған жұртқа септігі тиер ме деген үмітпен Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде басу айтып, мақаласын жариялайды. «...Мемлекет керегі үшін мынадай қырғын соғыста мал шығынынан тартынбай, кәтте әскерлікке адам аламын десе де ақылдасып барудан тайынбастай болып жүрген қазақ халқын бүгін кара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық: Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ кара

жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз.

*Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шұлатқаннан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер еш нәрсе жоқ» [3], – деп қинала отырып, Ахмет Байтұрсынов елдің арандап қалмауын ойлайды.*

Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары 1916 жылғы көтеріліс кезінде қандай позицияда болды деген мәселе соңғы уақытта жиі қозғалып жүр.

Ресей империясының отарлау саясатынан әбден титықтаған халық, жарлық шығысымен колониалдық тәртіпке қарсы қарулы күреске шығып, өрт жалынға айналды. Көтерілістің жалыны Орал, Торғай облыстарын түгел қамтып, Ақмола облысы мен Жетісу өңірінің кейбір аудандарына жайылады. Ә.Н.Бөкейханов бастаған зиялылар тарапынан бұл көтерілістер қолдау таппады. Ұлт зиялылары «мұздай» қаруланған, соғыс техникасы жетілген патша әскеріне ашық қарсылық көрсетуіне үзілді-кесілді қарсы шығуының басты себебі: елге жазалаушы қарсы әскер шығып, ең алдымен бейбіт халықтың шырқын бұзып, шаруа мен малдың күйзеліске ұшырауы сөзсіз екендігін білді.

Қайтсек қимыл-бағытымыз халыққа жөн болады, қандай жол арқылы халықтың сенімінен шығамыз деп зиялылар шарқ ұрды. «Қазақ» газетінің бар саясатты батыл әшкерелеп ашық көтерілуі қауіпті, халыққа жөн сілтеп, зиялылардың ойласқан мақсаттарын насихаттап отырған газетті цензура бір күнде жауып тастауы мүмкін. Уақытты созу үшін мобилизацияны кешеуілдетуді сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың жетесіне жете қоймады. Ұлт зиялылардың «жарлыққа көн» деп бір шешімге келгенін шарасыздықтан туған шешім деп ұғуымыз қажет. Оған төмендегі М.Дулатовтың сөздері куә: «*«Көнбе, берме» дейміз бе? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зияны барекен. Екі зиянныңқайсысы жеңілболар екен? Міне, біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді» [4].*

Ұлт зиялыларының осы тұстағы халықтан қолдау таппаған шешімінен *«Қайтсек ел іргесі сөгілмейді, қайтсек халықты қырғыннан алып қаламыз»*, – деп жаны ұшырған ұлт жанашырларын көреміз. Қысқасы, Ә.Бөкейханов бастаған, екпінді сапында А.Байтұрсынов, М.Дулатов болған зиялылар стихиялық халық көтерілісінен бөлініп қалды. Уақыттың өзі олардың болжамы дұрыс екенін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді. Қатты зәбір көрген Жетісу аймағы болды. Екінші «Ақтабан шұбырынды» қайта келгендей күн туды.

М.Тынышбайұлының мәліметі бойынша Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетілген [5]. Кейінірек, 1918 жылы сәуір айында А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Марсеков Қытайдың Шәуешек қаласына барып, осы жерге қоныс аударған қазақтармен кездесіп, оларды қайтадан атамекенге оралту мәселесін көтерді. Сонымен қатар қазақтардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсартуға Қытай өкіметіне өтініш жасады. Осы іс-сапардың нәтижесінде 1920 жылы Құлжа, Үрімші, Шәуешек қалаларында мектеп, емханалар ашылды. Тіпті көтеріліс жеңіліп, 1916 жылы 15 қыркүйегінен бастап, 19 бәз 31 жас арасындағы қазақ жігіттері майдандарға оқоп қазуға жіберіле бастаған күнде, оларға бас көз болып, «реквизицияландандармен» бірге Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары дәрігерлер, заңгерлер, оқытушылар бірге аттанды. Тарихшы Ә.Төкенов ұлт зиялыларының бұл ісін: *«Шын мәніндегі патриотизм деп түсіну керек,*

*әйтпесе сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін қазақ жігіттерінің елге аман оралуы екіталай еді»*,– деп тұжырымдайды.

Ә.Бөкейханов, М.Дулатов тағы басқа қазақ зиялылары Минскіде тыл жұмысына шақырылған жерлерде болып, қолдан келген көмектерінің бәрін көрсетті.

1917 жылы 5-ақпанда Минскідегі Земскі және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімі ашылады. Бөлімнің бастығы болып Ә.Бөкейханов бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін М.Есболов атқарады. Бөлімді ашқан бетте екеуі хатшылық қызметке М.Дулатовты шақырады. М.Дулатов пен дәрігер Әбубөкір Алдияров 25 ақпанда Торғайдың әскери губернаторы М.Эверсманнан арнайы куәлік алып, Минск маңы мен Барановичте тыл жұмыстарында жүрген қазақтар арасында болғанын атап өтуіміз қажет. Торғай губернаторы М.Эверсманның бұл екеуіне куәлік беріп жіберуіне Ә.Бөкейханов себепші болған. Енді осыны куәландыратын архив деректерін көрсетейік...

1917 жылы 25 ақпанда Орынбор қаласынан Торғай губернаторы М.Эверсман қолын қойып, М.Дулатов және А.Алдияровқа куәлік береді: *«Удостоверение: Предъявитель сего Мир-Якуб Дулатович Дулатов следует в г. Минск по приглашению заведывающего инородческим отделом для поступления на службу в отряд. Чем и выдано ему Дулатову настоящее удостоверение» [6].* Тура осы куәлік дәрігер Ә.Алдияровқа да берілген. Куәлік алған М.Дулатов пен Ә.Алдияров Минскіге наурыз айының басында келіп жетеді. Оқоп қазуға алынған қазақ жастарының ішінде ауру-сырқау көп болатын. Дәрігерлер аз, оларға деген мұқтаждық зәру еді. Ә.Алдияров өзінің шипалы емімен жігіттердің ықыласына ие болды. Ол туралы Минскі жанындағы 9-шы дружина жігіттерінің атынан Нығметолла Қаймекеұлы: *«Қазаққа доктор Ә.Алдияров жақсы қарап, көп пайдасы тиіп тұр, ерінбей еткен қызметі үшін төңір жарылқасын айтамыз» [7].* Мұнда Минскіде Ә.Бөкейханов, М.Дулатов «Еркін дала» атты саяси үйірме ұйымдастырды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты азаматтардың саяси белсенділігін көтеру еді.

Алаш зиялылары Минскіде қазақ жігіттеріне басшы болып қызмет бабымен жүргенде, патша билігінің құлағаны туралы қуанышты хабар жетеді. Төңкерістің кезеңі өтіп, қазақ зиялылары еркін тыныстай бастаған бір тұста М.Дулатов: *«...Сайланған сары әскер, қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?»*,– [8] деп қуана жазды. Өйткені, М.Дулатов та, басқа да ұлт зиялылары да Ақпан төңкерісін жақсы ниетпен қарсы алды. Оны шынайы бостандық деп түсінді.

Жалпы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстағы қазақ пен қырғыз халқының басынан өткен тауқыметін жан-жақты саралап қорытсақ, патшаға деген өшпенділік те шек жоқ. Сондықтан да Ақпан төңкерісін қарапайым халық та ұлт зиялыларының да қуана қарсы алуының мәні тереңде екендігін пайымдауымыз қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М.Х. «Алаш қозғалысы». Алматы: Санат, 1995. 169 бет.
2. Дулатов М. Ұлт әскері – Кеңес қорғаны болсын. //Ақ жол. 1924. 4 қаңтар. №386.
3. Қазақ. – 1916. №188.
4. Дулатов М. Он алтының ойраны. //Еңбекші қазақ. – 1926. №145.
5. Қазақ. – 1917. №237.
6. ҚР Президент архиві 811-қор, 20-т., 118-іс. 5-п.
7. Қазақ. - 1917. -№229.
8. Еңбекші қазақ. – 1926, 8 шілде.

# ҚҰНЫСКЕРЕЙ ҚОЖАХМЕТҰЛЫ – қазақ қарсыласу қозғалысының қаһарманы

Марат ЖҰМАҒҰЛОВ,  
ҚазҰлтАгрУ-дың аға оқытушысы

Құныскерей Қожахметовтың қазақ әдебиетіндегі бейнесі, көрнекті халық жаушысы Хамза Есенжановтың «Көп жыл өткен соң» (1967), «Жүнісовтер трагедиясы» (1970), жазушы Марат Мәжитовтың «Құмдағы із», «Құныскерей» (2002) романдарының, жазушы, өлкетанушы Өтепберген Әлімгереевтің «Құныскерей» (2003, 2018) және Қаратөбелік өлкетанушы Қайыржан Хасановтың «Қос батырдың хикаясы» (2000) кітаптарында жан-жақты суреттеліп, бас кейіпкері болған қаһарман тұлға.

Хамза Есенжанов өзінің «Ақ Жайық» романының ішіндегі бір кейіпкерін «*күшті де мерген, ақылды да адал, өздігінен ешкімге тимеген, ешкімді нақақ өлтірмеген, бірақ алам дегенін ауызы алты қарыс билер мен байлар, ауызымен құс тістеген әкім-қаралардан алған, халық жақтап, байлар қолдап, билер демдеп, қазірет пен молдалар батагөй болған, байтақ даланың төнтөк, төл өскен ерке ұлы, батыры*», – деп суреттеп бейнелеген адам.

**Құныскерей Қожахметов (1895-1965) Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қоныстану ауылына қарасты Тайсойған құмында туып өскен.** Бастауыш білім алған, өз заманының орта сауатты азаматы болыпты. Кеңес үкіметі орнағанға дейін мал өсіріп, Түзтөбеден тұз тасып сатып, т.б. ұсақ саудамен айналысып кәсіп қылған. Кеңес үкіметі орнаған соң туған ауылы Көздігара ауылдық кеңесінің алғашқы төрағасы болып, өлкеде жаңа кеңес өкіметінің қалыптасуына белсене ат салысқан тұлға.

Кеңестік әкімшілік-әміршілдік саясатқа, ел ішіндегі қуғын-сүргінге шыдай алмай, шала сауатты шенеуніктердің «әпер бақан саясатына» көнбей қарсы шығып, «халық жауы» атанып, «банды Құныскерей» деген атақ таңылып, нақақ қудалауға ұшыраған.

Енді осы мәселенің тарихи себептеріне үңілейік.

XX ғасырдың 20-жылдары КСРО-да қандай социализм орнатамыз деген мәселе жөнінде айтыс-тартыс басталып, идеялық-саяси күрес өріс алды. Жалпы социализм құрудың екі үлгісі алға тартылды: **біріншісі** капитализмге соқпай, феодализмнен коммунизмге «секіріп өту» мүмкіндігі, яғни, шаруаларға қысым жасау, күш қолдануға сүйенген әскери-коммунистік демократияны дамыту; **екінші жолы** – өндірушілерді материалдық ынталандыру арқылы, тауар-ақша қатынастарын жан-жақты дамыту идеясына негізделген жаңа экономикалық саясат үлгісі болды. Большевиктер басшыларының қай-қайсысы болмасын индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын кооперациялау мен мәдени революцияны жүзеге асырудың қажеттігіне еш күмәні болмады. Бірақ социализм идеяларын жүзеге асырудың қарқыны мен әдістері жөнінде әр түрлі түсінікте болды.

**БК(б)П ОК-нің 1923 жылғы маусымда өткен мәжілісінен кейін ұлттық идеялардың көріністерін қатаң қуғындау басталды.** Ұлт зиялыларының өкілдері ұлтшыл басмашылармен байланыс және Кеңес үкіметін құлатуға ұмтылғандары үшін айыпталды, қуғын-сүргінге ұшырады. 1922 жылы басшылық қызметтегі «Алаш» партиясының бұрынғы мүшелері орындарынан қуылып, ал 1924 жылы бірқатар қазақ коммунистері республикадан Орталыққа шақыртылып алынды. Аштық пен жаппай қуғын-сүргін, тоталитарлық режимнің жазықсыз адамдарды қуғындауы мен күштеп жер аударуы осы жылдардағы басты оқиғалар болды.

Қазақстанда халыққа қысым жасау саясаты, әсіресе, 1925 жылы қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік партия

комитетінің бірінші хатшылығына Ф.И.Голощекиннің келуімен күшейді. 20 жылдардың соңында ел ішінде адамдардың бір-біріне деген жаппай сенімсіздігі, қорқыныш пен қорғансыздық үрей белең алды.

**1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» атанған «Алашорданың» бұрынғы қайраткерлерінің бәрі тұтқындалды.** «Алаш» партиясының өкілдерін қудалау мақсатында кез келген айла-шарғы пайдаланылды. Баспасөзде олардың атын қаралайтын мақалалар жарияланып, тікелей арандату әрекеттері жасалды, олардың отбасы мүшелері, жақындары тұтқындалды. Құныскерейдің әкесі Қожахметті милициялар атып өлтіреді, әйелі Досқалиқызы Өсемді соттап, жер аударды да, баласы Айтжанды балалар үйіне өткізеді. Құныскереймен замандас, жерлес, ел ішінде абыройлы Алаш азаматтары Жаһанша Досмұхамбетов, Халел Досмұхамбетов, Қарасай Қодаров, Жүбекен Тілеубергенов, Беркінғали Атшыбаев және т.б. тұлғаларға түрлі жала жабылып қудаланды.

30-жылдардың басында сталиндік аппарат «миды шаюдың» неше түрлі әдістерін ойлап тауып, сталиндік насихат адамдарды сөз жеткізу мен ұстап беруге ашық итермеледі, оларды жалған қырағылыққа шақырды. Болуы мүмкін әр түрлі жаулардың тіміскі әрекеттерінен сақтандыруға шақырып, әркімнің жеке өміріндегі кез келген факті немесе абайсызда айтылған сөз оларды қудалауға негіз болды. Елде адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігінің, қорқыныш пен қорғансыздықтың ауыр жағдайы қалыптасты.

1920 ж. «Трудовая правда» газеті: «*Гурьевке азық-түлік тасып, мал етін дайындауда Қожахметов Құныскерей айрықша көзге түсті. Іскер, жаны таза, Совет өкіметінің ел ішіндегі сенімді өкілі*», – деп жазды. Осындай бағаға ие болған Құныскерей бір күннің ішінде Совет өкіметінің қас дұшпаны болып шыға келді. Неге? Оған себеп жандайшап тәртіп сақшыларының елге лаң салып, шектен шыққан озбырлығы еді. Үйіне келген қонағын «банды» деп артынан қуып келген милиция үй иесі Құныскерейден оны ұстап беруді талап етеді. Бұл талабына көнбеген Құныскерейді тәртіп сақшысы атып өлтірмекке қаруын кезенгенше, көз ілеспейтін шапшаңдықпен Құныскерей оны ауылдық кеңес төрағасына берген қаруымен атып өлтіреді. Ресми билік оны «банды», «қарақшы» деп айдар тағып, соңына түсті. Сол себепті батыстың «бандысы» атанған Құныскерей Қожахметов бауырын көтерген кеңестік өкіметтің жаңа саясатына көндікпей, мылтығын асынып, туған үйінен, туған жерінен жерініп, ашық күреске шығуы, Башқұртстан мен Түркімен асуы – адами ар-намысты қорлатпау, ұлттық салт-дәстүрді төрік етпеу – ерен батырларға тән, далалық өр мінез болатын. Осы кезеңде Қазақстанның батыс аймағында Аманғали Кенжахметов, Ерғали Аязбаев сияқты атынан ат үркетін, үкіметтің озбыр саясатына ашық қарсы шыққан белгілі тұлғалармен қатар олардың атын жамылған ұры-қарылар мен барымташыларда аз болмаған.

Құныскерей Қожахметовтің Алаш қозғалысына қатынасы туралы нақты дерек кездеспеді, бірақ өзі туып өскен аймақтағы саяси жаңалықтар мен іс-әрекеттерді байқамай, одан сырт қалуы мүмкін емес деп ойлаймын. Себебі кейбір деректерде Құныскерейді Алаш офицері деп атағандығын кездестіреміз. Оның үстіне Батыс Алаш үкіметі (алғашқыда Ойыл уалаяты) 1918 жылы мамыр айының екінші жартысынан 1919 жылы қазан айының аяғына дейін Қызыл

үйде (Жымпитыда) 17 ай бойы үстемдік құрып, Қызылқоғаға (Атырау жері) көшті. 1919 жылы 10 желтоқсанда Ойыл уәлаяты үкіметі өзінің ең ақырғы отырысын өткізіп, кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болды. Бұл саяси оқиғалар Құныскерей Қожахметовтың көз алдында, туып-өскен жерінде болған. Сондықтан Құныскерей көзі ашық, көкірегі ояу, саяси сауатты адам болғанына күмән жоқ. Алғашқыда кеңестік мемлекеттік құрылысты орнықтыруға бір адамдай ат салысып, қызмет жасаған ол, шала сауатты шенуніктердің ұрда-жық саясатына шыдамай ашық күреске шықты. Ол кеңес өкіметінің басшы жұмыстарында жүріп, үкімет жүргізген саясатқа, халықтың көріп жатқан зорлық-зомбылығына әбден шыдамай таусылып, кедейлердің күні туады, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман туады дегенге сенімі бітіп, осындай қауіпті әрекетке басын байлап, өз жерінде, өз елінде еріксізден банды атанып, қуғын-сүргінге түсіп, шыбын жанын шүберекке түюге мәжбүр болған еді.

Алашорда қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 1919 жылы жарық көрген «Революция және қырғыздар» деп аталатын әйгілі мақаласында нақты айтылғандай, «қазаққа ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, қазан революциясы соншалықты түсініксіз болды» және кеңестік биліктің күйреуіне дейін сол түсініксіз күйінде қалды. Олай дейтініміз, болшевиктер әу-бастан қара халықты алдап-арбау, еріксіз күштеу әдістері арқылы социализм орнатып, коммунизмге жеткісі келген сияқты.

**Құныскерей Қожахметов – батырлығымен, асқан мергендігімен көзінің тірі кезінде аты аңызға айналған адам.** Қазақстанның батыс өлкесінің қарапайым халқы Құныскерейді құрметтеп, үкімет әскерінен жасырып, азық-түлікпен, ат-көлікпен астыртын көмектесіп отырған.

Ол 1922-1933 жылдардағы қазақ шаруаларының «Адай көтерілісіне» белсене араласқан күрескер тұлға екендігін дәлелдейтін құжаттар да жеткілікті. Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Жұмағұлов Болат «Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі. 1922-1933 жж.»

ғылыми диссертациясы қолжазбасында Құныскерей Қожахметовтың көтеріліс барысындағы белсенділігі ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаттық деректерінің негізінде дәлелденіп жазылған. Сондай-ақ зерттеушілер І.Сариев пен М.Омаровтың «Ойрандалған Адай даласы» кітабында да Қ.Қожахметов туралы деректер жеткілікті.

Кеңес өкіметінің шаруа қожалықтарын ұжымдастыру және отырықшыландырудағы саясаты қазақ халқына аштық пен апат алып келді. Мыңдаған шаруалардың жанұялары туған жерін тастап, елден тыс ауа көшіп, алыс аймақтарға, басқа мемлекеттерге кетуге мәжбүр болды. Елде қалып, ұжымдастыру мен отырықшылану азабына ұшырағандар ғасырлар бойы күнкөрістің көзі болып келген малдан айырылып, соның салдарынан жұтқа, алапат аштыққа тап болып, сол даңғаз науқанның құрбаны болды. Сол саясаттың салдары 1929-1933 жылдары бүкіл Қазақстан территориясында етек алған шаруалардың әкімшіл-әміршілдік жүйенің халық басына әкелген ауыртпашылығына, олардың итаршыларының зорлығына және көрсеткен қорлығына қарсы бағытталған көтерілістері болып табылады. Олай болса Құныскерей Қожахметовте осы саясаттың құрбаны, қарсыласу қозғалысының қаһарманы деп бағалаймыз. Құныскерей Қожахметовтің тағдыры 1920-1930 жылдардағы қазақ халқының басына түскен ұлттық трагедияның жиынтық образы деп қабылдаймыз.

**Құныскерей 1930-1935 жылдары Түркіменстанның Мары облысы, Кушка ауданы, Сараджа ауылын паналаған.** Ол жақта Жаманов Әбілхайыр (Андрей, Елемес) деген жасырын атпен өмір сүріп, ұжымшарда орта деңгейдегі лауазымды қызметтер жасап, 1965 жылы өмірден өткен. Биыл, яғни 2020 жылы осы тарихи қайшылықты тұлғаның туғанына 125 жыл толады.

Құныскерейдің қазақы кесек мінезі, ұлттық салт-дәстүрге құрметі, батырлығы мен мергендігі, ерекше қабілеті жас ұрпақты тәрбиелеуде, ұлттық рухты жаңғыртуда тәлімдік, тәрбиелік мәні мен маңызы зор деп ойлаймын.

## САЯСИ БИЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҢ РӨЛІ

Шаяхмет АБУХАНОВ,  
ҚазҰлтАгрУ-дың Қазақстан тарихы және  
Қазақстан халықтарының мәдениеті  
кафедрасының аға оқытушысы

**«Құқық құндылық ретінде заңсыздыққа қарсы тұрады... Құқықсыз демократия, теңдік, бостандық ұстанымдарын бекіту мүмкін емес».** Осылайша, құқық қоғамның саяси өмірінде де маңызды рөл атқарады. Атап айтсақ, құқық мемлекеттік органдар құрылымын қалыптастырады. Оларды жасақтайды, оларды сайлау, тағайындау тәсілдері арқылы жүзеге асырады және олардың билік аясы жүйесіндегі қызметін арнайы құқықтық нормалар арқылы анықтайды. Мемлекеттік органдардың құрылымы, оларды құру тәсілдері (сайлау, тағайындау) олардың билік өкілеттілігі, іс-әрекеттерінің түрлері мен әдістері, т.б. мәселелер құқықтық нормалар арқылы анықталады.

Қоғамдық тәртіп (демократиялық немесе халыққа қарсы бағытталған) тек қана құқықтық актілер арқылы орнатылады, ал оны құқық қорғау органдары қамтамасыз етеді. Азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатынасу үшін пайдаланатын саяси құқықтары мен бостандықтары нақ осы құқықтық актілер арқылы белгіленеді. Мемлекеттік құрылымда құқықтық тәртіпті қорғайтын, заңды бұзушыларды заң жолымен жауапқа тартып отыратын арнаулы органдар құрылады. Мұндай органдарға полиция,

сот, прокуратура, әскер және т.б. жатады.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда демократиялық жолмен қабылданған заң алдында барлық қоғам мүшелерінің тең саналуы, заңның халықтың еркін білдіруі және жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі, конституциялық басқару режимінің қызмет етуі танылады. Бұл мемлекетте дамыған және қарама-қайшылықсыз құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі, өзара әрекет ететін нақты тармақтарға жіктелген билік, дамыған әлеуметтік бақылау жасайтын тетіктері бар саясат пен билік пен пікір алуандылығы кең өріс алады. **Құқықтық мемлекеттің құрамдас бөліктерін мыналар құрайды:**

-билік пен басқару жүйелерінің заңға тәуелділігі;

-конституциялық қадағалау;

-демократиялық саяси жүйенің орнығуы;

-биліктің шегінің белгіленуі;

-дамыған азаматтық қоғамның болуы;

-жергілікті өзін-өзі басқарудың кең қанат жаюы;

-пікір алуандылығының кең өріс алуы.

**Құқықтық демократиялық мемлекетте ең жоғары заңдық күші бар – Конституция зор маңызға**

ие. Конституция мемлекет пен қоғамның негізгі заңы, нормативтік актісі. «Конституция халықтық егемендік, халық бірлігі, барлық салада азаматтар құқықтарының кепілдігі идеясын жүйелі жүргізіп отырады». Еліміздің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясында тұжырымдалғандай: Конституция қоғамдық өмірдің барлық салаларын өз нәрімен сусындататын зор ауқымды саяси-құқықтық күшті бойына жинақтаған негізгі заң. Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, оның болашаққа бағытталған ұйымдастырылуы мен қызметі принциптерін белгілейді. Онда адамдар мен азаматтардың, мемлекеттің қайнар көзі және әлеуметтік негізі ретінде бүкілхалықтық конституциялық мәртебесі бекітіледі. Конституция тек конституциялық құқықтың ғана емес, сондай-ақ, ұлттық құқықтың барлық салаларының да қайнар көзі. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының 1995 ж. Конституциясы демократиялық қоғам құру мен әрбір жеке адамның автономиясының заң жүзіндегі кепілдіктерін қамтамасыз етуге қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Олардың қатарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының конституциялық негізде бекітілуі, билік тармақтарының бөлінуі, тәуелсіз конституциялық бақылаудың, заңның үстем болуы, идеологиялық және саяси әреуеландылықтың өрістетілуі және т.б. конституцияда бекітілген құқықтық мемлекетті дамытудың ұстанымдары бар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік құрылым әр түрлі жағынан қарастырылады. Яғни, Қазақстан Республикасының 1995 ж. Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп тұжырымдалған. Демек, біздің Конституция құқықтық мемлекетті құру үдерістеріне әмбебап тұрғыда жоспарлы түрде оңды серпін беретін негізгі заң. Дәл осы қолданыстағы Конституцияның негізінде еліміздің жаңа құқықтық негізі құрылғанын және мемлекетті қазіргі заманға сай басқару жүйесі қалыптасып, әрекет ете бастағанын үнемі есте ұстаған жөн. Сондықтан Конституцияның құқықтық мемлекетті құруда атқаратын жетекші рөлі мен қуатын оны жүзеге асыру ісіне тек мемлекеттік органдардың ғана емес, сондай-ақ, барлық азаматтық институттар мен азаматтардың белсене араласуы нәтижесінде ғана толық сезіне аламыз.

Мемлекеттің саяси жүйесі Конституцияда нақты көрініс тапқан. Саяси жүйенің негізгі тұғыры – президенттік басқару жүйесі Конституцияда алғаш рет заңдастырылған. Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып жарияланған. Президентке елдің ішкі және сыртқы саясаттарын анықтау міндеті жүктелген. Ол мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және олардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Президент заң шығарушы, атқарушы, сот жүйелерінің бәріне бірдей қатынаста болады. Бәрінің жұмысын үйлестіріп, мемлекеттік биліктің дұрыс жүргізілуінің кепілі болып танылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Негізгі Заңда көрсетілген конституциялық нормаларға сәйкес ауқымда жемісті жұмыс істеп отырғанына бүкіл ел куә. Еліміздегі саяси тұрақтылық, орын алып отырған үлкен қиындықтарға қарамастан макро экономикалық деңгейдегі ілгерілеу, отандық өнеркәсіпті жандандыруға шетел инвестицияларын көптеп тарту, шикізат көздерін игеріп, жер асты байлықтарын экономиканы аяққа тұрғызуға пайдалану, алыс-жақын шетелдермен оңды қатынастар орнату, ұлттардың татулығын қамтамасыз ету, еліміздің руханиятын, қорғанысын дамытуға күш салу және басқа жүзеге асырылып жатқан сан-салалы

қызметтер жүйесі құптауға әбден тұрарлық.

Президент ел халқына 2019 жылы өзінің жолдауын жариялады. Ол құжатта алда тұрған дамуымыздың басты бағыттары көрсетілді.

**Жаңа Конституция елімізде екі палаталы тұрақты жұмыс істейтін Парламентті заңдастырды.** Ол республиканың заң шығарушы ең жоғарғы өкілетті органы. Парламентіміздің жаңа демократиялық сипатта дамуына конституциялық негіз қаланды. Парламент өз жұмысын саясаттандыруға бейімдемей, экономикалық және саяси реформаны елімізде жеделдетуге қажетті заңдарды қабылдауды алдына негізгі мақсат етіп қойды.

Конституцияда Парламент депутаттарының құқықтары мен міндеттері нақтылап көрсетілген. Конституциялық шеңберде әрбір депутаттың жемісті жұмыс істеуіне толық негіз бар.

Парламент Елбасының ұсынысы бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, республикалық бюджетті бекітіп, оның орындауын қолдайды. Үкімет басшысының бағдарламасын тындап, оны мақұлдайды немесе қабылдамай тастайды. Соғыс және бітім мәселелерін шешеді. Республиканың халықаралық шарттарын қадағалай отырып бекітеді және олардың күшін жояды.

**Республика Үкіметі Конституция белгілеп берген өкілеттіліктерінің негізінде экономикалық-әлеуметтік дамудың барысына басшылық жасап, ұйымдастыруға жауапты.**

Парламент депутаттары да атқарушы органға берілген билік өкілеттіктері сияқты өкілеттіктерден құралақан емес. Шындығына келгенде, Үкімет те Конституцияда көрсетілген мөлшерде ғана өкілеттікке ие. Президенттің алдында есеп береді, оның үнемі бақылау-назарында болады. Бюджет жүйесі жөнінде Парламентке тікелей тәуелді.

**Жаңа Конституцияда биліктің үшінші тармағы – сот жүйесіне ерекше маңыз берілген.** Елімізде құқықтық реформа жүзеге асырылуда. Бұл салада жаңа Конституцияға негізделіп қайта жасалған “Азаматтық кодекс” пен “Қылмысты істер кодексінің” және де, т.б. заңдардың қабылдануын ерекше атап өтуге болады.

Мемлекеттің республика деңгейінде ғана емес, жергілікті жерлердегі басқаруы мен өзін-өзі басқару тәртіптері де Конституцияда айрықша дараланған. Жергілікті өзін-өзі басқару – мемлекетте халықтың еркін білдіру арқылы билікті қалыптастыру тәсілі. Әлемде жергілікті өзін-өзі басқару – азаматтардың мемлекетпен байланысын, басқару ісіне тура қатыстылығын қамтамасыз ететін институт ретінде қарастырылуда. Осы орайда 1985 ж. 15 қазанда қабылданған жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартияның алғысөзінде: «жергілікті өзін-өзі басқару органдары кез келген демократиялық құрылыстың ең басты негіздерінің бірі болады. Азаматтардың мемлекеттік істерді жүргізуге қатысу құқығы демократиялық принциптерге жатады», – делінген. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Конституциясымен танылған және кепілдік берілген жергілікті өзін-өзі басқару халықтың мүддесін негізге ала отырып, тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жергілікті мәні бар мәселелерді шешу жөніндегі дербес қызмет ретінде айқындалады.

Облыс пен аудандарда, қала мен ауылда мемлекеттік басқару өкілеттігін мәслихаттар, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Мәслихаттарға Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы Заңында: «жергілікті өкілді орган (мәслихат) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган», – деген түсінік

берілген. Сөйтіп, жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды. Сондай-ақ, азаматтарды қоғам істерін басқаруға қатысуға тартады әрі олардың саяси құқығын елеулі түрде қамтамасыз етеді.

**Конституцияда мемлекеттік билік жүйелерінің құқықтары мен бостандықтары және міндеттері бекітіліп көрсетілген.** Онда мұндай билік жүйелерінің тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі нақтыланған. Мысалы, заң қабылдау билігіне (парламентке) қатысты тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінде Президент кідірте тұру вето құқығын қолданады. Сондай-ақ, атқарушы билікке қатысты да тежемелік тепе-теңдік құқығы бар. Мысалы, үкіметке сенімсіздік білдіру вето және тағы басқа. Ал, парламент тарапынан болатын тежемелерге атқару органдардың жауапты қызметкерлерінің заң қабылдау құрылымдары құрамына сайлануға, коммерциялық істермен айналысуға тыйым салу ветолары жатады.

**Мемлекеттік органдар құқыққа бағынышты бола тұрып, оның ұйғарымдарын бұза алмайды, керісінше, оны бұзғаны үшін немесе орындамағаны үшін жауапты болады.** Мемлекет қоғам мен жеке тұлғаның бостандықтарын заңдар арқылы белгілей отырып, өзінің де әрекет ету шегін бекітеді. Заңдар арқылы мемлекет өзінің міндеттер жүйесін нақтылап, азаматтар және қоғамдық ұйымдармен болатын қарым-қатынастарда әділеттік пен тең құқықты қамтамасыз етуді жүзеге асыруы қажет.

Айта кетерлік маңызды жайт, **үстіміздегі жылы еліміздің барлық азаматтары басшылыққа алуға міндетті Негізгі Заңы, Конституциямыздың қабылданғанына 24 жыл толды.** Бұл кезең тарих үшін жай ғана статистикалық маңызы бар кезең болғанымен, Қазақстан үшін түбегейлі жаңарулар жүзеге асырылған сындарлы жылдар.

Қазақстан қоғамында құқықтық мемлекетті орнықтырудың басты алғышарттары мен ұстанымдарын негіздеп, оны қамтамасыз етуде қоғамдық-саяси өмірге демократиялық нысанды енгізу бірден бір дұрыс бағыт. Осыған орай қазақстандық қоғам саяси жүйенің түрлі салаларында демократиялық құқықтық құндылықтарды орнықтырудың бастапқы кезеңінде әрі даму үстінде. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: *«Қоғамымызды кезең-кезеңімен, бірақ үздіксіз демократияландыру – біздің ұдайы ұстанатын қағидамыз... Ең бастысы – ел өмірін демократияландыру эволюциялық жолмен жүзеге асырылуы шарт».*

## РЕЗЮМЕ

В этой статье описывается роль права в политической жизни общества и роль, которую он играет в построении демократического, правового государства. Роль конституции в системе политической власти страны и конституционные права, свободы и задачи политической власти будут обсуждаться.

\*\*\*

This article describes the role of law in the political life of society and the role it plays in building a democratic state of law. The role of the constitution in the country's political power system and constitutional rights, freedoms and tasks of political power will be discussed and discussed in detail.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы – 2019 ж.
2. **Ғ.Сапарғалиев.** «Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері» Алматы – 2007 ж.
3. ҚР-ның жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңы. Алматы – 2018 ж.
4. **Т.Әуелғазина.** ҚР жеке тұлғаның саяси әлеуметтану ерекшеліктері. Монография. Алматы – 2000 ж.

# ҚОҒАМ САБАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ МЕНТАЛИТЕТТІҢ РӨЛІ

Руслан СЕМБАЕВ,  
ҚазҰлтАгрУ-дың аға оқытушысы

**Бүгінгі қоғам жаңа технология мен техниканың барлықтаған шағы.** Жер шарындағы адамзат атаулы осынау бір тылсым дүниенің ашқан жаңалықтарына тамсана қарай отырып, тұрмыс-тіршілігінің айырылмас бөлшегі ретінде қолданып келе жатқандығын бәріміз білеміз. Еңбектеген жастан, еңкейген кәріге дейін әлеуметтік желі мен ғаламтордың нағыз құрбандарына айналғандай. Кей кездері осы техниканың әсері шығар, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы өзгеріп, тым еліктеушілік пен рухани дүниелердің әлсіреп бара жатқандығын байқаймыз. Үлкенді үлкен, кішіге деген кісілігімізден алшақтап, батыстық дәстүрдің бұрмаланған тұстарына жан дүниемізді бойлатып бара жатқандаймыз. Осы орайда, біз қарастыруымыз тиіс белгілі бір ұғымдардың бар екендігін ескере кеткеніміз жөн деп санаймын.

**Бүгінгі Қазақстан қоғамында экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани мәселелер жеткілікті.** Солардың бірі, меніңше ұлт менталитеті болуы керек. Қоғамның даму бағыты, экономикалық және саяси реформалардың пәрменділігі көп жағдайда ұлт менталитетінің икемділігі мен қабілеттілігіне, жаңа құндылықтарды қабылдау мен талдау деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сонымен қатар, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер

де өз кезегінде қазақ менталитетінің болмыс бітімі мен табиғатына да айтарлықтай өзгерістер енгізуде.

**Ұлт табиғаты, ұлт менталитеті – күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі.** Ұлттың болмысын тану, оның тарихи тағдыры мен тағылымын анықтау – қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе екендігін білеміз. Бір қарағанда ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, салты мен дәстүрі ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады. Ұлттардың тарихи тағдыры, өзара ықпалдасуы мен байланысуы қоғам өмірінде жан-жақты көрініс алып отыр. Ең бастысы – әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру. Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу, оның терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі екен. Менталитет пен мінез-құлық ұғымдары синоним сөздер емес екендігін әрқашан есте ұстауымыз қажет. Ұлттық мінез-құлықтан менталитеттің ерекшелігі мынада, ұлттық мінез-құлық ментальдықтың негізгі бөлігі ретінде өмір сүрудің психологиялық-физиологиялық белгілерін өзіне жинақтайды. Ал менталитет әрине ментальдықтан да күрделі әлеуметтік сапалы жағдай болып саналады деп айтуымызға болады.

**Егер тамырына үңіліп қарасақ, менталитет не-**

**месе діл деген ұғымдардың анықтамасы,** яғни (лат. *mens* – жан құрылымы) – ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез-құлқы деп көрсетіледі. Сондай-ақ діл халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелігін тану болып табылады. Сол арқылы адамдардың жалпылама және нақты баға беруі, әлеуметтік ұстанымы өзінің әлеуметтік бірлігіне және басқа да қауымдастықтарға белсенді қарым-қатынасы пайда болады. Діл, менталитет – адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықтардың және іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумысынан құндылықтар жүйесін, негізінен алғанда (отбасылық, топтық, этностық, өркениеттік, т.б.), көбінесе, бәз қалпында, сол күйінде қабылдайды. Осыған келгенде, айтарым, ең алдымен, этностық сананың тұрақтылығын, дүниетанымының әмбебапты болатындығын ескерген жөн. Себебі, діл «біз және біз емес» деген ажыратушы оппозицияға негізделеді. Ділді оған табиғаты ұқсастау мәдени архетип пен ұлттық мінез-құлықтан ажырата білген жөн. Өзгермелі ортада тұлғалық тұрақтылықты жүзеге асыратын мәдени архетип тылсымдық, бейсаналы сипатты иеленеді, ал таңбалардың, рәміздердің, мағыналардың пайымдалған жүйесін құрайтын діл саналы талқыға түсіп отырады. Ұлттық мінез-құлық мәдени архетиптермен бірге адамдардың қайталанбалы, табиғи, этнопсихологиялық ерекшеліктері арқылы көрініс табады. Діл әртүрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстарды біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленеді. Осы біркелкілік адами қоғамдастықтардың ортақ табиғи-тарихи ортада қалыптасуымен де, мәдени сабақтастық нышандарымен де тікелей байланысты болады. Мысалы, еуразиялық Ұлы Даланы қоныстанған көшпелі халықтар ұрпақтарының ділінде көптеген ортақ белгілер бар деп қарастыруымызға болады.

**Діл – әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, нанымдылық пен рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы** екендігін ескергеніміз абзал. Менталитет жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды: бұл орайда менталитет – өзгеше ойлау типі іспеттес. Менталитет деген түсінікті, жалпы – табиғат және әлеуметтік жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын, жалпылық менталитет терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқатты түпдерек ретінде қарастыра отырып, америка философы РЭмерсан (1856) енгізді. Менталитет қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің философиялық, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым деп көрсетіледі. Ғылыми-публицистикалық және саяси әдебиеттерде діл туралы соңғы жылдары ғана айтыла бастады. Сондықтан бұл ұғымды түсінуде кейде бір мағыналылық жетіспей жатуы мүмкін деп ойлаймын. Соған қарамастан, бір мәселенің басы ашық деп сеніммен айтуға болады. Ол қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік прогреске жету үдерісінде бұқараның саяси ділінің шешуші рөлін атқарады. **Ділдің табиғатын түсіну үшін, алдымен төмендегідей түсініктемелерге назар аударғанымыз жөн.** Біріншіден, діл жеке адамның немесе әлеуметтік топтың сана деңгейін көрсетеді, санамен тығыз байланыста болады. Сонымен қоса ділдің санамен шектелмей, одан тысқары жатқандарды да қамтитынын ұмытпау керек. Жеке азаматтар ғана емес, ірі әлеуметтік топтар да бүкіл қоғам осындай саяси сана деңгейіне пропорциялы белсенді немесе пассивті болуы мүмкін. Саяси белсенділік жағдайында қоғам

динамикалы дамиды, өз келешегін өзі жасай алады. Қоғам өзінің дамуы кезінде түрлі сілкіністерге, дағдарыстарға ұшырап отыруы мүмкін. Осындай төтенше жағдайларда кейбір қоғамдар тығырықтан жол тауып шығады, енді біреулері құрып кетуі мүмкін. Бұл қоғамның әрекетке және ойлауға қабілеттілігіне байланысты. Ділдің келесі, үшінші кыры – адамдардың дүниені белгілі бейнеде қабылдауы мен сезінуінен, прогреске дайындығынан, зауқынан көрініс береді. **Ділділік – индивидтің немесе топтың әрекетіндегі ділдің көрінісін, демек, оның айшықтығын немесе көмескілігін бейнелейді.** Мысалы, бұқара демократиялық құндылықтарды санасына жақсы сіңірген болса, онда ол саяси мәдениетінің, құқықтық сауаттылығының жоғарылығымен қоғам өміріне белсене араласады, үкіметтің қызметін бақылауға алады, өз құқықтарын қорғап қалады. Мұны ділділіктің көрінісі деуге әбден болады. Бір ескеретіні, бұқара ділділігін ұнамсыз жағынан да көрсетуі мүмкін. Мысалы, ол саяси белсенді емес, өз құқықтарын қорғай алмайды, қоғамдық бірлестіктердің, өзге ұйымдасулардың жұмысына қатыспайды, соның салдарынан қоғамда болып жатқан саяси құбылыстардың мәнін түсінбейді, соның әсерінен қамығады, жеңіледі, тұрақсызданады және рухани әлсірейді. Демек, ділділіктің жоғарыда аталғандай, құпталатын көрінісі сияқты, құпталмайтын, жағымсыз көрінісі де болады. Бір халықтың саяси белсенділігі мен құқықтық сауаттылығын көрсетуі ділділік болғаны сияқты, екінші халықтың саяси бұйығылы мен құқықтық сауатсыздығын көрсетуі де ділділікке жатады. Өйткені екеуі де ділді (құпталатын немесе құпталмайтын) айшықты көрсетіп тұр. Ділділіктің елшөміні оның құпталатынына немесе құпталмайтынына қарап бағалауға болмайды. Ділділік – бар немесе жоқ, көрініс беріп тұр немесе көрініс беріп тұрған жоқ – сонысымен ділділік. Ал құпталу немесе құпталмау – ділділіктің сапалық критеріі. Ал ділсіздік ұғымында мағына жоқ. Өйткені бұқара бар жерде – жақсы немесе жаман болсын діл бар. Діл бар жерде, жақсы немесе жаман болсын, оның көрінісі бар. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мысалдарға қарайтын болсақ, АҚШ халқының ділінің мынадай ерекшеліктерін байқауымызға болады: саясатқа белсенді араласады, Қоғамдық психологияда белгілі деңгейде көрініс бергенімен, жоғарыда аталған жағымсыз құбылыстарды ұлттық психологияға жатқызуға болмайды. Ол – тарихтың белгілі бір кезеңінде билік иелері жүргізген саясаттың салдары, демек, ділдегі өзгерістер. Енді идеологиялық тәрбиенің бағытын өзгерту арқылы ділдегі келеңсіздіктерді түбегейлі өзгертіп жіберуге болады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы жаппай геноцид, зиялы қауымды қырғынға ұшырату бұқаралық санаға арызқойлық пен жалақорлық психологияны орнықтырып кетті. Кадрларды іріктеу мен қызметке орналастырудағы әділетсіздіктер, жоғарыдағылардың төмендегілерді жеке басына берілгендік ұстанымымен тағайындауы жағымпаздықтың өршуіне себеп болды. Жоғары лауазымдарға кәсіпқойлығымен емес, пысықтығымен немесе сыбайластықпен келіп алған, ұлттық мүддені көздеуді білмейтін, ру мүддесімен күн кешіп жүргендер жойылып бара жатқан рушылдықты қайта қоздырады. Осылай түрлі келеңсіз құбылыстардың бәрі өз себептерімен қоғамдық санадан орын алып жатты. Бұл жерде ескерте кететін бір жайт, патшалық Ресейге бағыныштылық және коммунистік билік тұсында бұқаралық санаға ұялағанның бәрі тек қазаққа ғана тән емес.

**Сонымен ойымды қорыта келе, діл немесе менталитет бұл ұлттық сипатқа ие түсінік.** Діл мен дінді, салт пен дәстүрді тарих беттеріне шегедей қаққанда, немесе бүгінгі қоғам өміріне нәтижелі ойластырғанымызда біз болашақ ұрпақ үшін қамсыз өмір сүретіндей дәрежеге жетеміз. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы, өзімізге байланысты. Ата-баба рухымен келген құнды дүниелерімізді бағалайық, жоғары көтеріп жүруге тырысайық!

# ҚАЗАҚСТАН КҮРДТЕРІНІҢ ЭТНОГЕНЕЗІ

Шара ИБРАШЕВА,  
ҚазҰлтАгрУ-дың қауымдастырылған  
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

**Күрдтер – тарихи зерттеулер бойынша II мыңжылдықтың жаңа дәуіріне дейінгі кезеңнен бастап өмір сүрген, Оңтүстік-Батыс Азия, Таяу Шығыс елдері арасындағы ең ежелгі ірі этностардың бірі [1, 161-б.].**

Егер күрдтердің этногенезі мен КСРО-ның құрамына қалай келгені туралы айтсақ, Мовсес Хоренацидің (Моисей Хорейский) «Армения тарихы» деп аталатын көне жазбаша естеліктері бойынша, олар бұл аймақта б.э.д. V ғасырда пайда болған. Одан бұрын б.э.д. VII ғасырда күрдтер Кавказдың жергілікті халқы болған [2, 273-б.].

Күрд халқының этногенезі бұдан әлдеқайда ертерек кезенді қамтығанымен, алғаш рет «Күрді елі» деген атау XII ғасырдан бастап аталады. Бастапқыда бұл аймақ Таяу Шығыстың (Иранда) бас қаласы Бахар қаласының территориясы болған. Оның негізін салушы – селжұқтар әулетінен шыққан Санжар. провинцияның құрамына бес ірі аймақ – Хамадан, Динавар, Керманшах, Шехризур, Санджар және Алани аумағының бірдей аталатын он алты қаласы, елу елді мекені, Херсин қамалы, Вестам ауылы кірген [2, 110-б.].

**Ежелгі күрд тайпаларының жалпы бөлігі Күрдістан деген аймақта – Загрос тауының орталық және солтүстік және Тигр мен Эфраттың жоғарғы жағында шоғырланған.** Қазіргі кезде бұл жерлер Түркия, Иран, Ирак пен Сирияның иелігінде. Күрд этносы Еуропа мен АҚШ, ең көп бөлігі Түркияның оңтүстік-шығысында өмір сүріп жатыр. Ал, Ирандағы күрдтер батыс жағындағы – Илам, Керманшах, Маку, Батыс Әзірбайжан, Хамадан мен Зенжанда тұрады. Ирактағы аталған этнос өкілдері «Ирак Күрдістаны» деген автономияны алып жатыр. Сонымен қатар, Сириядағы күрдтер оның солтүстік және солтүстік-шығыс жағында орналасқан, олар бұл жердің тұрғындарының жалпы санының 15-20 % құрайды. Бұл жер – «Сириялық Күрдістан» деген атпен танымал. Күрдтердің өздері ол мекенді Рожава «Батыс Күрдістан» («Күрдістанның» бір бөлшегі іспеттес) деп атайды. Алғаш рет Күрдістанның «Күрдтер елі» деген этнографиялық атауы XII ғасырда пайда болғанына қарамастан, аталмыш этностың тарихы әлдеқайда тереңде деп айтуға болады [3, 171-б.].

Алғашқыда бұл аймақ Таяу Шығыста орналасқан еді. Орталығы – Бахар қаласы болған. Бахар қаласы – бір жағынан шаһар, екінші қырынан ұлы қорған қызметін атқарған. Алиштер қаласы зороастрлардың жиналатын орталығы – Арухш немесе Ардехш; Бахар; Заб өзені жағасындағы Хуфтиан қамалы, Дербенде Тәж Хатун мен Дербенде Зеңге қалашықтары мен Дезбіл, Динавар қалалары, Бехистан, Шехризур, Керманшах (Кармансин) баурайындағы Сұлтан Абаде Жем-жемал, Керенд пен Хошан, Кеңгевер (Қаср эль Лесус), Мәхидешт (Мәхдешт), 50 елді мекен, Херсин қорғаны, Вестам ауылы және XIII ғасырға дейін Күрдістан құрамына Луристан (Иран) енген еді [4, 143-б.].

**Тарихи деректер бойынша бұл кезеңде Күрдістан – бір-біріне тәуелсіз бірнеше күрд княздігінен тұрған.** Жекелеген княздіктерді тайпа көсемі әулетінен шыққан басшы басқаратын болған. Бірақ олар көбіне Шәддәді, Мерваны, Аюби секілді күрд династиясынан өрбіген феодал-принцтер еді. Та-

рихи деректерге жүгінсек, X-XII ғасырда Кавказ аумағын Шәддәділер басқарған болуы керек деген тұжырымдар бар. Ол Күр мен Арак арасын жалғап жатқан атыраптың орталығы – Гәнж бен Двин болатын. Аюби династиясынан «Крес жорығында» мұсылман намысын қорғаған Салах ад-Дин көп жыл бойы Мысырды билеген. Чалдыран шайқасынан кейін Зохаб келісіміне (1514-1639 жылдар) сәйкес, Күрдістанның территориясының географиялық тұтастығы бұзылды да, күрдтер тұратын территориялар бөліске түсті. Ал, Түркия, Иран, Ирак пен Сирия мемлекеттерінің өз шекарасын белгілеуі күрд халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына кері әсерін тигізді. Бұл оқиғалардың салдары, бүгінге дейін күрдтердің этникалық және географиялық шекарасын елі күнге дейін анықтай алмауына себеп болды [5, 110-б.].

**Ру-тайпалар мен көптеген конфедерациядан тұратын Күрдістанда соңғы он жылда руаралық қарым-қатынас әлсіреп, бұл тұтас ұлт боп ұйысуға алып келді.** Бұл жөнінде бастапқыда белгілі болған мәліметтер бойынша, XVI ғасырдың аяғындағы «Шериф-наме» атты күрд жылнамасынан – горан, кельхор, лур, құрманжы сияқты төрт ірі конфедерацияны айта аламыз. Күрдістан бөліске түскеннен кейін тайпа аралық байланыс әлсіреуімен бірге, экономикалық ахуал да нашарлады. Сондықтан, гәркі руының көсемдері қыстау мен жайлауға көшіп-қонып жүргендіктен өздерін Иранның және Ирактың тұрғынымыз деп есептеген. Дәл сондай бір ауыр жағдайды күрдтердің шекек, артоши секілді тайпалары да басынан өткерді [5, 75-б.].

**Осылайша күрдтер Таяу Шығыста тарыдай шашылды.** Мысалы, күрдезідтердің өкілдері Ирак, Сирия, Түркия мен Кавказда орналасса, олардың басшысы Иракта тұрады. XIX ғасырдың басы мен XX ғасырдың орта шенінде Күрдістанда күрдтермен қатар көптеген ұлыстар тұрған. Олар көбінесе ауылшаруашылықпен айналысқан, тау маңы мен таудың жоғарғы жағында тұратындар еді. Сол кездері күрдтермен бірге түрік, парсы, араб, түркімен, армян, ассириялықтар, жебірейлер мекендегенмен, саны жағынан аз болды. Иран Күрдістанының солтүстік-батыс жағындағы – Маку, Сейгмен таулары, Котур шатқалы, Салмаса, Тергевера, Мергевера, Резайе (Урмия) өзені маңында тұрған күрдтердің ірі тайпаларына: желали, зилани, мылая, шекаки хайдеранлу, хасаниа, бруки, сипкилерді (немесе сипканли) жатқызамыз. Ал зерза, мукри ру одағы (бекзаде, дебюкри, мамаш, мангур, пиран, геурьк), сусани, келбахи, арделяндар орталықта мықтап орныққан болатын (Ушту, Мехабада, Бокана, Сердешта, Секуза, Бане, Сенедеджа). Жаф, гуран, авроман, балавенд, валатбегы, вандур, кальхани, дорадж, кельхор, мериван, сенжабилер Иран Күрдістанының оңтүстігінде орналасқан еді. Желали, мысыркі, зилани, милани, сипки, бруки, шекаки, жаф, горанилер Түркия, Иран, Ирак, Сирия мен Кавказда да болған. Күрдістан аумағындағы әлеуметтік-экономикалық, ауылшаруашылық, тарихи жағдайларға байланысты этникалық құрамының қатты өзгеріске ұшырауына байланысты күрд тайпаларының орналасқан мекені



мен орнын анықтау қиындық туғызады. Күрдтердің этникалық құрамының өзгеруі ішкі және сыртқы факторлармен байланысты. Күрдтер өздерінің шығу тегін сонау кардхуартан (гордиендер, кордуктар, кирттар), кейбір ғалымдардың зерттеулері бойынша пактиліктерден (бокхандықтар) тартатынын, ал тілінде диалект сөздер көп болғанына қарамастан ол солтүстік-батыс иран тілдік тобына (оның өзі мидийліктермен өзектес) жатады [6, 98-б.].

**Этнографиялық ауқымы жағынан, бөлшектелген шекаралары Ирак, Түркия, Иран, Сирия және посткеңестік Кавказ өңірі деп аталатын өздерінің тарихи отаны Күрдістанда үш мың жылдан астам уақыт бойы тұрып келе жатыр.** Күрд этносына қатысты этносаяси тұрғыдан және мемлекет ретінде өзін-өзі анықтау – Таяу-Шығыстың қазіргі кезге дейінгі шешілмей отырған мәселесі.

**Алайда, күрдтер жердің қай түкпірінде өмір сүрмесін, олар өздерінің ұлттық мәдениетін, тарихы мен салт-дәстүрін, тілін сақтай отырып, туған жерлеріне деген ерекше сүйіспеншілікпен қарайды.** Олардың ішінде әлем тарихында өзіндік жарқын із қалдырушы саяси қайраткерлер, көшбасшылар, дарынды жазушылар мен ақындар бар.

Бүгінгі таңда Месопатамия (Қос өзен) аумағын ежелден мекендеген күрдтердің Алдыңғы Азия өркениетінің дамуына қосқан үлесін білетіндер көп емес. Ежелгі шумер жазбалары бойынша б.э.д. екі мың жыл бұрын, гутей, кутей немесе куртий тайпалары Тигр өзенінің орта ағысы аймағын иемдегенген. **Исламға дейінгі дәуірде Ассириялықтар мен арабтар бұл тайпаларды кардухалар немесе киртиялар деген атаумен атаған** [7, 60-б.].

Сонымен қатар, бұл туралы ежелгі грек және рим авторлары – Геродот, Птоломей, Плутарх, Ксенофонт, т.б. еңбектерінде түрлі дәлелдер келтіріледі. Күрдтердің ата-бабаларының көне мәдени және кейінірек табылған археологиялық ескерткіштердің барлығы да мұның дәлелі бола алады. Яғни, Күрдістанда өркениет шумерлерден де әлдеқайда ертерек дамыған. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Материктің ішкі жағынан өтетін аймақ Азия мен Еуропаны байланыстырған ірі сауда жолы болған, сондықтан бұл жерде батыс пен шығыс бағыттағы әскери жаугершіліктер болып отырған.

Көп ғасырлық салт-дәстүрге бай өздерінің материалдық және рухани мәдениетін дамыта отырып, күрдтер әлем мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Күрдтер қазіргі таңда, иран тілді үнді еуропалық топтағы сол уақыттағы күрд тілінде сөйлейді [8, 26-б.].

Күрдтер өздерінің ежелден қалыптасқан тарихында, этностық өзіндік мәдениеті мен жазба әдебиетін жасады. Аталмыш халықтың ежелгі дәуірден бастау алатын әдеби ескерткіштерінің мың жылдан астам тарихы бар. Сулеймани (Ирак) қаласынан VII ғасырға сәйкес келетін күрді тілінде жазылған поэма үлгілері табылған. XI ғасырда шығармашылығын паш еткен күрді ақыны Әли Харири өмір сүрген. Оның артынан көптеген танымал ақындар – Мелла Джезири (XII ғ.), Факи Тайран (XIV ғ.), Мелла Батэ (XV ғ.) т.б. [9, 116-б.].

**Ежелгі Күрдтердің отаны – Еуразиялық субматериктің ортасында орналасқан, қайталанбас сұлу табиғатымен ерекшеленген өлке болғандықтан, бір-біріне қарама-қарсы күшті екі империя:** Осман және Сефевидтердің көзін тіккен ошағы болды. Күрді өлемін екіге бөлген алауыздықтар мен бұл аймақтар ғасырлар бойы осы соғысқа тартылды. 1514 жылғы Чалдыран шайқасының нәтижесі жаңа күрд тарихына нүкте қойғандай болды [10, 47-б.].

Ал 1923 жылы Күрдістан төрт мемлекетпен өзара

бөліске түсті. Түркия, Иран, Ирак және Сирия. Бұл бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған жоқ.

Күрдтердің тарихи территориясының бесінші бөлігі болып, осыған дейін екі жүз жыл бұрын Ресей империясының шекарасына кірген аймақ. Бұл Қызыл Күрдістанның негізі еді. Алайда, оның да тағдыры қайғылы аяқталған – Кавказ аумағындағы күрд автономиясы [11, 112-б.].

1923 жылы шілде айының жетісінде Әзірбайжан ОАК (Орталық Атқару Комитетінің) шешімі бойынша күрдтер жинақы тұратын Кавказ аумағындағы аудандардың бірінен Күрд Автономиялық уезі құрылды, оның құрамына Лачин, Кубадлин, Келбаджар, Зангилянск аудандары және Әзірбайжанның орталығындағы қазіргі Лачин қаласы кірді. Сол уақыттан бастап тұңғыш күрд мектебі ашылды, оқулықтары мен газеттері басылып шықты. Ереван мен Лачин қаласында күрд мектептеріне мұғалімдер дайындайтын педагогикалық техникумдар ашылды, күрд алфавиті жазылды. Осы жылдары ең алғаш кеңестік күрдтердің қатарындағы мемлекеттік-партия қызметкерлері мен жазушылар пайда болды. 1920 жылдары көрші КСРО елдерінде ұлтқа қатысты мәселелер күрт шиеленісті, Таяу Шығыстағы өткір сыртқы саясатта күрдтер ұсақталған ақша тәрізді бірнеше елдің ортасында тағдыры талан-таражға түсті. КСРО өзінің кеңестік дипломатиялық шығыс саясатында күрдтерге опасыздық жасады. 1929 жылы автономия жойылды. Автономиясынан айрылған күрдтер 1930-40 жылдары толығымен күйреудің алдында тұрды. Мұның барысында, КСРО ның «кіші» халықтарының бірі ретінде, күрдтерге мүлдем жат сол кездегі оның одақтас республикаларының бірі Қазақстан территориясына күштеп жер аударды. Күрдтер біртіндеп айналасындағы халықтармен ассимиляцияға түсті [12, 56-б.].

Кеңестік күрдтердің тарихы бітпейтін жер аударумен байланысты болды. Күрдтерді күштеп қоныс аудару әр ғасырдың бір тоқсаны сайын жүзеге асты. Бүгінгі таңда біз зерттеп отырған этнос өкілдері, бұрынғы КСРО-ның кең байтақ территориясының мыңдаған ауылдары мен қалаларында тұрып жатыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Садықов У.** Курды: депортация в Казахстан // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 1998. – С. 180-190.
2. **Надилов Н.К.** Мы, курды-казахстанцы. Монография. – Алматы: Print-S, 2003 – 556 с.
3. **Мирзоев К.И.** Курды. История и современность. Курды. На перекрестках истории. Т.1. Алматы: «Ұлағат», 2016. – 376 с.
4. **Мирзоев К.И., Тебегенов Т.С., Тохметов А.Т.** «Многоязычная литература народа Казахстана в годы независимости». Алматы; 2012, -16 с.
5. **Мирзоев К.И.** Курды. История и современность. Культурное наследие курдов. Т. II. – 360 с.
6. **Авдал А., Аристова Т.Ф.** Курды. // Народы Закавказья. (Серия «Народы мира») – М., 1962. – 51 с.
7. **Асанов А.М.** Сохранили нашу культуру: (о курдах). // Мрагер. – 1994. №3. – С. 23-24.
8. **Аристова Т.Ф., Курдов К.К.** Курды. // Народы Передней Азии. (Серия «Народы мира») – М., 1957. – 134 с.
9. **Васильева Е.** Курды: Краткий этнографический очерк. // Этнография Казахстана. 1999. №2. – С. 76.
10. «История глазами очевидца». // Жийана курд. №8 (206) Август, 2015.
11. **Ишмухамедов А.** Проблемы становления и развития политической науки в Казахстане. Алматы, 1999. – 74 б.
12. **Мамедов М.М.** Курды СНГ: состояние и тенденции развития. Алматы, 2000 г. –216 с.

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»:

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ҰЛАСУЫ

Мөлдір СЕМБАЕВА,  
ҚазҰлтАгроУ-дың оқытушысы

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Елбасы: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деген болатын [1]. Елбасымыздың Қазақстан халқына жасаған жолдауындағы осы бір маңызды сөздер жадымызда ерекше сақталып қалды. «*«Рухани жаңғыру» деген бастаманың негізінде біздің еліміз үшін ең қасиеттісі, мемлекетіміздің егемендігін білдіретін «Тәуелсіздік» ұғымы жатыр. Тәуелсіздік! Бұл қасиетті ұғымды біз қастерлеп өстік. Алайда кейбір адамдар осы бір астарында терең мағына, кемел ой жатқан сөзді жеткілікті дәрежеде түсіне алмайтын сияқты. Ата-бабамыз көне замандардан бері аңсап, ер азамат аттан түспей, қолы қылыштан босамаған жаугершілік уақытта сол еркіндікке жету үшін талай қиындықты бастан өткерді. Баянды болашақ үшін, келер ұрпақ азаттықтың аралы таңын көре алсын деген ізгі ниетпен ұшқан құстың қанаты талатын осындай кең байтақ даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бізге мирас етіп қалдырды» [2]. Сонымен қатар, батыр да дана бабаларымыз біздерге бай мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді де аманат еткендігі шындық. Бүгінгіміз байлыққа, ертеңіміз берекеге толы 21 ғасырда сол Дешті-Қыпшақты тұлпарының тұяғымен дүбірлетіп, қазақтың кең даласын қақпақыл ойнаған, алыспен ағайындасып, жақынмен жұғысып, көршілерге құшағын кең ашып, өзінің достық пейілі мен бейбітшілікті сүйгіш тілегін жасырмаған аталарымыздың дархан мінезі біздің де бойымыздан табылып жатқандығы қуантады. Сол сияқты бүкіл Түркі әлемінің ішінде де абырой беделіміз жоғары, кәрі құрлық Еуропамен, алып мұхиттың ар жағындағы адуынды мемлекет Америкамен де саяси, экономикалық байланысымыз жылдан жылға дамып жатыр. Азия халықтары мен әлемнің басқа да елдерінен келген спортшылар Қазақстанда өткізілген байрақты бәсекелерде бақ сынап, арасындағы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарын анықтап жатыр. Ал кешегі бабаларымыздан мирас болып қалған ұлттық құндылықтарымыз өткенімізді өшірмеуге, тарихты ұмытпауға көмектеседі. Елбасы өзінің Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласында: «*Өткенін білмейтін адам, болашаққа да жоспар құра алмайды деген қанатты сөз бар. Сондықтан да осы бастан қазақтың бай мәдениетін, салт-дәстүрін дәріптеуді күшейтіп, рухани жаңғыруды жалғастыра беруіміз керек. Кейбір адамдар «рухани жаңғыру» деген сөздің мағынасын басқаша түсініп, оны ұлттық мәдениетіміз бен таным-түсінігімізді алмастыру деп ойлап жүр», – деп баса көрсеткен еді [3]. Яғни атаның қанымен, ананың сүтімен бойымызға сіңген салт-дәстүр, ырым-жоралғы, дін мен ділімізді бұрмалап, өзге жұрттың дүниетанымы мен көзқарасын қабылдау деп ұғынады. Әрине, бұл дұрыс емес. Мұндай кереғар пікірлерді соңғы кездері пайда болған түрлі діни ағымдардың жетегінде кеткен бауырларымыздан еститін болдық. Рухани жаңғыру деген – ол өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді күшейту, Ұлы**

даланы мекен еткен дана бабаларымыздың ұстанған өмір жолы мен дүниетанымын, яғни философиясын жете тану. Ең бастысы, осы құндылықтарды келешек ұрпақтың бойына сіңіріп, аманат ету. Осылайша, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтай отырып, өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен болмысымызды түлетеміз, яғни жаңғыртамыз. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі поллюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Сонымен қатар, қоғамның өзекті мәселелерінің бірі, осы дамыған өркениет заманында технологияны игеруімізге байланысты Елбасымыздың сөзін мысал ретінде алғым келіп отыр. «*Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді», – дейді [4]. Бұл бүгінгі дамып жатқан өркениетті қоғамдағы қазақ ұлтының технологияны иегере алмауына шетелдік білімді толық алмағандығынан емес, өзінде бар тарихты еңсеріп, бойына сіңдіре алмай отырған мамандарға қаратылған ескертпе деуге болады. Себебі, бізде «Қазақ – көшпелі халық» деген өзгермейтін түсінік қалыптасқан. Түсінік дұрыс, алайда көшпелі даланың мәдениеті мен өзіндік даму стратегиясы, технологиясы жоқ деген сөз емес.*

Болашаққа бағдар ретінде Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының әрбір профессор-оқытушылар құрамы, әскери қызметшілері және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді. Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелденуі барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Елбасымыз рухани жаңғыруға қатысты ұстанымдары әскери салада да, яғни РЭжБӘИИ тарапынан бірауыздан қолдау тауып, ұлттық кемелденіп дамуына әсер етуші ең маңызды фактор деп

санаймын. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп тануымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «*Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып*» бірлікте орындауымыз аса қажет. *Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз. Елбасы аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «*Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар».* Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.*

**Қорыта келгенде, бұл Елбасының ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін.** Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең

басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. «*Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады*» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенсек, рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Үштілділікті меңгерген адам ештеңеден ұтылмайды. Біздің ендігі мақсатымыз тарихи ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңарып жатқан жаңа дүниенің жағымды жақтарын бойымызға сіңіріп, дамыған 30 елдің қатарына ену. Тұңғыш Елбасымыз айтқандай: «*Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ұлттық кодты сақтай білу*». Себебі өткеніңді білмей болашақты болжау мүмкін емес. Ендеше болашаққа бұлыңғырсыз аяқ басу үшін тарихымызды жаңаша жандардыруымыз қажет және дамыған елдердің көшін бастауымыз керек.

## РЕЗЮМЕ

Духовное возрождение, основанное на национальном самосознании – важный аспект в общественной жизни каждой страны. Такие самые важные человеческие качества могут зародиться и развиваться только в духовно развитом обществе.

\* \* \*

Spiritual rebirth based on national identities is an important aspect in the public life of each country. Such most important human qualities can be born and developed only in a spiritually developed society.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан. 2017 ж. 12 сәуір.
2. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2017 ж. 31 қаңтар.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан. 2017 ж. 12 сәуір.
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2017 ж. 31 қаңтар.

УДК 327:316.46(574)

# СИСТЕМООБРАЗУЮЩИЕ ПРИНЦИПЫ внешнеполитической стратегии Республики Казахстан

Богагөз КУШПАЕВА,  
Казахский национальный аграрный университет

2 марта 1992 года на 46-ой сессии Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций была единогласно одобрена резолюция 46/224 о приеме Республики Казахстан в члены ООН. На 47-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН, проходившей осенью 1992 года, с первым докладом о международной политике Казахстана выступил Президент Н.А. Назарбаев. Он отметил, что «современный миропорядок уже трудно представить без ООН. С этим уникальным международным институтом мировое сообщество связывает многие надежды, главные из которых – формирование надежного механизма

надежной стабильности и безопасности» [1, с.86].

Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ). Развитие сотрудничества с различными международными структурами безопасности соответствует принципу многовекторной политики Казахстана, отвечает интересам укрепления его национальной безопасности. На европейском направлении это, прежде всего, ОБСЕ. Сфера деятельности ОБСЕ простирается далеко за пределы географически определенных границ Европы. Страны Центральной Азии, наряду с не европейскими государствами, вносят вклад в поддер-

жание безопасности на всем пространстве ОБСЕ. Центральная Азия является своеобразным форпостом Европы в противодействии таким новым угрозам, как неконтролируемые миграционные потоки, расширяющаяся торговля наркотиками, организованная преступность, религиозный экстремизм и терроризм. В этом смысле огромное значение имели решения об открытии Центров ОБСЕ в странах Центральной Азии. Казахский лидер привержен идее о том, что центральную функцию новой модели европейской безопасности в XXI веке должна выполнять ОБСЕ и в этом ключе Казахстан будет сотрудничать этой организацией. ОБСЕ обладает богатейшим опытом становления и развития общеевропейского процесса, опытом в налаживании диалога по укреплению доверия, развитию отношений между государствами. ОБСЕ являлась стабилизирующим институтом в период существования СССР, Восточной Европы. ОБСЕ единственная универсальная организация европейских государств. ОБСЕ – это организация, руководствующаяся принципами консенсуса, гарантирующего права всех входящих в нее государств.

По мнению экспертов, в последние годы ОБСЕ все больше занимается несвойственными ей надзорными функциями. Организация чрезмерно увлеклась изучением содержимого третьей – гуманитарной корзины. При этом ОБСЕ почти забросила главное: военно-политическое и экономическое направление деятельности, ради которого она и создавалась государствами-участниками. В этом суть нынешнего кризиса ОБСЕ. Организация выдохлась в плане инициатив. Председательство Казахстана позволит выйти ОБСЕ из кризиса [2].

Председательство Казахстана в ОБСЕ это признание реальных достижений в сфере построения демократического общества и либеральной рыночной экономики. Это признание международного авторитета Главы государства, обеспечивший межэтническое и межконфессиональное согласие, политическую стабильность в казахстанском обществе. Председательство Казахстана станет важным фактором в построении безопасной, стабильной и предсказуемой Центральной Азии, сыграет одну из ключевых ролей в развитии транзитно-транспортного диалога в рамках ОБСЕ для стран, не имеющих выхода к морю, решении экологических и многих других проблем региона. Казахский лидер в международном формате демонстрирует принципы глобальной ответственности, отказ от конфронтационных моделей, многовекторность формирования режима доверия и стратегического диалога.

**Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА).** Впервые идея созыва СВМДА была озвучена Главой государства в октябре 1992 года на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Суть ее заключается в стремлении создать эффективную и универсальную структуру по обеспечению безопасности на азиатском субконтиненте. СВМДА является межгосударственным форумом для диалога, консультаций, принятия решений и осуществления мер на основе консенсуса в целях укрепления сотрудничества путем выработки многосторонних подходов к обеспечению мира, безопасности и стабильности в Азии.

В рамках СВМДА по всем измерениям проводятся мероприятия: практические, обучающие, ознакомительные и т. д. Так, в экономическом направлении состоялись 3 бизнес-форума, посвященных вопросам малого и среднего бизнеса (МСБ), который является очень важным сектором экономики в Азии, потому что именно МСБ обеспечивает ту стабильность, которая необходима развивающимся странам. А в Азии как

раз большинство составляют такие государства, за исключением некоторых развитых. В работе бизнес-форумов участвовали как представители МСБ, так и государственные чиновники из этой сферы. В ходе прямого общения происходила презентация производств и продукции, обсуждение общих вопросов и путей их решения, обмен мнениями и главное – налаживание прямых контактов между предпринимателями стран СВМДА. Безусловно, достижением в экономическом измерении СВМДА стало предложение о создании Делового совета.

В области борьбы с наркотрафиком проведены обучающие семинары для специалистов различных профилей, связанных с этой проблемой: правоохранительных и медицинских. Аналогичные мероприятия состоялись и для представителей структур, участвующих в борьбе с новыми вызовами и угрозами. Примечательно, что преподавателями и лекторами на этих встречах были представители стран СВМДА, что способствовало изучению материала на основе реальной ситуации в азиатском регионе.

В человеческом измерении проведены фестивали, издан сборник сказок и преданий стран СВМДА, был организован молодежный лагерь. Состоялись также мероприятия по продвижению межкультурного диалога, культурного сотрудничества, развития демократических процессов в регионе. Особо хотелось бы отметить, что в 2015 г.в Пекине состоялась первая учредительная конференция Молодежного совета СВМДА. Молодежный совет, несомненно, будет способствовать дальнейшему продвижению общего процесса в этом важном измерении.

В 2009 году запущена работа и в военно-политическом измерении – одной из самых чувствительных областей для всех стран и организаций. Именно атмосфера переговоров в рамках СВМДА позволила достичь необходимого уровня доверия, что и дало возможность приступить к обсуждению конкретных мероприятий в этой сфере. В январе 2013 года государства-члены согласились начать осуществление в военно-политическом измерении следующих четырех основных мер, а именно: взаимные визиты представителей военных ведомств и военных учебных заведений; взаимные приглашения представителей вооруженных сил для участия в национальных праздниках, культурных и спортивных мероприятиях; обмен информацией о биографиях высших военных руководителей; обмен информацией о статусе присоединения или ратификации многосторонних инструментов по контролю над вооружениями и разоружению, а также конвенций о космическом пространстве.

Таким образом, во всех измерениях проведено несколько десятков мероприятий для стран СВМДА – семинары, конференции, а также обучающие курсы, фестивали, посещение военных.

В последнее время по инициативе Президента Нурсултана Назарбаева участники СВМДА обсуждают целесообразность дальнейшей институционализации процесса – преобразования его в организацию. Важную роль в этом сыграли 3-й и 4-й саммиты, в ходе которых председательство приняла сначала Турецкая Республика с 2010 по 2014 год, а сейчас, с 2014 по 2018 год, председателем является Китайская Народная Республика.

Деятельность СВМДА ориентирована на будущее, поэтому много внимания уделяется молодежи – ее проблемам, желаниям, возможностям. В прошлом году был создан Молодежный совет СВМДА, который объединил представителей молодежных организаций

стран-участниц, занимающих активную жизненную позицию и полных решимости построить процветающую Азию. Во имя будущего мира, согласия, безопасности и благополучия во всем мире.

**Шанхайская организация сотрудничества (ШОС).** Среди региональных образований с участием Казахстана одним из перспективных и действенных является Шанхайская организация сотрудничества. Членство в ШОС позволяет решать вопросы обеспечения региональной безопасности путем совместной борьбы с международным терроризмом, религиозным экстремизмом, национальным сепаратизмом, нелегальным оборотом наркотиков, оружия нелегальной миграцией.

С самого началасвоего существования ШОС провозгласила одной из главных своих задач противодействие так называемым «трем злам»: терроризму, сепаратизму и религиозному экстремизму [3]. Трансформация «пятерки» в ШОС произошла на саммите в Шанхае в июне 2001 г., в котором принял участие Узбекистан, обратившийся в начале года с просьбой о присоединении к «Шанхайской пятерке». По итогам встречи главы шести государств подписали Декларацию о создании ШОС и Шанхайскую конвенцию о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом. В последнем документе были четко указаны направления и формы борьбы с ними [4]. **В рамках ШОС имеется также ряд нерешенных вопросов, требующих согласованных подходов со стороны участников организации:**

1. Существование экономических барьеров между странами – участницами ШОС. Одним из слабых звеньев в рамках ШОС является таможенное, налоговое законодательство. Одной из главных задач ШОС должно стать создание благоприятных условий в области внешней торговли и взаимных инвестиций, что требует ускорения процессов гармонизации таможенного, тарифного регулирования в странах-участницах.

2. Различный уровень экономического развития государств ШОС. Различия в темпах рыночных преобразований, экономического развития стран ШОС приводят к ограничению взаимного доступа промышленного, торгового, финансового и страхового капитала на рынки государств-партнеров, снижению экономических связей.

3. Низкая эффективность реализации основных программ сотрудничества в рамках ШОС.

4. Не достаточно высокий уровень скоординированности действий, слабая информационная составляющая проектов. Реализация совместных проектов стран организации не осуществляется в полной сте-

пени в связи со слабой скоординированностью действий участников Организации. Также необходимо создать эффективные каналы распространения информации – это формирование WEB – сайта регионального экономического сотрудничества, публикации информационно-аналитических материалов в СМИ [5].

Тем не менее, ШОС сформировалась как полноценная международная организация, как факторформирования справедливой и эффективной архитектуры международной безопасности.

Инициативы Нурсултана Назарбаева, озвученные в рамках 70-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН в Нью-Йорке.

Казахстанский лидер, как истинный стратег, мыслит масштабными пространственными и временными категориями. Именно личное влияние Назарбаева сыграли решающую роль в формировании казахстанской внешней политики. Системообразующим принципом внешнеполитической концепции стал принцип многовекторной политики. По мнению казахстанского руководителя, многовекторность означает *«развитие дружественных и прогнозируемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющие для нашей страны практический интерес»* [5]. Принцип многовекторности полностью оправдал себя, позволив Казахстану эффективно отстаивать свои национальные интересы и стать полноправным игроком на международной арене. Первый Президент Казахстана вносит значительный вклад в формирование новой архитектуры международных отношений, в укрепление региональной и глобальной безопасности, в решение глобальных проблем и налаживание межцивилизационного диалога.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века.-Алматы: Өнер, 1996. – 288 с.
2. Солозобов Ю. Председательство РК в ОБСЕ: от Хельсинки до Астаны // Казахстанская правда. – 2009. – 11 ноября.
3. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на III – м СМВД СВМДА 25 августа 2008 г. // Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК // <http://www.kisi.kz>.
4. Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества// <http://www.sectscsco.org>.
5. Рахматулина Г. ШОС: перспективы развития экономического сотрудничества в условиях глобализации // Analytic. – 2005. - №4. – С. 3-6.

## «СТАРЫЕ КАРТЫ» – ЦЕННЕЙШИЕ ИСТОЧНИКИ

Галина КСЕНЖИК,  
доктор исторических наук, профессор кафедры  
история Казахстана и культура народов Казахстана  
Казахского национального аграрного университета

Старинные карты не потеряли и никогда не потеряют своего значения как уникальные документы, в которых зафиксированы разнообразные сведения на определённый момент времени. Широкое использование картографических материалов, являющихся памятниками исторической эпохи, в сочетании с другими источниками в исторической науке позволят исследователям истории Казахстана избежать возможных ошибок при интерпретации исторических малоисследованных фактов.

Поиск картографических источников XIX – начала XX века, производился в Российском государственном архиве древних актов (РГАДА, г. Москва) в фондах: Ф. 192 и центрального межевого архива (Ф. 1356 и Ф. 1354), где собраны большие коллекции картографических документов по данному периоду. Уникальность этих коллекций привлекает широкий круг читателей от специалистов до студентов картографических, географических и исторических специальностей вузов.

**О масштабах исследований территории Казах-**

стана в XVIII в. и первой половине XIX в. свидетельствует «Карта Северо-Западной части Средней Азии, с показанием мест, которых положение определено астрономически и пространство исследовано европейцами». Карта составлена действительным членом императорского русского императорского географического общества Я.Ханыковым в 1854 г. На данной карте указаны маршруты путешественников, исследователей территории Казахстана: Флорио Беневени – 1725 г., Муравина – 1714 г., Томсона – 1741 г., Миллера – 1743 г., Форстера – 1784 г., Поспелова – 1800 г., Трюльера – 1806 – 1808 гг., Назарова – 1813–1814 гг., Генца и Тафаева – 1815 г., Негри и Мендорфа – 1820 г., Фрезера – 1822 г., Жемчужникова – 1823 г., Федорова – 1833 – 1837 гг., Хони – бергера и Демезона – 1834 г., И Виткевича – 1836 г., Бларамберг и Бутенев – 1841 г., Конолли – 1841 г., Бларамберг и Романова – 1841 г., Никифорова – 1841 г., Бутенева, Ханыкова и Лемана – 1841–1842 гг.; Бларамберга – 1846 г.; Лемма – 1847 г. На карте отмечена ставка хана Джангира, пути сообщения, населенные пункты, переправы, астрономические пункты [1].

Таким образом, в списке, указаны более 40 зарубежных и русских исследователей территории Казахстана нового времени, о некоторых в историческом изложении Казахстана имеется крайне мало сведений, а при условии более детального изучения материалов записок их путешествий, можно почерпнуть новую информацию по истории нового времени Казахстана.

- «Карта киргизских степей областей Оренбургских и Сибирских киргизов, Семипалатинской и Туркестанской с пограничными частями Средне-Азиатских владений». Масштаб 1:4200000. Картографическое заведение А.Ильина. Без даты. На карте указаны административные границы между областями Оренбургских и Сибирских казахов Семипалатинской и Туркестанской областями, населенные пункты, отмечены военные пути сообщения, географические объекты и т.д. [2].

- «Карта областей Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской с Туркестанским генерал-губернаторством». Масштаб 1:4200000. Картографическое заведение А.Ильина. Без даты. Ориентировочно вторая половина XIX в. Имеется легенда карты, указаны административные границы между областями, площади областей, количество жителей в каждой области, уездные управления, населенные пункты, пути сообщения, географические объекты и т.д. [3].

- «Карта южной пограничной полосы Азиатской России (Тобольск – Акмолинск – Ч.З)». Гравировка выполнена подполковником Орловым, военными топографами Елитьевым и Чуклиным и военным художником Михайловым. Под общей редакцией полковника Большева. Масштаб 40 верст в дюйме. Год издания – 1890. Карта цветная, даны названия урочищ, зимовок, показаны военные пути сообщения, караванные, почтовые; указаны: северная пограничная линия, административные границы между областями и уездами, расстояние между населенными пунктами по военным дорогам; географические объекты, отмечены голубым цветом, населенные объекты – черным цветом, и т.д. [4].

- «Карта путей сообщений Азиатской России» (раздел почтовые карты Российской империи). Изд. МПС. Год издания – 1899. 1 лист. Масштаб 1:4200000. Имеется легенда карты. На карте отмечены железные дороги (открытые и строящиеся), длина железной дороги между населенными пунктами, населенные пункты, караванные, почтовые дороги, телеграфные линии, административные границы, пристани, пески

болота, рудники, заводы и т. д. [5].

- «Карта с обозначением месторождений полезных ископаемых Казахстана». Л. 1. Литограф. Выполнена на кальке. Масштаб 200верст в дюйме. Карта является приложением к статье из серии карт «Поверхность и недра» Субботина. Поверхность и недра карта полезных ископаемых. Дата исполнения – 6/VI 1916 г. Имеется легенда, на которой отмечены условные обозначения месторасположения полезных ископаемых (каменного угля, медной, свинцовой, железной, марганцевой руды), указаны железные дороги существующие, строящиеся, проектируемые и географические объекты [6].

- «План Иргиза. Межевой план Тургайской области Иргизского уезда и города Иргиза и его выгонных земель». Выполненный специалистом Коньковым от 21 июня 1891 за № 3799. Работа произведена землемером 1-ого разряда межевой канцелярии советником Ухватовым. На плане отмечено, что «под усадьбами Иргиза находилось – 1080 сажень, под городским садом – 3 десятины 840 сажень, под огородами – 5 десятин, под выгоном – 423 десятины 1800 сажень; под сенном покосом – 120 сажень, для корма скота отведено – 10 десятин 2280 саж. В городе Иргиз имеется следующее количество душ: дворян потомственных – 108, духовенства – 1, потомственных почетных граждан – 4, киргизов и мещан – 54, поселян и казаков – 83, военных сословий – 166, запасных и отставных нижних чинов с их семьями – 43, иностранных подданных – 94, временно проживающих татар, крестьян, башкир и киргиз – 66, запасных казаков – 11, а всего душ – 547». Межевой план заверен «от киргиз Кизильярской волости первого аула Аминь Тбешканбаевым, который по неграмотности приложил свою тамгу, от киргиз 2 аула Берден Таубештбекбаевым, от киргиз Аманкульской волости четвертого аула Кунгбай Баймуратовыми т.д.» [7].

Таким образом, картографические документы второй половины XVIII начала XX в. отличаются высоким качеством, имеют масштаб, градусную сетку, ориентированы на север и в основе их лежат материалы геодезических съемок, основанные на астрономических опорных пунктах, но, тем не менее, все же часть сведений базировалась еще на слабо проверенных источниках. Благодаря успехам в области теории картографической генерализации, к началу XX в. картографические материалы территории Казахстана представляли собой обобщенную образно-знаковую модель местности, тщательно продуманную составителем. «Старые карты» позволят раскрыть многие «белые пятна» нашей Отечественной истории, по-новому, более объективно понять многие происходящие события и явления геополитических процессов в Казахстане нового времени.

## ТҮЙІН

XVIII – XX ғғ. басындағы Қазақстан тарихы бойынша тарихи куәлік ретінде картографиялық материалдарды қарастыру ең алдымен жан-жақты деректанулық талдауға сүйенеді. Осы мәселеде «ескі карталар» ең құнды деректер қатарына жатады және көпэтникалық халықтың қалыптасуының эволюциясын қадағалауға және Қазақстанның этникалық, әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихының күрделі мәселелерін дұрыс шешуге мүмкіндік береді.

\*\*\*

Consideration of cartographic materials as historical evidence on the history of Kazakhstan XVIII-early XX centuries. based primarily on a comprehensive source

analysis, «Old maps» are among the most valuable sources and will trace the evolution of the formation of multi-ethnic population and find the right solution to complex issues of ethnic, military-political, socio-economic history of Kazakhstan.

### ЛИТЕРАТУРЫ

1. РГАДА (Российский государственный архив древних актов, г. Москва) Ф.192. Оп.1. Д. 38 (карты четырех частей света). Карта Северо-Западной части Средней Азии, с показанием мест, которые положено, определено астрономическим пространством. /Составлена действительным членом императорского русского императорского географического общества Я. Ханьковым. -1854.

2. РГАДА Ф. 192. Оп.1. Д. 78. (раздел карты генеральные Российского государства). Карта киргизских степей (областей Оренбургских и Сибирских киргизов, Семипалатинской и Туркестанской с пограничными частями Средне-Азиатских владений. Масштаб 1:4200000. Масштаб: в англ. дюйме 100 верст. Картограф зав. А.Ильина.

3. РГАДА Ф. 192. Оп.1. Д. 72. (раздел карты генеральные Российского государства). Карта областей Ураль-

ской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской с Туркестанским генерал-губернаторством. Масштаб 1: 4200000. Картографическое заведение Ильина. Без даты. (Ориентировочно вторая половина XIX в.).

4. РГАДА Ф.192. Оп.3. Д. 371. (раздел пограничные карты). Карта южной пограничной полосы Азиатской России (Тобольск – Акмолинск – Ч.З. Гравировка: подполковник Орлов и Военным топограф Елитьев и Чулкин. Под редакцией полковника Большева. Гравировал военный художник Михайлов. Масштаб 40 верст в дюйме.– 1890.

5. РГАДА Ф.192. Оп.1. Д. 44. (раздел почтовые карты Российской империи). Карта путей сообщений Азиатской России. Изд. МПС. 1 лист. Масштаб 1:4200000. - 1899.

6. РГАДА Ф. 192. Оп. 3. Д. 541. (раздел полезные ископаемые). Карта с обозначением месторождений полезных ископаемых Казахстана. Л. 1. Литограф. Выполнена на кальке. Масштаб 200 верст в дюйме. Карта является приложением к статье из серии карт «Поверхность и недра» Субботина. Поверхность и недра карта полезных ископаемых. 6/VI 1916.

7. РГАДА Ф. 1354. Оп.1. Д. 1. План Иргиза. Тургайская область. Иргизский уезд. Межевой план Тургайской области Иргизского уезда и города Иргиза и его выгонных земель. Специалист Коньков от 21 июня 1891 за № 3799.

## СЕМИРЕЧЕНСКОЕ КАЗАЧЕСТВО В XIX ВЕКЕ: основные этапы формирования и развития войска

Зауре АКТАМБЕРДИЕВА,  
КазНАУ, ассоц. профессор,  
Майя МЫРЗАБЕКОВА,  
Анкарский университет Хаджи Байрам Вели,  
PhD, преподаватель

Семиреченское казачье войско было создано в 1867 г. с задачей завоевания Жетысу, присоединения края к России и его последующей военной колонизации. Хотя «кавалерия – дорогой род войск», самодержавие пошло на громадные финансовые и материальные расходы, ибо «начало движения вглубь Средней Азии, вызванного исторической необходимостью», требовало формирования самого южного казачьего войска на подступах к Туркестану – «драгоценной жемчужине в короне Русского Императора» [1, с. 144].

Центральная Азия неоднократно в своей многовековой истории становилась полем противоборства в т.н. «Большой игре» между мировыми и региональными державами, в особенности за обладание таким уникальным транзитным перекрестком на стыке Туркестана, Китая и Казахской степи, как Жетысу-Семиречье. Однако в крае российские интересы натолкнулись на претензии Цинской империи и экспансию чрезвычайно агрессивного Кокандского ханства, захватившего обширные территории Южного Казахстана от Ак-Мечети на Сырдарье до реки Или в Жетысу.

Военно-политические и геостратегические интересы России в отношении Центральной Азии начали ясно проявляться еще в начале XVIII века, когда Россия стала превращаться в Евразийскую империю, активно осваивать просторы Евразии. «История русского народа с этой точки зрения есть история постепенного освоения Евразии русским народом, и только под этим углом зрения может быть должным образом понято все своеобразие русского исторического процесса», – писал выдающийся российский историк

Г.В.Вернадский [2, с. 30].

В колонизации огромных пространств Евразии российское правительство большое внимание уделяло их завоеванию царскими войсками и казачьими отрядами, а затем заселению крестьянами-переселенцами, преследуя при этом свои оборонные и экономические цели. Еще император Павел 17 октября 1799 г. издал специальный указ «О населении Сибирского края, прилегающего к границам Китайским», отставными солдатами, преступниками, подлежащим к ссылке и крепостными крестьянами, отдаваемыми в рекруты [3, с. 71]. Такая же политика проводилась и в Казахстане, в частности Жетысу, после вхождения региона в состав России.

Российские военачальники, учитывая соседство Китайской империи и Кокандского ханства, с первых дней придавали большое значение укреплению обороноспособности нового края посредством заселения его казаками и крестьянами. Так, командир Отдельного Сибирского корпуса М.Н.Анненков, касаясь вопросов колонизации Семиречья, 21 октября 1853 г. писал из Омска в Военное Министерство: «Став однажды твердою ногою на р. Или, мы должны иметь там под рукою все средства не только поддержать себя, но и местные племена, которые поступят в нашу зависимость и тем самым приобретут право на наше покровительство. Упрочение наше в том угле столь важно, что должно почесть оное краеугольною основой будущих наших отношений, видов и предприятий к соседствующим владениям Средней Азии. Упрочение это возможно преимущественно чрез оседлое водворение наше военным поселением... Я

имею главнейшее в виду, что на сем фланге степи должно почтеть первым и юм усилением не столько числа строевых казаков, сколько всей массы русского населения, которое при общем в потребных случаях ополчении могло бы противопоставить сильнейший оплот неприязненным покушениям иноземцев и, оставаясь отчасти свободным от службы, развить в стране земледелие и прочий промысел...» [4, с. 68] Но для реализации таких планов, прежде всего, необходимо было прочно водвориться в Жетысу посредством его военно-казачьей колонизации.

Военные деятели России второй половины XIX века А.И.Барятинский и Д.А.Милютин на примере Северного Кавказа разработали концепцию колонизации вновь присоединенных земель: «По мере того как наши передовые линии выдвигаются к горам и стесняют враждебное горское население, борьба с ним становится все упорнее и, следовательно, водворяемое вновь казачье население должно быть самостоятельнее, сильнее и воинственнее... и составлено из людей, привычных к оружию, которые могут с успехом выдерживать борьбу с соседними воинственными племенами» [5, с. 68]. Эта модель военно-казачьей колонизации использовалась и в Казахстане, только Казахстан, в отличие от Кавказа, был страной не горной, а степной, что облегчало его покорение.

Так, историк Семиреченского войска Н.В.Леднев писал, что колонизация казахской степи не могла проводиться только крестьянами, непригодными к воинской службе. Здесь требовался «воин-пахарь, всегда готовый к отпору», и казаки, по его мнению, отвечали этим требованиям. В чужом краю «мог справиться только сильный нравственно и физический закаленный трудом доброволец, увлекаем<sup>1,2\*</sup> неотступной мечтой о лучшем будущем на новых землях» [6, с. 1

Базой для колонизации Жетысу являлись войска Отдельного сибирского корпуса в составе 24-й пехотной дивизии (11 линейных батальонов), 30 гарнизонных батальонов и Сибирское линейное казачье войско (9 полков и 3 конно-артиллерийские батареи, 9 резервных команд, всего 20 тысяч человек).

Правовой базой для продвижения русских военных линий к Жетысу являлась статья 316 Устава о Сибирских казаках от 22 июня 1822 г., которая гласила, что «сибирская линия в значении стражи не составляет учреждения на всегдашние времена, но по мере распространения порядка в занимаемых киргизами землях стража сия подвигается вперед и, наконец, должна кончип. постоянным утверждением себя на действительной границе» [7, с. 109].

Документ этот обладал юридической силой только на территории казахов Среднего жуза и не распространялся на территорию казахов Старшего жуза, занимавшего Жетысу. Однако ввиду отсутствия документов и четких границ между Россией, Китаем и Кокандским Ханством в Жетысу, неопределенности подданства Старшего жуза право было на стороне сильнейшего, того, кто первый занимал территорию и устанавливал по своему усмотрению «действительную государственную границу» в собственных интересах. Северной границей Кокандского ханства в Жетысу считалась река Или, граница с Китаем здесь вообще отсутствовала, поэтому Россия считала себя вправе занимать территорию без чьей-либо власти и юрисдикции. По мнению И.Ф.Бабкова, инициатором занятия Северного Жетысу, а затем и всего Заилийского края, был генерал-губернатор

Западной Сибири в 1853-1860 гг. генерал от инфантерии Г.Х.Гасфорд, говоривший, что «Заилийский край – это 100 тыс. кв. верст территории, отличающийся превосходным климатом и производительностью почвы» [14, с. 55-56].

Первоначальное проникновение России в Жетысу началось в 1831 г. после основания на подступах к краю Аягузского внешнего приказа с переменным гарнизоном сибирских казаков. Ч.Ч.Валиханов в 1856 г., посетивший Аягузский приказ, писал, что окрестности его являются одним из самых лучших местностей Северного Семиречья по удачному расположению, климату, природе и прекрасным лугам, лесом, с богатой кормовой и сенокосной травой. «Недаром и преданиях киргиз воспеваются благословенное течение Аягуза», отмечал Валиханов, подчеркивая, что «действительно Аягуз может казаться раем» по сравнению с окружающими его безводными степями, что берега реки были, «без сомнения, местом постоянной кочевки киргиз в оны дни, когда не было русских и их пикетов» [7, с. 229]. «Я очень люблю и восхищаюсь Аягузом», – добавлял он. Эта местность и стала опорным пунктом для дальнейшей военно-казачьей колонизации Жетысу.

Первыми переселиться на постоянное местожительство на Аягузе изъявили желание пять семейств нижних чинов 8-го линейного батальона, которые 16 апреля 1841 г. были зачислены в казаки и возле укрепления. 5 декабря 1846 г. утверждается новое положения о Сибирском линейном казачьем войске, которое дало властям принудительно переселять сибирских казаков по мере движения границ империи вперед. Войско было разделено на 9 полковых округов, самый южный 9-й казачий полк первым начал наступательное движение русских в Жетысу.

Закрепление на Аягузе и Копале стало поворотным пунктом в русской колонизации Жетысу, дальнейшем продвижении в глубь края. По выражению императора Николая I (1825-1855 гг.): «Где раз поднят русский флаг, он спускаться не должен» [7, с. 292], российские власти, ступив в Жетысу и оценив его громадное военно-стратегическое значение, уже не собирались из него уходить.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Доклад по канцелярии Туркестанского генерал-губернатора // ЦГА РУз., ф. И-1, оп. 17, д. 824, л. 42-44, 56.
2. Бекмаханов Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.) – М.: Наука, 1986. – 245 с.
3. Вернадский Г.В. Начертание русской истории. – М.: Айрис-Пресс, 2002. – 368 с.
4. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (сборник документов). – Алматы: Ғылым, 1996. – 512 с.; см. Также: Кенесарин Н.А. О деятельности Кенесары хана по царским документам. – Алматы: Наш мир, 2001. – 256 с.
5. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): в 5 т. / М.К.Козыбаев, Ж.К.Касымбаев и др. – Алматы: Атамұра, 2000. – Т. 3. – 678 с.
6. Терентьев М.А. Статические очерки Средне-Азиатской России. – СПб.: Типография Императорской академии наук, 1874. – 129 с., прил. 1-18.
7. Гордеев А.А. История казачества. – М., 2007. – 640 с.; Шишов А.В. Казачьи войска России. – М., - 2007. – 336 с.; Его же. 100 великих казаков. – М., 2007. – 480 с.; Его же. Корнилов. Несостоявшийся диктатор. – М., 2004 и др.



# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ: оның жаһандану жағдайындағы негізгі мәселелері

Гүлмира БАЙМҰРАТОВА,  
Зәуреш ТАСТАНОВА,  
ҚазҰлтАгрУ-дың Қазақстан тарихы және Қазақстан  
халықтарының мәдениеті кафедрасының аға оқытушылары

**Біз өмір сүріп отырған уақыттың басты ерекшелігі – күн өткен сайын қарқындап бара жатқан жаһандану үдерісі.** Қазір барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Біздің қоғам да қаласын-қаламасын бұл үдерістен шет қала алмайды. Батыстың технологиялық жетістіктерін, өндірісті ұйымдастыру мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау әр адамның тыныс-тіршілігі мен күнкөрісіне әсер етіп, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани негіздерін жан-жақты өзгеріске ұшыратты. Халқымыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан кісілік, кішіпейілділік, бауырмалдық, мейрімділік, ар-ұят сияқты дәстүрлі құндылықтары батыстың тауар шығару, оны сатып, пайда табу принципіндегі идеологиясының көлеңкесінде қалып барады. Осы тұрғыдан қарағанда, білім беру мен тәрбиенің заманауи мәселелерінің маңызы арта түседі және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: *«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»*, – дегені бекер емес. Демек, еліміздің болашағы – жастарымызға қазіргі уақыт талабына қарай жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, дер кезінде шешім қабылдайтын, бәсекеге қабілетті, туған жерінің жанашыр тұлғасын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет «Білім туралы» Заңда да, білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым мен тәрбиенің жетістіктерімен қатар, ұлттық рух пен жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылған. Сондықтан заман талабына сай оқыту үдерісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша инновациялық оқыту мен тәрбиенің маңызы ерекше екендігі де түсінікті.

**Ал жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысындағы бірінші курс студенттерінің жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі ерекше орын алады.** Жаңа ортадағы орасан зор ақпараттар ағымы, жоғары оқу ордасының кешегі оқушыға қоятын өзгеше талаптары, мүлде жаңа жағдайға тап болуы, қала берді ауыл мен қаланың арасындағы ерекшеліктер, «студент» статусына ие болып, үйреншікті отбасынан алыстап кеткен жастардың психикасына ғаламат салмақ екені белгілі. Осы орайда, кешегі мектеп түлегін жаңа өмірге қиындықсыз және жылдам бейімдеу мақсатында білім ордаларындағы бүгінгі жаһандану талаптарына сәйкестендіру міндеті туындайды. Бұл міндеттер – ұстаздарға жүктеледі. **Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті.** Әр – ұстаз ізденімпаз ғалым, білімді маман, жақсы психолог, еңбекқор, талантты тәрбиеші болуы керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: *«Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады»*, – деп атап көрсеткен болатын. Ол үшін оқытушы өзі оқытатын пәндердің ғылыми-әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда, оқу мен тәрбиеде инновациялық

технологияларды шеберлікпен, шығармашылықпен дұрыс қолдана білгенде ғана қолы жетеді.

**Енді сол инновациялық оқыту мен тәрбие дегеніміз не деген сұрақ туындайды?** Қазіргі барлық дамыған елдер инновациялық идеялармен дүние жүзін жаулап келеді. Өмірімізде дендеп келе жатқан, қолданысқа кеңінен ене бастаған «инновация» терминіне келетін болсақ, ол ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу, жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Ал жаңашылдық қазіргі таңда білім беру саласының негізгі шарттарының бірі болып отыр. Жаңашылдық әрине тәжірибе көрсетіп отырғандай оқу-тәрбие жұмысының тиімділігі мен сапасының артыруына септігін тигізеді. Білім беру саласына «инновация» яғни жаңашылдық орнатпай, қоғамның басқа салаларына жаңалықтарды сәтті түрде енгізу қиынға соғады. Осыған байланысты оқыту мен тәрбиедегі инновация көкейкесті мәселе болып отыр. Себебі, Болон үдерісіне қосылған жоғары оқу орындарының басты мәселелерінің бірі де студенттерінің білім деңгейі мен мазмұнын теңестіру. Қазақстандық студенттер шетелдердегі жоғары оқу орындарында өтетін пәндерге сәйкес білім алуы тиіс. Онсыз талапкерлер ғылымның соңғы жетістіктерін меңгере алмайды. Сондықтан білім беру саласындағы инновация – болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады.

**Ал оқу мен тәрбие саласындағы инновация немесе жаңашылдық дегеніміз –** оқу үдерісіндегі түрлі жаңа әдіс-тәсілдер мен оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер, жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Ал енді білімді қалай теңестіреміз, әлемдік озық білімді қайдан аламыз? Әрине бұл олқылықтың орнын толтыратын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қабылданған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан «Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының алатын орны ерекше болып отыр. Жобаның мақсаты – гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша жастарға жаңашыл бағытта білім беру және білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау. Бұл – қоғамға беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Өйткені гуманитарлық білім салаларының ең озық оқулықтары мен ғылыми еңбектерін мемлекеттік тілге аударып, Қазақстанның жоғары оқу орындарына тегін таратып беруді мақсат еткен еліміздегі бірден-бір жоба. Бұл ғылым тілін қазақшаландырып қана қоймай, қоғамдағы күрделі мәселелерді кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді. Жаңаша білім беру бағдарламасын енгізу және жалпы білімді жоғары талаптарына сай ілгерілетуге байланысты қолға алынып отырған «100 жаңа оқулық» философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, антропология, журналистика бағыттары бойынша білім береді. Ең алдымен жастардың әлемдегі ең көп сұранысқа ие оқулықтарға қол жеткізіп, соның арқасында сапалы, жаңашыл білім алуына мүмкіндік береді. Онда бұрынғы-соңғы түрлі ғылыми тұжырымдар мен көзқарастар айтылады, ешқайсысына басымдық

берілмейді. Бұл оқырманның әрі қарай ізденуіне, сыни ойлауына мүмкіндік береді.

Жаһандық инновациялы оқу-тәрбие дегеніміздің өзі де дәл сол сыни ойлауға қабілеті бар ұрпақ емес пе. Әлемнің білім беру жүйесінде де қолданылып жүрген инновациялы технологиялар қатарына сын тұрғысынан ойлауды дамыту алдыңғы қатарды тұрған технологиялардың бірі болып есептеледі. Инновациялық сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдісі тұлғаның жан жақты жетілуіне бағытталған. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Меридит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Ал Қазақстанда Ш.Қаланованың, Ж.Қараевтың, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактионованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүнісбек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады. Мақсаты барлық жастағы жастарға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Студенттің оқытушымен, және бір-бірімен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын тәсіл. Студент – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Оқытушы – әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы болады. Сондықтан студенттердің сыни қабілетін қалыптастыру – оқытушының міндеті. Оны қалыптастыру үшін оқытушы әдіс-тәсілдерді түрлендіріп басқа да инновациялы технологияларды қолданып отыру керек [1].

**Қолданылып жүрген қай технология болмасын оқытушы ең бірінші білімгердің танымдық әрекетін жандандырып, білімді өзі алу мүмкіндігін ұйымдастыру керек.** Заманауи сабақтың дәстүрлі сабақтан ерекшелігі де сонда. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген көптеген инновациялық оқыту әдістері бар. Нақтырақ тоқталсақ: проблемалық оқыту, деңгейлеп оқыту, дәстүрлі оқыту, модульдік оқыту, жоба технологиясы, ойын арқылы оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту, т.б. **Кез келген инновациялық әдіспен сабақ беру төрт сатылы кезеңде жүзеге асады. Олар: бірінші** кезең оқып меңгеру, **екінші** кезең тәжірибеде қолдану, **үшінші** кезең шығармашылық бағытта дамыту, және **төртінші** кезең нәтиже. Сонымен қатар инновациялық оқытуда төмендегідей нәтижелер алуға болады.

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

2. Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алуға болады.

4. Студенттердің көбін бағалауға мүмкіндік бар.

5. Студенттерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

6. Студенттердің қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады [2].

7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Инновациялық оқыту студенттердің ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, оқыту үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу болады. Өйткені оқыту – тәрбиенің негізі. Тәрбиелеу, оқыту – егіз ұғым. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, әсерлігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілдігін, т.б. айқындап толықтыруға болады. Инновациялық технология бойынша оқытудың әдістемелік жүйесін оқу үдерісіне енгізу арқылы нәтижелі тәрбие алуға болады. Оқумен тәрбие үдерісінің сапалы нәтижесінде жауапкершілігі жоғары, болашағына сенімді, мақсатына жете алатын тұлға қалыптастырады.

Шығыс даналығы «Мәселе – нені үйретуде емес, қалай үйретуде» демей ме? **Сондықтан сабақ беру барысында ұстаз мынандай ой-пайымдауларды назарда ұстаса:**

1. *Ең жақсы өткен сабақтың қай жерден, қалай аяқталатынын күні бұрын білмейсің. Бұл сабақты шәкірт пен ұстаздың бірлескен ізденісі деуге болады. Сабақтың барлық жағдайын алдын ала жоспарлап қою шәкірттің еркіндігіне шідер салумен бірдей.*

2. *Білімгерлері тым-тырыс отыратын ұстаздың сабағынан, қажетті жерде шулата алған сабақ қызық.*

3. *Баланың қайғысы ұстаздың жақсы оқитын және жаман оқитын бала деп бөлуінен басталады. Осыдан баланың рухани дүниесі тек бағамен өлшенеді [3].*

Міне осындай қағидаттарды ұстана отырып қорытындылайтын болсақ, қазақ халқының көрнекті қайраткері Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дегендей, әрқайсысымыз өз сабақтарымызды заман ағымына қарай түрлендіріп, болашақ жастарымыздың ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасқан өз көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары, отаншыл, қандай ұлтпен болса да тең дәрежеде қатар тұратын тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында пайдалансақ мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесіміз болар еді.

Сондықтан ізденіске жетелейтін, ізденгенге көмекші құрал болар инновациялық әдіс-тәсілдерді нәтижелі қолданайық.

## РЕЗЮМЕ

В статье дается обзор основных проблем образования и воспитания в условиях глобализации. Все развитые страны покоряют мир инновационными идеями. Однако роль педагога не просто внедрять и использовать инновации, а стимулировать познавательную деятельность обучающегося и организовать доступ к знаниям, независимо от используемых технологий.

\*\*\*

The article gives an overview of the main problems of education and upbringing in the conditions of globalization. All developed countries conquer the world with innovative ideas. However, the role of the teacher is not just to introduce and use innovations, but to stimulate the cognitive activity of the student and organize access to knowledge regardless of the technologies used.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Мирсеитова.** Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. Қарағанды, 2011.

2. **Ж.А.Жартынова, В.Н.Ким, Н.О.Қойлық, А.Ш.Орақова.** Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару. Алматы, 2014 ж.

3. <https://alashainasy.kz/koshbas/syini-turgyidan-oylau-technologiyalaryi-arkyilyi-okytudiyin-timdlq-80712/>

# ИСТОРИОГРАФИЯ НАРОДОВ ВОСТОЧНОЙ ЕВРОПЫ

## по дерматоглифическим данным

Сауле ШАЛГИНБАЕВА,  
научный руководитель, ст. преподаватель,  
Аида МОЛДАШОВА,  
магистрант 2-го курса факультета истории, археологии и этнологии  
Казахского национального университета им. аль-Фараби

**Введение:** У истоков этнической и расовой дерматоглифики – науки о строении кожных узоров кисти и стопы человеческих популяций – находится Франсис Гальтон, выдающийся генетик, антрополог, математик XIX века.

В настоящее время во всём мире глубоко и широко проводятся исследования различных морфологических антропологических показателей населения. Одними из наиболее интересных и перспективных таких показателей являются кожные узоры на кистях и стопах. Так как эти узоры являются наследуемыми, строго индивидуальными и тесно связаны по своему происхождению с центральной нервной системой, отражая в своей индивидуальности ее особенности. Кожные узоры легко доступны для изучения, и, в большинстве своем, не изменяются с возрастом.

Существует три основных типа пальцевых узоров – высокой (завитки), средней (петли) и низкой (дуги) степени сложности. Кожные узоры при корректном методическом подходе являются неоценимым источником исторической и биологической информации.

**Ключевые слова:** дерматоглифика, корреляция, индекс Камминса, завитки, дельтовый индекс, этнос, антропология.

**Дерматоглифика – это учение о кожных узорах, вошедшая в последние десятилетия в эпоху бурного развития.** Изучаются различные аспекты этой науки – преимущественно генетический, медико – генетический, популяционно – генетический и другие, что связано с высокой информативностью, элементов кожного рельефа. В данной статье будет исследоваться историография народов Восточной Европы по дерматоглифическим данным.

Ряд советских публикаций по этнической дерматоглифике народов Восточной Европы начинается статьей Семеновского П.С. в 1927 году, исследовавшего пальцевые узоры у 22 тысяч русских народностей. На сегодняшний день данная работа остается единственной по количеству материала, относящегося к одному народу. Дактилоскопическая характеристика русских в целом этой публикацией совершенно исчерпывается и выглядит таким образом:

	Дуги	Петли	Завитки	Дельтовый индекс
11 000 мужчин	6,15	61,73	32,12	12,60
11 000 женщин	8,44	64,27	27,29	11,88

Семеновский П.С. отметил также большое постоянство в распределении главных типов узоров по пальцам среди расовых групп и сходство правой и левой рук [1, с.52]. Результаты своих исследований Семеновский П.С. изложил в сборнике, посвященной итогам полевых работ НИИ и Музея антропологии МГУ за

1938-1939 гг. В данном сборнике приводятся цифровые данные о пальцевых и частично – о ладонных узорах у восьми групп русских и коми, а также у населения Поволжья [2, с.83].

В 1957 году Гладкова Т.Д. опубликовала дерматоглифические данные о населении Поволжья, которое заняло промежуточное положение между русскими и монголами [3, с.96]. Далее были рассмотрены коми наряду с ивдельскими и вагильскими манси. Найдено, что народы коми и манси по признакам дерматоглифики ближе к тем народам, с которыми они объединяются антропологическими типами [4, с.103].

С конца 60-х годов происходит наибольший поток исследований дерматоглифики. Хить Г.Л. исследовала пальцевые узоры у мужчин 20 этнотерриториальных групп финнов, саамов, карелы, вепсы, население Прибалтики, белорусы и русские Новгородской области. Из данного исследования Хить Г.Л. были отмечены особенности черт у саамов Финляндии, свидетельствующие о монголоидном компоненте в их составе. Здесь же впервые статистически были показаны совпадения результатов соматологического и дерматоглифического обследований популяций и реакция кожного рельефа на восточную примесь по сравнению с соматическими расовыми признаками. Свообразиекольских саамов исталковано как проявление метисации с европейцами [5, с.163].

Не менее интересное изучение 24 территориальных мужских групп латышей и эстонцев представлена в работах Денисова Р.Я., обнаружившая различие между северными и южными латышами.

Опубликована Акимовой М.С. обширные данные по кожному рельефу населению Башкирии. Установлены различия между башкирами: юго-восточные более монголоидные, чем северо-западные группы [6, с.220].

Наиболее крупные по масштабу работы были выполнены Долиновой Н.А., которая изучила 35 территориальных групп, свыше 6000 тысяч человек, кроме Украины и Молдавии. По результатам работ Долиновой Н.А. было установлено, что русские однородны в отношении кожного рельефа и являются носителями наиболее европеоидного комплекса наряду с белорусами, украинцами, коми и мордовкой. Восточный компонент заметно увеличен у мари, чувашей и башкир [7, с.68].

В совместной работе Хить Г.Л. и Долиновой Н.А. исследованы ключевые признаки кожного рельефа у восточных славян. Из данного исследования можно сделать вывод, что признаки кожного рельефа у восточных славян коэффициенты их вариации меньше, чем у европеоидов Восточной Европы в целом.

По результатам исследования Хить Г.Л. и Долиновой Н.А., можно сказать, что по комбинациям кожных признаков восточные славяне принадлежат к одному типу,

для которого характерны: средненизкий дельтовый индекс, средневысокий индекс Камминса, невысокий процент содержания осевого проксимального триадиуса ладони, средневысокая частота узоров на гипотенаре.

В данной работе состояла систематизация всех имеющихся сведений по дерматоглифике восточных славян и народов Восточной Европы. Для суммарной характеристики каждой этнической группы использованы все опубликованные материалы.

Сложные факторы расообразования на протяжении человеческой истории воздействовали параллельно на обе системы биологически взаимонезависимых признаков. Отсюда вытекает возможность реконструкции основных этапов расообразования в масштабе всего человечества, главным условием которой является дерматоглифическое обследование с применением унифицированной методики [8, с. 409].

### АҢДАТПА

Қазіргі уақытта популяцияның әр түрлі морфологиялық, антропологиялық көрсеткіштерін зерттеу бүкіл әлемде терең және кеңінен жүргізілуде. Мұндай индикаторлардың ең қызықты және перспективалы белгілері – қолдар мен аяқтардағы тері үлгілері. Бұл заңдылықтар мұрагерлік, жеке-дара және олардың шығу тегінде орталық жүйке жүйесіне тығыз байланысты болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Тері құрылымын зерттеу оңай, қол жетімді және ол көбіне жасына байланысты өзгермейді.

Этникалық және нәсілдік дерматоглификаның бастау бұлағы – адам популяцияларының қылшығы мен табанының тері үлгілерінің құрылымы туралы ғылым. Оның негізін қалаған – ХІХ ғасырдағы көрнекті генетик, антрополог, математик Фрэнсис Гальтон. Саусақ оюының үш негізгі түрі бар – жоғары (бұйралар), орташа (ілмектер) және төмен (доға) күрделілік дәрежелері. Дұрыс методологиялық тәсілмен зерттелген тері үлгілері – тарихи және биологиялық ақпараттың баға жетпес көзі.

**Түйін сөздер:** дерматоглифика, корреляция, Камминсиндексі, бұйралар, дельта индексі, этнос, антропология.

\*\*\*

Currently, studies of various morphological anthropological indicators of the population are conducted deeply and widely throughout the world. One of the most interesting and promising such indicators are skin patterns on the hands and feet. Since these patterns are inherited, strictly individual and closely related in their origin to the central nervous system, reflecting its features in its individuality. Skin patterns are easily accessible for study, and, for the most part, do not change with age.

At the origins of ethnic and racial dermatoglyphics - the science of the structure of the skin patterns of the hand and foot of human populations - is Francis Galton, an outstanding geneticist, anthropologist, mathematician of the 19th century. There are three main types of finger patterns - high (curls), medium (loops) and low (arcs) degrees of complexity. Skin patterns with the correct methodological approach are an invaluable source of historical and biological information.

**Keywords:** dermatoglyphics, correlation, Cummins index, curls, delta index, ethnos, anthropology.

### ЛИТЕРАТУРА

1. **Хить Г.Л.** Дерматоглифика народов СССР, Москва 1983. – С. 280
2. **Гладкова Т.Д.** Особенности дерматоглифики некоторых народностей СССР, Москва 1957, выпуск 1 – С. 90
3. **Гладкова Т.Д.** Дерматоглифика некоторых северо-восточных народностей СССР (манси и коми), Москва 1986, выпуск 6 – С. 113
4. **Хить Г.Л.** Дерматоглифика в расоведении: таксономия рас и популяций, Москва 2002. – С.102
5. **Хить Г.Л., Долинова Н.А.** Расовая дифференциация человечества (дерматоглифические данные). Москва 1990. – С.160
6. **Антонюк С.А.** Дополнительные материалы по дерматоглифике западных белорусов /Вопросы антропологии. Москва 1975. - Выпуск 49. - С.142-156.
7. **Хить Г.Л., Широбоков И.Г., Славлюбова И.А.** Дерматоглифика в антропологии, Санкт-Петербург 2013, - С. 373.
8. **Cummins H.** Dermatoglyphic stigmata in mongoloid imbeciles. The Anatom. Record. 1939.- V. 73.№4. pp. 407-415.

## ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

(ХХ ғасырдың соңы)

**Ерке ҚАРТАБАЕВА,**  
дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану  
кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты  
**Нұрбол БОЛЫСБЕКОВ,**  
дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану  
кафедрасының 2-курс магистранты

Еуропаны фашизмнен азат ету демократиялық құрылысты бекітуге және антифашистік демократиялық өзгерістерге жол ашты. Кеңес армиясының неміс фашистерін осы елдердің аумағында талқандауы Шығыс Еуропа елдерінің ішкі даму үдерісіне шешуші әсер етті. Олар Кеңес Одағының бақылауында қалды.

1970-1980 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезеңінде және ғылыми техникалық революцияның бастапқы кезінде индустрияландыру үлгісінің дәрменсіздігі байқалды. Тоталитарлық социализм Еуропа өркениеті дамуы-

ның табиғи-тарихи үдерісіне қайшы келді. Польшадағы, ГДР-дегі 1953 жылғы көтеріліс және басқа елдердегі ереуілдер, 1956 жылғы венгр көтерілісі және 1968 жылғы Прага көктемі атты қозғалыс КСРО және басқа социалистік елдердің әскерлерімен басып-жаншылды [1, 16-24-бб.].

Ғылыми-техникалық революцияның жаңа кезеңі социалистік лагерьдің барлық елдеріндегі экономиканы қайта құруды талап етті. КСРО және Шығыс Еуропа елдері ФТР-дің даму қарқынына қосыла алмады. Реформа мәселесі Венгриядағы көтерілістен

кейін күн тәртібінен түспей келген болатын, бірақ оны жүргізудің барлық әрекеттері ескерілмей, тұйықталып қалды. 1970 жылдардың басында Польшада жұмысшылардың бірінші аса ірі көтерілісі болып өтті. 1981 жылы Польшада соғыс жағдайы енгізілді. Басқа елдерде революция басқарушы партияның маңдайша жазуын алмастыру әрекетімен, реформа жариялаудан басталып, олардың саяси сахнадан кетуімен аяқталды. Әкімет жаңа партиялар қолына өтті. Мемлекеттік басқаруға жаңа жетекшілер: Чехословакияда драматург Вацлав Гавел, Польшада кәсіподақ қайраткері Лех Валенса, Болғарияда социолог Желе Желев келді.

**Румынияда Чаушескудің диктатурасы 1989 жылы желтоқсандағы халық қозғалысы барысында құлатылды.** Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік лагеріндегі барлық елдерде көппартиялық жүйе енгізілді, әлеуметтік-экономикалық құрылыс пен саяси жүйені өзгерту жолында терең реформалар жүзеге асырыла бастады. Реформалар мынадай бағыттарда жүргізілді: нарықтың жоспарлы реттеушілік рөлін және бағаны ырықтандыруды қалпына келтіру, толық мағыналы тауарлы ақша қатынасын орнату, меншік формаларын өзгертулер жеке меншікті мойындау, бұйрыққа сүйенген әкімшілік жүйені жою, қысқарту. Бұрынғы коммунистік партиялар саяси сахнадан ғайып болып кеткен жоқ. Билікті жоғалтқанымен реформашыл қанаттарына саяси күреске жаңа маңдайша жазуымен, бағдарламаларымен қатысуына мүмкіндік берді.

**Польшада біріккен жұмысшы партиясы өзін тарапатындығы туралы мәлімдеді, алайда социалистік партия қайтадан өріс алды.** Болғарияда солшыл күштердің демократиялық партиясы құрылды және т.б. Солшыл саяси күштердің қайта құрылуының жалпы үдерісі социал-демократтық бағыттағы күштердің жаңа жетекшілеріне жол ашты. Осының салдарынан қоғамда әлеуметтік қайшылықтар күшейді және сонымен қатар әлеуметтік топтар мүдделерінің межелей бөлінуі байқалды. Қорыта айтқанда, саяси оппозицияның жеңісін анықтайтын форумдар тарап кетті.

**Наразы халық 1994 жылы сайлауда бірқатар мемлекеттерде өкімет басына социал-демократиялық партияның орнына бұрынғы коммунистерді әкелді.** Алайда көп ұзамай саяси күштер өздерінің әлсіз екендігін көрсетті: реформаны жалғастыру барысына тек кедергі келтірді. Сондықтан **1996-1997 жылдары Польшада, Болғарияда, Венгрияда, Румынияда және бірқатар басқа елдерде социал демократиялық топтар қайтадан жеңіліске ұшырап, өкімет басына жаңа саяси күштер келді.** Осы орайда Шығыс Еуропа елдеріндегі саяси және экономикалық өзгерістердің ерекшелігіне тоқталайық: 1990 жылдардағы оңды-солды толқулар бұрынғы социалистік лагерьдегі барлық мемлекеттердің бастан кешірген өтпелі кезеңін бейнеледі. Экономиканы ырықтандыру, нарықтық қатынасқа өту салдарлары әртүрлі факторлардан көрінді. Польша мен Венгрияда әлдеқайда ерте (1980 жылдар) басталған реформалар ауыр жағдайды жеңілдетуге, тұрақтылыққа өтуді жеделдетуге мүмкіндіктер берді. Польшада 1995 жылы күнсыздану бірден төмендеді, мемлекет еуропалық деңгейге шықты. Сонымен қатар елде жұмыссыздық сақталып (15%), әлеуметтік шиеленіс шешілмеді. 1996 жылы Польшада президент сайлауында солшыл күштің өкілі жеңіске жетсе, ал парламент сайлауында (1997 ж., қазанда) оңшылдар басым болды. Чехияда, Словакияда және Венгрияда жерге жекеменшік қалғанымен, кооперативтің жаңа формалары пайда болды. Бұл аймақтың барлық елдері үшін ортақ күрделі мәселе еді: капитал жоқ, жұмыс күші тапшы болды, жердің аздығынан өндірілетін өнімді толтырудың бас-

қалай жолдары табылмады, несие алу көзі және ауылшаруашылық құрал-жабдықтары жетіспеді, ауылдағы шағын және орта бизнес артта қалып қойды. Бұл аймақта ұлттық және этникалық қақтығыстармен қатар ұлтшылдық көріністер де байқалды [2, 241-243-бб.].

**Чехословакияда 1990 жылғы революциялық үдерістер ұлттық қақтығыстарға ауысты.** Бұрынғы Югославия бірнеше мемлекетке бөлінді. Егеменді Словакия, Босния, Герцеговина, Македония, Хорватия мемлекеттері құрылды. Югославияда Сербия мен Черногория қалды. Боснияда халықтың діни құрамы күрделі болды. 1991-1992 жылдары өзара қақтығыстар басталды. Ол ұлттық алалаушылыққа және жаппай өлім-жітімге алып келді. Өзара араздық, өзара тартыс тек бес жыл өткен соң БҰҰ, ЕО, НАТО және бірқатар еуропалық мемлекеттердің, ішінде Ресей де бар, араласуымен аяқталды. 1999-2000 жылдары Косоводағы албандар тағдыры дүниежүзі назарын аударды. Осы мәселеге НАТО араласып, мұсылмандарды қудалау тоқтатылды.

**Балқан түбегіндегі Сербия мен Хорватия арасындағы бақталас екі елдің сыртқы саясаттағы бағытымен ұштасты.** Ерте кезден бастап Хорватия жағы Германияға бет бұрса, Сербия жағы ресейлік бағытты қолдап отырады. Аталған текетірес жағдай діни (конфессиялық) қайшылықтармен де ұшыға түсті. Сербтердің православиялық наным-на хорваттардың католиктік клерикалдық (лат. *clericalis* – *шіркеу, шіркеулік*) наным қарсы тұрды. Бұрын Югославия жеріндегі мұсылмандар діни қауым деп мойындалса, 1961 жылдан бастап Броз Титоның өкімі бойынша мұсылмандарға ұлттық мәртебе берілді. Бұл жағдай Босния және Герцеговина аймақтарындағы ислам топтарының қайта жандануына түрткі болды. Бұл аймақтағы тұрғындар діни нышанға сәйкес үш этникалық топқа бөлінеді: католиктер өздерін *хорваттармыз* (15%), православтар *сербтерміз* (31%), ал исламшылдар *мұсылмандармыз* (40%) деп бөлінеді. Біртұтас мемлекеттің құрамындағы республикалар егемендік жолына түсті. Егемендік әрекеттерді жақтаған республикалардың алғашқы қатарында Словения мен Хорватия тұрды. Хорватиядағы үкімет басшылығына генерал Ф.Туджман жетекшілік еткен Хорватия демократиялық Достастығы атты партия келді. Сербиядағы тәртіпті С.Милошевич бастаған ұйымдар бақылады. 1991 жылдың көктемінен бастап хорватиялық полиция топтары мен сербтердің қорғаныс жасақтарының арасындағы қақтығыстар жиілей бастады [3.52 б.].

**1991 жылдың желтоқсанында Хорватия аумағындағы сербтер Серб Крайна атты тәуелсіз Республикасын жариялады.** Хорватия мен Серб Крайна арасындағы әскери соғыс әрекеттер кең көлемді шайқастарға ұласты. Бұл шайқастарға Югославия армиясының тұрақты бөлімшелері жиі қатысатын болды. Бұл жағдайда Батыс елдер өкілдері Хорватия әрекеттерін барынша ақтап, кінәнің бәрін Сербия жағына жауып отырды. Сербия әрекеттері оқшаулана қала беретін жағдай қалыптасты. 1992 жылдың наурызында Босния және Герцеговина тәуелсіздігін жариялады. 1992 жылдың сәуірінде сербтер мен мұсылмандар арасындағы әскери қақтығыстар орын алды. Бітімгершілік әскери топтарының болғанын ескермей, Босния және Герцеговина аумағына Югославияның басқа аймақтарындағы сербтер топтары келсе, Тауы Шығыстағы мұсылман елдерінен мыңдаған моджахеттер топтары ағылды. Босния мен Герцеговина аумағындағы қақтығыстар үш түрлі сипатта: православтық, католиктік, мұсылмандық қырғындар кең өріс алды. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі жағдайды ескеріп, Югославияға қарсы экономикалық жазалау шараларын енгізуді жоспарлады.

**1992 жылы Сербия мен Черногория елдері бір-**

лесіп Одақтық Югославия Республикасын ұйымдастырған болатын. АҚШ әкімшілігі БҰҰ-ның шешімін күш қолдану жолымен орындауды барынша жақтады. НАТО әскери әуе күштері серб әскерлері шоғырланған аудандарға оқ атып, Босниядан Сербия әскерін дереу шығаруды талап етті. Шиеленіскен саяси жағдайды тұрақтандыруға АҚШ дипломатиясы да кірісті. 1995 жылдың қараша айында Огайо штатындағы АҚШ әуе күштерінің Дейтон базасында Босния сербтерінің жетекшісі Ф.Туджман, Югославия Федерациясының басшысы С.Милошевич, Босния мұсылмандарының жетекшісі А.Изетбегович жанжалды реттеу шартына келісті. Дейтон келісімі негізінде Босния және Герцеговина екі ұлттық бөлшекке бөлінді: Мұсылмандық Хорваттық Федерация және Сербия Республикасына. Бейбітшілік келісімді іске асыратын көпұлтты әскери күштер құрылды. Аталған әскери топтар НАТО басшылығына бағынып, Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына ие болды.

**Балқан түбегіндегі жанжалдар Босния мен Герцеговина аумағындағы тартыспен аяқталмады.** 1998 жылдан бастап Косово жеріндегі тартыстар қайтадан шиеленісе түсті. Сербия полициясы мен Косовоны азат ету армиясы атты топтың арасындағы ушығып кеткен қарулы шайқастарды басу үшін Югославия үкіметінің әскери бөлімшелері Косово жеріне өтті. Мыңдаған Косово тұрғындары көршілес Албания мен Македония елдеріне ауып, босқыңға айналды. Сербия жағы Косово ауданының автономиялық құқығын одан сайын кеңейтуге үзілді кесілді қарсы болды. Бұл жердегі албандық тұрғындар Федерациядан шығып жеке дербес мемлекет құруды аңсады. Халықаралық ұйымдар қатысқан келіссөздер нәтиже бермегеннен кейін АҚШ бастаған НАТО әскери тобы бұл мәселені күш қолдану арқылы шешуге кірісті.

1999 жылы наурыз, сәуір, мамыр айлары бойы Косово аумағы және Югославияның басқа да аудандарына үздіксіз бомба және ракеталар тасталды. Косоводағы Сербия әскерлері толық шығарылып, Албания тұрғындары Косовоға жиілеп қайтып келе бастады. Ел ішіне бітімгерлік мақсатпен халықаралық әскери топтар енгізілді [4.].

1997 жылдың шілдесінде НАТО-ға кіруге бұрынғы Варшава Достастығының үш мемлекеті Венгрия, Польша және Чехия шақырылды. Бұл елдер НАТО құрамына 1999 жылы енгізілді. 2002 жылы Болгария, Румыния, Словакия, Словения шақырылды. Аталған 4 ел НАТО тобына 2003-2004 жылдары, ал Албания мен Хорватия 2009 жылы сәуірде қабылданды. НАТО құрамына енген Шығыс Еуропа елдері Еуропа Одағының мүшелігіне өтуге мүмкіншілік алды. Кейінгі кезде АҚШ-тың зымырандарға қарсы қорғаныс жүйесін осы аймаққа орнату жоспары Ресейді қатты алаңдатты. Ал елдер ішіндегі қайшылықтар да жеткілікті. Румынияда, Словакияда, Болгарияда, Польшада және т.б. елдерде үкімет ауысты. Днестр бойындағы жанжал, Украинадағы оқиғалар аймақтағы қауіпсіздікке өз әсерін тигізді.

#### РЕЗЮМЕ

Страны Центральной и Юго-Восточной Европы в послевоенный период назывались странами Восточной Европы. Освобождение Европы от фашизма открытие пути к укреплению демократического строительства и антифашистским демократическим изменениям.

\*\*\*

The countries of Central and South-Eastern Europe in the post-war period were called the countries of Eastern Europe. Freeing Europe from fascism opens the way to strengthening democratic construction and anti-fascist democratic change.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.История СССР: учебник для студентов / Под ред. Н.Е.Артемова. – М.: Высш. шк., 1982. – 142 с.
- 2.Новейшая история Отечества. XX век: учебник для студентов вузов: В 2 т. – Т.1 /Под ред. А.Ф.Киселева, Э.М.Шагина. – М.: ВЛАДОС, 1998. – 481 с.
- 3.Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 153 б.  
[https://w.histrf.ru/articles/article/show/vostochnoievropieiskie\\_rievoliutsii](https://w.histrf.ru/articles/article/show/vostochnoievropieiskie_rievoliutsii)

## **ШЫҢЖАҢ ӨЛКЕСİNДЕГІ КӨТЕРІЛІС ПЕН АЛАШ ИДЕЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

**Қуанышбек ҚАРАЖАН,**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
**Назерке НАҒАШЫБАЙ,**  
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық  
университетінің 2-курс магистранты

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыс тарихы уақыт, мазмұн және көлем жағынан кең ауқымды, әлі де болса толықтай зерттеп-зерделеуді қажет ететін тақырып. Өйткені бүгінгі Егемендік жағдайында халқымыз басынан кешірген түрлі тарихи кезеңдердегі ұлт-азаттық қозғалысының мән-маңызы онан сайын арта түсуде. Уақыт тұрғысынан ұлт-азаттық қозғалыстың Ресей отаршылдығына байланысты XVIII ғасырдан бастау алатын бертінгі кезеңі тіпті де мол тарихи құндылыққа ие. Бірақ қазақ халқы қатысқан көтеріліс Ресей патшалығымен шектелмейді. Себебі 1940 жылдан бастау алған Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек ұлттарының ұлт азаттық қозғалысы да отан тарихындағы

ұлт-азаттық қозғалыстардың жалғасы болып табылады.

Шыңжаңдағы 1940 жылы басталған көтеріліс ұлттардың бостандық алуына, тәуелсіздікке ұмтылуынан болған оқиға болса, көтерілістің басталуына себепке болған біртұтас Алаш идеясы. 1917 жылы желтоқсан айының 5-13-і аралығында Орынбор қаласында екінші жалпы қазақ съезі өткізіліп, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатов бастаған ұйымдастырушы топ 10 мәселе көтереді. Соның бірі – Алаш автономиясын жариялау еді. Ә.Бөкейханов бастаған топ автономия жариялау әзір ертерек деген пікір ұстанған. Екінші – Халел және Жанша Досмұхамедовтар бастаған топ дереу автономия жариялау қажет деген

пікірде болған. Ақыры Алаш автономиясын жариялау туралы бір шешімге тоқтап, Алашорда үкіметін құрған. Үкімет төрағалығына Әлихан Бөкейханов сайланып, 25 адамның құрамына үкімет мүшелерін тағайындаған. Алаш автономиясын жариялау туралы шешім жалпы қазақ ұлты үшін зор сілкініс бола біліп, көршілес Қытай және Моңғолия жеріне тарихи себептермен көшіп кеткен қазақ халқы да қуанышпен қарсы алды [6,57].

Кешікпей большевиктер билігі күшейіп кетуіне байланысты Алаш автономиясының өрісі тарылды. 1918 жылдың наурыз айында Оралдан Халел және Жанша Досмұхамедовтар Мәскеуге барып, Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ленин және ұлт істері бойынша халық комиссары Сталинге жолығады. Бірақ келіссөз нәтижесіз аяқталады.

Бүкілресейлік құрылтай жиналысы Алаш автономиясын мойындаудан бас тартқан.

Осындай қиын-қыстау жағдайдан кейін Алаш қайраткерлері әртүрлі жолдар іздеген. Соның бірі шетелдегі қазақтармен байланыс жасап, оларды Алаш шаңырағының астына біріктіру ісі болатын. 1917 жылдың бейресми дерегі бойынша Ресейге бағынышты өлкелерде 5 млн 400 мың қазақ тұрған. Ал шетелде қазақтар Қытай мен Моңғол елдерінде ғана бар еді. Осы тұста Қытай елінде 150 мыңға тарта қазақ болса, Моңғол елінде 20 мыңның шамасында екен.

1918 жылдың жазында Қытай елін бетке алып Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Садық Аманжолов, Райымжан Мәрсекөв жолға шығады. Олар Ақсуат өлкесін басып өтіп, Шәуешек қаласына барады. Кезінде Семей қаласында тұрып, осында қоныс аударған көпес Рамазан Шәнішевтің үйіне түседі. Елді жинап келген мақсаттарын айтады.

Шәуешекке келген Алаш өкілдерін қазақтың ауқатты байы Құсайын өзі ертіп, Үрімжіге апарады. Оларды Шыңжаң өлкесінің билеушісі Ян Зын Шин қабылдайды. Сөйтіп, 1918 жылы 24 көкек күні Шәуешек қаласында кіші құрылтай өткізілген болатын. **Ондағы басты мақсаты:**

1.«Алашорда» үкіметінің Шығыстағы эмиграциялық бөлімін ашу.

2.Босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорда мемлекетінің азаматтары ретінде қытай үкіметіне ресми тіркету.

3.Оларды жерге қолтықтаса орналастырып, дербес автономиялық басқару жүйесін құру болатын [5].

Бірақ бұл құрылтай нәтижесіз аяқталады. Себебі қытайда империялық билік құласа да, үстемдігін жоймаған болатын және Шәуешек қаласында баяғыдан келе жатқан орыс консулы болған. Осы консул Кеңес үкіметінің мүддесіне ойысқан болуы керек. Сондықтан да Алаш арыстарының сапарына шектеу қойылған. Тіпті арыстардың қандай шаруамен келгенін де біліп отырған. Тез қайтуға мәжбүрлеген. Алаш арыстарының осы сапары кезінде бірге жүрген, дидарласқан адамдардың көбі артынан атылған, асылған.

Бұдан біз 1937-1938 жылдардағы жаппай жазалау науқаны Қытайдағы қазақтарды да айналып өтпегенін аңғарамыз. Себебі КСРО мен Қытай өзара байланыс орната отырып, «Голощекиндік құдалау» бойынша жазалауға ұшыраған адамдар тізімін Шыңжаңдағы КСРО консулы қарап, іздестіру жұмыстарын жүргізіп отырған болатын. Бірақ та Алаш идеясы өзіндік үлесін халық санасына сіңіре білді. Ұлттық газеттер мен мектептердің, мәдени ойын-сауық отауларының ашылуы ұлттық сананы оятып, ақыр соңында ұлт-азаттық қозғалысына алып келді. Ұлт-азаттық күрес қаһармандары мен жауынгерлері осы біртұтас Алаш идеясы үшін қолына қару алды. Жауымен жағаласты, жараланып, қаза тапты [1,12].

Шығыс Түркістан қазақтарының XX ғасырдың 40-шы

жылдарындағы бостандық жолындағы түрлі көтерілістері де жалпы ұлтқа тән ұлт-азаттық қозғалыстың бір бөлігі. XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Қытай қазақтары өздері қоныстанып отырған қоныстарымен қоса Цин билігіне қараса да, өздерін жалпы қазақ жұртының бір бөлігі ретінде сезініп келді. Бұған дейін олар Ресей мен Қытай арасында шекара бөлісі болғанынан да хабарсыз еді. Сөйтіп, отаршылдық, бодандық деген ұғымды біреу ерте, біреу кеш түсінді. Жер мәселесі екіұдай күйге түскенде барып, қарсы-лақ білдіріп отырды. Соның бір мысалы ретінде Шығыс Түркістан қазақтарының XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы ұлт-азаттық күресін айтуға болады.

Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі бұл көтеріліс Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында болған қазақ, ұйғыр және басқа халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі. Шыңжаң генерал-губернаторы Шың Шысай (Шэн Шицай) 1939 жылдан бастап жергілікті халықтарға қарсы қатаң саясат жүргізе бастады. Ол қазақ зиялыларын, ел басқарған беделді азаматтарды жазықсыз тұтқындап, түрмеге жапты. Қазақ шаруалары қолындағы аңшылық мылтықтарды зорлықпен тартып алып, үкіметке он мың бас сөйгілік жинап беруді бұйырды. Осындай шектен асқан қорлықпен зорлыққа ызаланған халық стихиялы түрде үкіметке қарсы көтерілді. 1940 ж. ақпанда Алтай аймағының Көктоғай ауданында Рысхан Ноғайбайұлы, Есімқан Иманбайұлы бастаған жергілікті қазақтардың көтерілісі басталды. 5 жылға созылған бұл көтеріліс өзінің көздеген мақсатына жете отырып, Шыңжаң жерінде 1944 жылы Шығыс Түркістан Республикасы жарияланды [2,77].

Біртұтас алаш идеясы негізінде бес ұстанымды мақсат еткен қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек халықтары бастаған қытай үстемдігінен өз мүдделерін қорғау үшін болған ұлт-азаттық көтеріліс, жеңіске жете отырып, өзінің шарттарын қоя білді. Алайда, қос коммунистік бағытта отырған екі ел тарапынан саяси қысым көрсетіліп, 1946 жылы Шығыс Түркістан Республикасы өмір сүруін тоқтатты. Республика құлағаннан соң, зиялы топты жазалау науқанына қарсы тұрып, ұлт амандығы үшін қазақ халқы Ауғанстан, Пәкістан, Түркия, Германия жерлеріне өтіп кетті. Алты адам Шығыс Түркістанның «Халық батыры» атағын алды (Оспан, Ғани, Акбар, Фатих, Дәлелхан, Қалибек) [3,333]. Көтеріліс өзінің ауқымдылығымен АҚШ, Еуропа, Ресей, Жапония, Қытай тарихында елеулі орын алады. Шығыс Түркістандағы ұлт көтерілісі алаш идеясымен сабақтаса отырып, қазақ тарихы көтерілісінің заңды жалғасы. Алаш Орда автономиясын құру өз нәтижесін бере алмағанымен, алаш идеясы өз тарихи маңызын жойған емес.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается освободительная борьба на основе идеи Алаша казахской нации в Синьцзяне.

\*\*\*

The article discusses the liberation struggle based on the idea of Alash of the Kazakh nation in Xinjiang.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен - Астана «Астана Полиграфия» АҚ 12-том. 2009. 309 б.
2. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен - Астана «Астана Полиграфия» АҚ, 13-том. 2009. 313 б.
3. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен - Астана «Астана Полиграфия» АҚ, 14-том. 2009. 357 б.
4. Жәди Шакенұлы. Шығыс Түркістан мәселелері. \\Қазақ үні газеті, 10 тамыз 2010.
5. Қыдырханұлы У. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары // Егемен Қазақстан. - 2008. - 25 маусым.
6. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 том, А.

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ

К.СӘРСЕНБАЕВА,

Б.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі,

Г.ҚОҚАШОВА,

Аркалық политехникалық колледжі экономика пәнінің оқытушысы

Бұл мақалада, білім берудің жаңа парадигмасы, оқытушының кәсіби құзыреттілігі жайында, кейс әдістерін, геймификация әдістерін «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» пәнінде қолданудың тәсілдері көрсетіліп, баяндалған. Заманауи білім кеңестігінде «гейм» ойын арқылы жеткізу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Сол себепті, мақаланың басты мақсаты – білім алушылардың геймификация арқылы жаңа заманның ағымына бейімделіп, жаңа көзқарастары қалыптастыру.

**Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты** – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Нарық жағдайындағы оқытушыға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. *«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды»* дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Соған орай, білім беру парадигмасы өзгеруде. Оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік дағдысымен қатар, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. **Парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, оқышыларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз» деген сұрақтарға жауап береді.** Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын тұрақтандыруға ұмтылуда.

**Шындығында оқытушының алдында білім алушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұрады.** Әрбір білім алушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл оқытушы керек. Білім алушылардың колледжде табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы оқытушының қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Оқытушы білім алушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман оқытушысынан күнделікті білім алушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Себебі, XXI ғасыр ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдық пен даму заманы, сондықтан уақыт талабына сай білімді де парасатты, жан дүниесі кемелденген, намысшыл ұрпақ

тәрбиелеу басты мақсат болып отыр [1].

**Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр.** Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі оқытушының кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі оқытушының кәсіби шеберлігіне байланысты. *«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»*,– деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны білім алушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Оның негізі оқытушылардың өз сабақтарында түрлі әдістерді қолдана білуі. Сондықтан да әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе [2].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің: *«Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса»*,– деген ілімін негізге ала отырып, білім алушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, білім алушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Осы орайда, тамыз



айында «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» атты біліктілікті көтеру курсы өтті. Бұл курсты оқытудың басты мақсаты – білім алушыларға кәсіпкерлік машықтарды дамыту, қаржылық сауаттылықты арттыру. Олар өмірлік қиындықтар мен тәуекелдерді неғұрлым ерте танып, алдын алса екен деген ой.

**Бағдарламаның негізі кәсіпкерлік негіздерін оқытуда халықаралық тәжірибеге зерделеніп жасалынған.** Бағдарлама интерактивті болып, геймификацияға негізделген әрі бизнес кейстерді (Project based learning) меңгеруге бағытталған. Атап айтқанда білім алушылар 40% теория, 15% кейстер, 45% ойын арқылы жаттығуларды орындайды.

**Кейс әдісі дегеніміз – нақтылы практикалық істерді талдауда, зерттеу ісін жүргізуде қолданылады.** Білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның келешек маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Мұнда оқытушыда сол әдіске байланысты өзінің өмірдегі жағдаяттарды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және жетілдіреді. Яғни екі тараптан да ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін ашылады.

Адами капиталды дамыту бойынша елімізде қолға алынып отырған ірі бастамалар да геймификацияны қолдануда. **Геймификация дегеніміз – ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі [3].**

Бұл «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» пәні геймификацияға негізделген, яғни білім алушылар ойын түрлері арқылы кәсіпкерлік негіздерін үйренеді. Сабақ барысында геймификацияны қолданған кезде қызығушылықты арттырады, ынталандырады, білім беру кеңістігінде бәсекелестікті арттырады. Геймификация процесінде білім алушылар белсенді, бұл өз кезегінде білімді тиімді меңгеруге және білімді нығайтуға ықпал етеді. Тіпті күрделі тақырыптың өзін де білім алушылар қызықты әрі жеңіл түрде қабылдайды.

Неге геймификация әдісін қолдандым? Өйткені, кәсіпкерлік – тарих не математика пәні емес, кәсіпкерлікке практика мен еңбек, қимыл-қозғалыс арқылы баулуға болады. Онлайн әрі офлайн режимінде ойын түрлерінде пайдалануға болады. Пәнді оқытуда онлайн әрі офлайн режимінде ойын түрлерін пайдаланбасақ, олардың назарын кітап, жазу, дәстүрлі дәріс оқумен аулау қиын. Олардың ынтасы парыз бен дұрыстыққа емес, жарысу мен марапатқа негізделген. Мұндай сана жаңа деңгей, жаңа машыққа икемді келеді, жаңа жаттығулар жасап, рекорд жаңартуға бейім. Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып, әлем бағдарламашылары білім жобаларын, тіпті жұмыс түрлерін ойынға негіздейді.

*«Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын»,* – деп, Альберт Эйнштейн айтқандай, бұл бағдарламаның басты мақсаты – сабақты жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, дәстүрлі сабақтан өзгеше етіп өткізу.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұндын қамтамасыз ету міндеті тұр.

**Бүгінде отандық білім беру мен бизнес саласы арасындағы әріптестік байланыс күшейіп келеді.** Оған ел экономикасының дамуына қажетті мамандықтар даярлаудың себепкер екенін ескерсек, бұл арнадағы жұмыстар өз ретімен орындалуда. Бұл бағыттағы жүйелі жасалған жұмыстар екінші жағынан аймақтық бәсекені арттырады сөзсіз [4].

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін оқу

орындарында бәсекелестікке қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Себебі, әлеуметтік сала экономикасын дамыту осы болашақ мамандардан төмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді.

- *жүйелі ойлауды;*
- *құқықтық ақпараттық мәдениетті;*
- *кәсіпкерлік мәдениетті;*
- *өзін-өзі тануды;*
- *басқаларға ұсынуды;*
- *өз қызметін білімді талдауды;*
- *жаңа білімді;*
- *кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдауды;*
- *бәсекелестікті және өмір талаптарына сай қызмет етуді;*
- *әр іске жауапкершілікпен қарауды;*
- *нәтижеге бағытталған істерді жасауды [5].*

**Егеменді еліміздің болашақ тұлғасын тәрбиелеу мен білім беру жолында – жаңашылдыққа жаны құмар, ізденімпаз, бәсекеге қабілетті, дені сау білім алушының бейнесін жасауға өз үлесімді қосып, үйреніп алған білімімді іс-тәжірибе арқылы білім алушыларға үйретуге бар күш жігерімді салуға тырысамыз.** Жаңаша форматтағы сабақтар өткізу арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын одан әрі дами түсетініне көзім жетті. Үй-рете отырып, үйренуге дағдылану; бағыт-бағдар беруде түрлі амал-тәсілдерді қолдана білетін деңгейге жету; оқытушы – білім алушы – ата-ана арасындағы қарым-қатынастың ынтымақтастығын құра алатындай жағдайға жету – бұл біздің негізгі мақсатымыз.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье отражены и изложены новые парадигмы образования, профессиональные компетенции преподавателя, способы применения кейс-методов, методов геймификации по дисциплине «Основы предпринимательской деятельности». В современной образовательной программе широко используются методы и приемы передача через игру «гейм».

**Ключевые слова:** Бизнес – идея, Бизнес – модель, методы кейса, Ресурсы Геймификации, Предпринимательство.

\* \* \*

This article reflects and describes new paradigms of education, professional competence of the teacher, ways of using case-methods, gamification methods in the discipline «Fundamentals of business». In the modern educational program widely used methods and techniques of delivery through the game.

**Key words:** Business – idea, Business – model, case methods, Gamification Resource, Entrepreneurship.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Дональд Куратко.** «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика», Ұлттық аударма орталығы. Астана – 2018 жыл.
2. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы/ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген.
3. [https://massaget.kz/men\\_kasipkermin/kasipker/52362](https://massaget.kz/men_kasipkermin/kasipker/52362)
4. «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы/ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысы.
5. Atameken.co онлайн – платформасының материалдары.

# **«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ тиімділігі мен әдістері**

**Сымбат ҚАППАР,**  
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық  
университеті кәсіптік оқыту мамандығының  
2-курс магистранты, ғылыми жетекшісі  
п.ғ.к, профессор: Дәрменова Р.А.

**Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерілудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталынып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Осы орайда жалпы білім беру бағдарламасының басты бағыты – әрбір оқушыға нәтижеге бағытталған білім беру, дәстүрлі мәдениеттің негіздерін үйрету, оқушыға қолайлы жағдай жасау болса, мектепте жүргізілетін көркем еңбек пәнінің басты міндеті – жас ұрпақты келешекте кеңінен тараған кәсіптерді меңгеруіне көмектесу. К.Д.Ушинский: *«Ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарыңда күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды, тиімді болары сөзсіз»*, – деген. Қазіргі кезде нақты айқын болып отырған жайт, біз білім алып отырған жоғары оқу орындарында қажетті және пайдалы білім ала отырып, адам оны үнемі толықтырып отыруға тура келеді; сондықтан да қазіргі педагогикалық және қоғамдық-саяси әдебиеттерде «кредиттік түрде білім алу», «мамандықты үздіксіз жетілдіру», «электрондық кітапхана», «электрондық оқулық» ұғымдары кездесетіні тегін емес.

Оқыту үдерісін ақпараттандыру үдерісі мұғалімдер мен оқушылардың қызығушылығын, шығармашылық ізденісін, электронды оқулықтарды жасау технологияларын және оларды іс-тәжірибеде қолдану әдістерін игеруге ұмтылысын тудыруда. Электронды оқулықтың ерекшелігі модульдікке сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі.

**Электрондық оқулық** – ғылыми-педагогикалық құрал, дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

**Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.** Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі. Білім саласындағы кез келген пәннің жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес

қосары анық. Мектептегі көркем еңбек пәні – басқа пәндерге ұқсамайтын, өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор пән. Көркем еңбек пәнінің базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтау қабілеттерін дамытады, өздерін танып білулеріне, болашақ кәсіби мамандығының әлемін зерделеуіне, әр түрлі кәсіби салалар бойынша қабілеттіліктерін, біліктіліліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

**«Көркем еңбек» пәнінде электронды оқулықты пайдаланудың ерекшеліктері.** Қазіргі кезде компьютердің аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуі үлкен деңгейлерге жетті. Олардың негізінде баспа оқулықтарының алдында бірнеше артықшылықтары бар электронды оқулықты жүзеге асыруға болады. Бұл артықшылықтар электронды оқулықта мультимедиа, гипертекст, интерактивтілік қолдануға негізделді [2].

**Мультимедиа** – бұл әр түрлі формада (мәтін, график, дауыс, бейне, анимация) көрсетілген ақпаратты біріктіруге және олармен интерактивті режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құрал кешені.

Қарапайым оқулықта барлық ақпарат мәтін және график түрінде көрсетіледі. Электронды оқулықта барлық мультимедиялық технологияларды тиімді қолдануға болады.

1. Электронды оқулық мәтінін түрлі-түсті ерекшеленген шрифтпен (жартылай қалың, курсив, асты сызылған) жазуға болады. Арнайы символдарды, пиктограммаларды көптеген әр түрлі әліпбилерді (кириллица, латиница және т.б.) қолданумен математикалық формулаларды және мәтіндерді бір тұтастыққа қалыптастыру мүмкіндігі бар.

2. Әр түрлі графикалық бейнелерді (суреттерді, фотоларды, кестелерді, гистограммалар мен үш өлшемді бейнелерді) жеңіл құруға болады. Осының барлығын қозғалысқа келтіруге болады.

3. Нақты ақпарат, сурет, басқару батырмалары блогына және т.б. қатынау барысында жаңа дауыстық бейнелерді немесе дауыс сигналдарын қолдануға болады. Автономды режимде дауыстық клиптарды қоюға, динамикалық процестерді дауыстауға болады.

4. Білім беру қажеттілігіне дайындалып, магнитті тасымалдаушыларда және фотопленкада сақталған бейнематериал, бейнебаяндарды қолдануға болады.

1) Мультимедиялық технологиялар анимацияларды, суреттерді «шығаруға», мәтінді және оқулықтың басқа да объектілерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл технология эксперименталды жұмыстарды визуалды түрде көрсетуге, қауіпті тәжірибелерді жүргізуге мүмкіндік береді.

2) **Электрондық оқулықтың құндылығы.** Электрондық оқулықтың ең басты құндылығы – жай оқулықтағы қамтамасыз етілмеген жоғары дәрежедегі көрнектілік мүмкіндігі.

3) *Электрондық оқулықтың құндылығын белгілей отырып, мынаны ескеру керек:* электрондық оқулық материалды өте ұқыпты, оны маңызды ерекшелікпен үйренуге мәжбүр етеді. Электрондық оқулықты құру кезіндегі ең маңыздысы, ол оқытудың активизациясында қорытылады, үлкен көлемді символдарды бейнелерді құруға мүмкіндік туады, олар конспектінің тірегі болады. Сонымен қатар ол бейнелер анимациялық болуы мүмкін, жай кітапті құрғанда ондай мүмкіндік жоқ. Қозғалатын (анимациялық) бейнелердің барлығы оқушының жанында тұрақты «тірі» оқытушы бар сияқты елес құрылады, оқып-үйрену процесінде «бірге болу» кезеңі пайда болады, ол да материалды меңгеруді оңайлатады [3].

Электрондық анықтамалардан сән журналындағы немесе кітаптағы ақпаратқа қарағанда әлдеқайда көп мағлұмат алуға болады. Электрондық анықтамалықтар керек ақпаратты тез тауып алуға көмектеседі. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің ерекшеліктерін-оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізу жұмыстары болып саналады. Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың тағы бір басты бағыттарының бірі оқушылардың интернет жүйесінде жұмыс істей білуіне жағдай жасау. Интернетті пайдалану арқылы оқушылар өздеріне керекті мәліметтер алу арқылы білімін жетілдіре түсетіні сөзсіз. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электронды нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оның компьютер жадында сақтау мүмкіндігі және компьютерлік желілер арқылы таратуға болады. Электрондық оқулықтарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулықтың бағалық-нәтижелік бөлігі тестер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқыту үдерісінде кеңінен енуі оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды. Өрбір оқушы электрондық оқулық бойынша таңдалған тақырып негізінде тапсырмалар, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін.

Электрондық оқулықтар болашақ мұғалімдерге үлкен ақпараттық білім алқабына жол көрсетеді.

**Еңбек тәрбиесі** – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер

шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек пәні арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. **Біздің негізгі ұстанымыз:** «Сөзден – іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әртүрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. Бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Көркем еңбек пәнінде оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үдерістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Қорытындылай келе, ұлт мақтанышы, педагог Ахмет Байтұрсыновтың “*Басқадан кем болмас үшін біз білімді, нәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек*”, – дегендей, заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде, болашақ кәсіп түрін таңдап, кемел келешектің мықты маман иесі болуына әрбір ұстаз, мемлекет алдындағы абыройлы міндет. Сондықтан **қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.** Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

## АҚПАРАТ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіндегі реформалау процесі, оның мазмұны мен сапасын арттыру жолындағы жасалып жатқан қадамдар, білім берудің ұлттық моделін жетілдірудегі істер, ақпараттық технологияларды енгізуге байланысты жаңаша педагогикалық көзқарастар туралы айтылған. Соның ішінде, көркем еңбек пәнінде электронды оқулықты пайдаланудың мәні, тиімділігі туралы қозғалды.

**Кілт сөздер:** технология, ақпарат, электрондық оқулық, модуль, интернет, мультимедиа, т.б.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. **Қараев Ж.А.** Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану // Информатика. Физика. Математика. № 3. 3-6-бб.
3. **Мәлібекова М.С.** Ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. – Қарағанды, 2000. – 60-б.
4. **А.Салихова.** «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» 2015 // 5-8-бб.
5. 5B012000-Кәсіптік оқыту мамандығына арналған оқу құралы. – Алматы: Нұрлы өлем, 2010. -394 б.

# БАЗАР ЖЫРАУ МЕН Т.ІЗТІЛЕУОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ: әдеби бейне мен бейнелілік мәселелері

Күнімжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА (Кудайбергенова),  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD, 2-курс

Әдебиеттану ғылымында бейне, бейнелілік, кейіп, сурет деген ұғымды образ сөзі алмастырады. Ойды көркемдеу, көріктеу тәсілі, тіл суреткерлігімен қатар көркем шығармадағы образдылық болып жіктеледі. Академик З.Қабдолов: «Көркем бейне, яки, әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір осылардың бәрі – бір-ақ ұғым образ. Бейнелеу образдылық болса, бейне образ», – дейді [1.436].

А.Байтұрсынов: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – сөз. Ол аты қысқартылып көбінесе шығарма деп аталады», – дейді [2.137]. Сыр сүлейлері поэзиясындағы соны сөз – образдылық, бейнелі сөйлемдер, ақындардың көзқарастарын танытатын ақыл, нақыл сөздері мен толғау-терме мәселелері ойлау жүйесінің күрделі тапқырлығын дәлелдейді.

Әдебиет зерттеуші ғалымдар әдеби туындының көркемдік кестесіне, суреткер шеберлігіне, сөзбен сомдаған тұлғаның табиғатына қатысты құнды пікірлер қозғайды. З.Қабдолов: «образ» ұғымын екі мағынада алып түсіндіреді. Біріншісі – көркем бейне, екіншісі – суретті сөз ретінде талдайды.

Аты алты Алашқа әйгілі болған Базар жырау мен Тұрмағамбет Ізтілеуов сынды жыр дүлдүлдері шығармашылығында келер ұрпақты адалдық пен имандылыққа, парасаттылық пен зиялылыққа тәрбиеледі. Тағылымдық маңызы бар, ұлтымызды өмірге көзқарасын қалыптастырып, рухани ойлау дәрежесін биікке көтеруге, ұрпақ тәрбиесін көздеген Базар жырау мен Тұрмағамбет шығармашылығындағы әдеби бейне мен бейнелілік туралы ой қозғаудың атқаратын қызметі де ерекше.

Көркем ойды жеткізуде Т.Ізтілеуов пен Базар жыраудың өзіндік поэтикалық жүйесі қалыптасқан, өзіне тән сипатын анық байқауға болады. Сұлу сурет жасауға бейімділік – өлең тіліне оң беруге тән қасиет.

З.Ахметов: «Өлең сөз сезімге толы, мейлінше әсерлі, көркем, бейнелі болып келеді. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімінің әсерлі көркемдігін, бейнелілігін, сұлулығын танытады», – деген [2.212]. Осы орайда Тұрмағамбет пен Базар жыраудың ақындық құдіретін көрсететін көркемдеу тәсілі, суреткерлік шеберлігі, көркемдік бейнелеу құралдары поэтик образға бай. Соған қарағанда бұл екі өнер тарланы халықтың тіл байлығын жете меңгерген нағыз шебердің өзі екенін халықтың теңеулер, ауыстырулар, салыстырулар, балама сөздердің небір анықтағыштарынан көрінеді.

Базар жырау – қазақ поэзиясының тарихындағы ауызша дәстүрлі шайырлық – ақындық әдебиетіміздің аралығында екеуіне де ортақ ірі тұлға. Демек, Базар – жыраулық поэзияның ірі өкілі, сонымен қатар, XIX ғасырдың II жартысында классикалық шығыс әдебиеті дәстүріндегі шайырлық жазба ақындық мектептің де басында тұр.

Тілі бай, образдау тәсілі алуан түрлі «Дүниені

құдық екіленіп» атты толғауында ол тікелей заман қайшылығын жырлап, өзгеше бір арманға салынады. Заман түлкі, біз тазы болдық, соның бәрінен де ешнәрсе шықпады, – дейді. Мәселен,

*Дүниені құдық екіленіп,  
Ұстамаққа кектеніп.  
Алдыңнан қашқан түлкідей,  
Дүние қызық көрінді,  
Соқпаққа құдық серменіп,  
Адастырып із тастап,  
Түспеді қолға қуғанмен,  
Неше түрлі түрленіп.  
Дүние – киік, адам – ит,  
Қуа – қуа ізденіп, – деп келеді.*

Жырау алдынан дүниеге құмарлықты қашқан түлкі, дүние – киік, адам – ит деп пенденің сыр-сипаты, мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріне тоқталып суреттеген.

«Дүние – киік, адам – ит» деген метафора тәсілімен жасалған сурет, екі нәрсені дүние мен адамды қатар қойып, балаған. Сол арқылы оқырманға үшінші бір нәрсенің суреті белгілі болып тұр. Сөйтіп нақты сурет жасаған. Базар жырау әдеби бейне жасауда баяғы бабалар дәуірінен келе жатқан ауыз әдебиетін көркемдеген. Көркем бейне жасауға қажет өмірлік дүниелерді жинақтап, әдеби бейнелерді типтендіріп, оның прототипін табуға ұмтылады.

*Мен едім аптықпаған, алқынбаған,  
Орынсыз қалың топта талпынбаған,  
Жырым бес заулап бастап өтті-ау, қайран,  
Тоқсанда сары аяздай сартылдаған, –* деп «Қалың топ, сары аяздай» сияқты тапқыр теңеумен тың эпитеттермен өрнектер жасайды.

«Базар – ойға берік, сөзге жүйрік, талғампаз суреткер. Ол көркем сөз – тілдің күш-құдіреті мен өмірлік мәнін терең түсініп, оны адам санасын өзгертіп, тәрбиелеу үшін таптырмас құрал ретінде пайдаланған», – деп баға берген М.Жармұхамедов [4.352].

Зерттеуші ғалымның сөзімен айтқанда көркем сөздің асқан шебері әдеби бейне жасауда кестелі өрнектер жасай білген. Халық даналығын терең меңгерген. Оның толғауларында халықтың мақал-мәтелдерімен қатар қанатты сөздер мол. Күнделікті қолданылатын нақылдарды әдеби бейне жасауға түрлендіріп отырады. Мәселен,

*Өнбейтін даудың ізінен,  
Өспейтін жігіт қуалар.  
Әр кемелге, бір зауал.*

*Қырық жыл қырғын болғанмен,  
Ажалы жетпей ер өлмес,* т.б. Базар жырауда ғана ұшырайтын айшықты сөз үлгілері де мол.

Бақ тайса, айналдырар ерді қырсық. Тағдыр – құйын, адам – қаңбақ.

Жыраудың шығыс сюжетін пайдалана отырып жазған «Әмина қыз», «Айна-тарақ», «Ахмет Жүсіп» тәрізді дастандары бар.

Бұл дастандарында ертегілік сарынды тың мәліметтермен беріп, әдеби бейне жасаған. «Әмина

қыз» дастанында саудагер мен оның жарының, яғни, кейіпкер образын ашады. Базар даралап берген саудагер әйелінің қанышер екенін бетіне басады. Жігітті дуалы сумен дуалап итке айналдырып жібереді. Бір мейірімді наубайшыны паналаған ит, бір емші қыздың көмегімен адам қалпына келеді. Сол қызға үйленіп бақытты өмір сүреді. Әминаны байталға айналдырып жібереді. Жыраудың әдеби кейіпкер жасаудағы шеберлігі дастандағы Әмина, күйеуі, наубайшы, емші қыздар арқылы сөз кестесін салып, тағылымдылық ой тастайды. Дастан соңында байталға айналған қызды патшаға сыйға тартып, жігіт басына азаттық алады.

Жыраудың ойы ұшқыр, қанатты сөздер түйдек-түйдек төгіліп, бейнелілікпен толыға түседі. «Құмарын тартқан алқаның» атты толғауында:

*Алмас қылыш сыналмас,  
Айқасқан жерден аршындап,  
Қиялай тартып шаппаса,  
Ақ берен мылтық сыналмас,  
Сағалай көздеп сұрмерген,  
Асырымын атпаса, –  
немесе мына жолдардағы:  
Жігіттің басын кемітер,  
Жаман туса баласы.  
Әйелі шайпау ер болса,  
Жабырқап көңілің ашылмас, –*

деп асқақатата шырқап, сыршыл мінезбен арманшыл қиялға берілетін жырау өзінің бастау бұлағын Асанқайғы, Досмамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Бұхар жыраулардан алғанға ұқсатады. Әсиет, үлгі-өнегеге құрылған толғауларында түгелдей мақал-мәтелдермен өріліп отырады.

**Толғаулары шығарламалары арқылы өлең өміріне әдеби бейне мен бейнелілікті молынан енгізе отырып, Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдан қазақ өлеңіне қосқан үлкен үлесі бар.**

Демек, Базар шығарламалары сазды әуен, сырлы мұңымен бірге эпикалық қарқын, бейнелікке бай. Әрине, Базар жырау туындылары өз кезі үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де көркем шығарма ретінде танылады. Әдебиет тарихына үлкен үлес болып қосылған Базар шығармалары өз дәуірінің перзенті, көркем бейне мен бейнелік әдебиетінің құдіретті күшін немесе өмірді танытады. Өмір құбылысынан өзінің дүниетанымы мен көз қарас тұрғысынан таралап, суреткерлік шеберлігі мен көркем дүние жасаған.

Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекетін Базар жырау адам мінезін даралаумен ұштастырған.

*Ол жігіт күнде ертең келер базар,  
Көреді әркімдер де салса назар.  
Алдырып құзырыңа тексеріп көр,  
Неліктен малға сонша береді азар [5.200].*

Дастан басталарда автор жігітті осылай таныстырады да, жары Әминаны

*Әуелі келген кезде дұрыс болды,  
Содан соң ас ішпейтін бір іс болды,  
Өзгеріп күннен күнге қылығы асып,  
Мәнісі бұрынғыдан бұрыс болды, –* дейді.

Бұл үзіндідегі жігіт пен қыз образы нақты бейне, яғни, жанды, әсері дара-дара сипатталған образ. Кейіпкерлердің мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, мақсаты бейнеленіп, көркем образ жасалған. Базар жырау толғауынан өткен адамның даралық және ортақ түр-тұлғасы, сөзі, жүріс-тұрысы, әдеби жинақталған. Әрқайсысының типтік характері, типтік орталары – бұл әдеби бейненің даралық сипатын ашып тұр.

Дастанның тәрбиелік рөлі арқылы көркемдік көзқарасы да аңғарылады. Автор адамның тұрмыс-тіршілігін суреттеу арқылы кейіпкер мінезін көрсеткен.

Әдеби бейнеде қаламгер ойын жинақтап, соған сай көркем бейне жасаған. Авторлық позицияға байланысты жігітті халықтық қаһарманға айналдырған. Кейіпкер мінезін, ішкі болмысын әр түрлі тәсілмен жасап, мінездейді. Жігіттің күйініш сезімдерін суреттеп, монолог арқылы баяндайды да, патшамен сөйлесуін диалогқа құрап отырып суреттеген.

Әмина қыз бен жігіттің сырт келбетін «портретін» әдеби бейнені ашу үшін қолданған, сол себепті әдеби бейне мен бейнелік адам баласына ортақ құбылыстардан бастап өмірдің ерекшеліктеріне сәйкес образ тұлғалауда қажеттілігін пайдаланған. Кейіпкер сөз арқылы жасалатын образ және автордың баяндауы дастанда диалог арқылы берілген. Патша мен жігіт арасындағы болған оқиғаны суреттеу арқылы көркем бейне жасаған.

*–Есіттім, – деді патша сіздің жайды,  
Сен, неге, ойламадың бір Құдайды?  
Соншама азар беріп айуанға,  
Кім саған істе деді осындайды?*

*–Бұл сырды айтпа деп ем өлгенімше,  
Амал жоқ, қоймадың айтпасыма,  
Тыңдаңыз мен сөйлейін көргенімше,  
Жасымнан жетім болып қалмады есім,  
Неше жыл таңдап жүріп бір қызды алдым,  
Жолына мал-жанымды пида қылып.*

Түрліше сезімдер мен характерлерді суреттеу арқылы көркем бейне жасаған.

«Әмина қыз» – дастанында Базар әділдік, адалдық, қарапайымдылық сияқты адамзат құндылықтарын дәріптеп, тәрбиелік тағылым қалдырған.

**Базар жырауды өзіне ұстаз санап, оның талантына тәнті болған шәкірттерінің бірі – Т.Ізтілеуов.** XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Т.Ізтілеуовтің арнау өлеңдерінен бастап, толғау, мысал, дастандары көркем әдеби бейнелікке толы. Әсиеттік ғибратқа толы жырларында өзіндік беті, стилі айқын көрінеді.

Оның ақындық поэзиясы өзіндік поэтик образға бай. Қазақ тілінің небір шұрайлы сөздерін әдеби бейне жасауда орынды қолдана білген. Тұрмағамбет поэзиясының түрі, стилі, тілінде сөздің көркемдік құнын пайдалана отырып, өзінше жаңа әдеби бейне жасап, бейнелілікке негізген.

Базар мен Тұрмағамбет шығармашылығында халық ауыз әдебиеті дәстүрінің қалыптасқан бедері бар. Десек те, екі суреткер де сөз қадірін терең түсінетін, талғампаз талант, жаңашыл жыр елінің өкілі деп бағалаймыз.

**Ұлттық ойлау жүйесі, ұлттық дәстүрдің тамырын анықтау мәселесіне келгенде сол халықтың салт-дәсүрі, әдет-ғұрпына назар аударған жөн.**

Ұлттық сөз өнеріміздің ұлылығы мен көркем мағынасын түсіну үшін әдеби бейне мен бейнелілік мәселесіне көңіл бөлеміз. Т.Ізтілеуов поэзиясының көркемдік жүйесін құрайтын негізгі желілердің бірі – фольклорлық шығармалардағыдай сұлулық сипаты, аттың сыны, батыр тұлғасы, патша отауын суреттеу. Даналыққа толы нақылдар мен бата-тілектерді орымен әдемі қолданып, суретті сөз жасайды.

**Табиғаттың көркем сұлулығын сұлу қызға теңеу, табиғатты адам өмірімен байланыстыра суреттеп, образды тұрғыда жырлайды.** Мәселен,

Күмістей сымға тартқан саусақтарың,  
Сүйріктей суға шашқан бәрі мүсін, –  
деп судың кескінін суретті бейнелі сөздермен пішіндейді. Ақын арудың бетін, көзін, қасын, мұрнын, шашын, тісін суреттеп әдеби бейне жасайды.

1. Күндей ақ шығып келе жатқан түсің.
2. Сәулесі ақ бетіңнің жерге түскен.
3. Көзің – гауһар, маржан – тісің,  
Маржандай тізіліп тұр отыз тісің.
4. Жарқын жүз, түпкі тамақ, құралай көз.

**Адам образын ашуда ақын бейнелі суреттегіш сөздерді ұтымды қолданған.**

«Күндей, маржандай» – теңеу, «ақ бетің, жарқын жүз, түпкі тамақ» – эпитет, «көзің – гауһар, маржан тісің» – метафора. Тілдің көркемдегіш құралдары мен адамның өзгеше белгілерін аңғартып, сұлулық бейнесін жасаған.

Тұрмағамбет қазақтың мақал-мәтелдерін қолдана отырып, көркем бейнені жасаған. «Тұтқын қыз» дастанында: «Жол табам жалғыз өзім дегендердің, Өшпесе өсірмейді оның бойын», «Ердің өзіне қарама, ісіне қара», «Өлімнен ұят күшті» сияқты мақал-мәтелдерді дастандағы басты кейіпкердің бірі Самұрық құстың жаратылыс заңына қарсылық көрсетіп, өзімшілдік бейнесін ашу үшін қолданған. Өзім білем дегендердің ісі бірге, баспайтынын, адамгершілік, гуманистік мұрат жолындағы күресті жыр етуді суреттеу мақсаты болғанын айту жөн.

Дастандағы Сүлеймен патша, Самұрық құс, Патша қызы мен сүйген жігіті Шаһзада бейнесін жасауда аңыздық сюжетті романтикалық әдіспен кейіпкерлерін бірден үлкен жолындағы тартыс жолдарына әкеп тірейді.

Сүлеймен патшаның жүгірген аң мен құсты жинап, жиын өткізуі жаратылыс заңына ешкім қарсы тұра алмайтынын айтады. Пайғамбардың айтқанын екі етпейтін құстардың сұлтаны Самұрық қарсы болады.

Сол кезде Жәбірейіл келіп: «Батыс патшасының әйелі қыз, шығыс патшасының әйелі ұл туады. Сол екеуінен кейін некеленбей тұрып, халыққа пайдалы ұл туылады, қолыңнан келсе екеуін қоспа», – депті.

Самұрық жаңа туған қызды ұрлап, әкеліп аралдағы ұясында өсіреді. Бірнеше жыл өткен соң Шығыс патшасының баласы серуендеп жүріп, кеме суға кетеді де, жалғыз өзі аман қалады. Сол жерде қызбен кездесіп, патша қызды алдыруға бұйрық береді. Сандыққа жасырынған жігіт пен қызды патшаға әкелгенде ішінен қыз, жігіт және жаңа туылған сәби шулап жатады.

Дастандағы тұтқын қыз – жан сұлулығы, махаббат мөлдірлігі, достыққа берік, арманына жетуге ұмтылған бейне ретінде суреттелген. Ал Самұрық құс – өзімшіл, менмен тұлға. Патша алдында әшкереленген Самұрық Қап тауына ұшып кетеді, содан кейін көрінбепті.

Тұрмағамбет патша, қыз, жігіт образын күрделі образ дәрежесіне жеткізбеген. Әйтсе де, қоғамды өзіндік орны бар, өмір жолы, адалдықты сезінумен басталған нанымды жағдайлардағы характер айшықтарын аша көрсетуге ұмтылған.

Автор кейіпкерін бірден үлкен өмір жолындағы тартыс жолдарына әкеп тірейді. Бірінші тосқауыл қызды Самұрықтың ұрлап кетуі, жігітпен кездесуі. Қыз үшін ең ауыр жүк білдірмей жігітті патшаға жеткізу, сеніміне ие болу.

Тұрмағамбет мысал өлеңдерінде образдылық, бейнелеу және кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеу

тәсілін жиі қолданған. Өмірді образ арқылы ойлауы, танып, бейнелеп беруде маңызды ой салады, рухани нәр береді.

Базар жырау мен Тұрмағамбет шығармаларындағы ойды көркемдеу, көріктеу тәсілі тіл суреткерлігі жазу стилін, ақындардың ойлау жүйесінің тапқырлығын байқатады. Өлең өрнегінде өзіндік кесте салған Базар мен Тұрмағамбет сөздің әрі мен ажарын, ырғағы мен дыбыс үйлесімі мен адам бейнесін жасап, ұлттық сөз өнеріміздің образдық жүйесімен ұғым – түсініктерге тыныс, соны серпін берген. Біздің мақсат бейнелі сөз табиғатына және оның сиқырлы сырларын анықтауға күш салдық. Бүгінгі күні халқымыздың рухани қазынасына айналып отырған Базар жырау Оңдасұлы мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы әдеби бейнелілік көрінісін терең зерделеу басты назарда болмақ.

## РЕЗЮМЕ

В произведениях Базар жырау и Турмагамбета представлено изложение мыслей, стиль письма поэтов, быстрота их мышления. В поэзии Базар жырау и Турмагамбета показана красота и значение слова, особенности и тембр звучания, воспет образ человека, систематизированы понятия искусства национального слова.

Нашей целью являлось приложить все усилия для раскрытия тайн и волшебства поэтического слова великих сказителей. Необходимо обратить особое внимание на художественные обороты речи в произведениях Базар жырау Ондасулы и Турмагамбета Изтилеуулы, являющихся истинно народным достоянием.

\*\*\*

In works Bykarof poet and Tyrmaganbet is presented exposition of ideas, style of letter of poets, quickness of their thinking. In a poetry Bykar of poet and Tyrmaganbeta beauty and value of word, features and sounding timbre are shown, character of man is glorified, the concepts of art of national word are systematized.

Our aim was to attach all efforts for opening of secrets and magic of poetic word of great сказителей.

It is necessary to watch out for artistic turns of speech in works Market poet Ondasyuli and Tyrmaganbeta Iztileyli, being truly national property.

**Keywords:** Literature, is a culture, figure, spirituality, faith, language, heritage, philosopher, ideology, lecture.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Жазушы, – 1983, 436 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жазушы, – 1989, 137 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, – 1973, 212 б.
4. Жармұхамедов М. Базар Оңдасұлы Өтемісов. – XX ғ. Қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, - 1988, - 252 б.
5. Базар жырау шығармашылығы. – Алматы: Жазушы, - 1986, 200 б.
6. Жанбершиева Ұ.Н. Т.Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, - 2013, 336 б.
7. Ізтілеуов Т. Шығармалар жинағы. – Алматы: Дешті Қыпшақ, - 2007, - 588 б.
8. Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1982, - 259 б.
9. Әуезов М. Әдебиет тарихы, - Алматы: Ана тілі, 1996, - 238 б.

Қызылорда қаласы.

Қазақ тарихы  
№3 (180), наурыз, 2020

# XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ

Айгерім ҚАБЫШЕВА,  
Қазақ Ұлттық хореография академиясы  
мектеп-колледжінің тарих пәні мұғалімі

<b>Тақырыбы:</b>	XVII-XVIII ғғ. Жапония (жаңа сабақ, Google art & culture және Google Планета қосымшалары арқылы виртуалды саяхат сабағы).
<b>Мақсаты:</b>	XVII-XVIII ғғ. Жапония мемлекетінің тарихын түсіндіре отырып, бұл мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік жағдайын, саясатының өзіндік ерекшеліктерін түсінулеріне жағдай туғызу. Жапониядағы тарихи орындарға виртуалды саяхат жасау арқылы оқушыларды сол елдің тарихымен жақынырақ таныстыру.
<b>Міндеттері:</b>	-XVI ғасырдағы Жапонияның әлеуметтік жағдайымен таныстыру; -Токугава сегунаты кезінде жапон халықтарының қандай топтарға бөлінгендігін және оның себебін бірлесе талдау; -Билеушілердің жүргізген саясаты мен сол кездегі діннің рөлі және оның атқарған қызметі туралы тақырып мазмұнын оқушыларға кеңірек ашып түсіндіру.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	-топтық жұмыс арқылы оқушылар өзіндік ізденіске бағытталады, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдылары артады; -мемлекеттің тарихын талдау арқылы еркін ойлау, өз көзқарасын жеткізе, дәлелдей білу, өзгені тыңдай, тұжырым жасай білу қабілеттері жетіледі; -әр оқушы билеушілерге өз бағасын береді, өзіндік пайымын жасайды; -виртуалды саяхат барысында сол елдің тарихи орындарын жақынырақ көріп, танып, алған әсері бойынша ой-толғау (эссе) жазады.
<b>Түйінді түсініктер</b>	Токугава сегунаты, «тірі құдай», синтоизм діні, «си-но-ко-се», «сословиелік жүйе», «жабық есік», «шығыстық король», «батыстық техника», буддизм, синкретизм, конфуцилік, т.б.

## Сабақтың өту барысы

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің әрекеті	Тапсырма мазмұны	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>I Кіріспе:</b> (оқу бағдарламасын анықтау: балалар нені оқып-үйренеді және сабақта жоспарланған жұмыс формаларының нәтижесінде қандай әрекеттерді игереді). <b>Модуль:</b> жаңа әдіс-тәсілдер. <b>Әдісі:</b> топқа бөлу тренингі. <b>Уақыты:</b> 3 мин.	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа қатысын қадағалау. Бүгінгі сабақтың мақсат, міндеттерін қою. <b>Уақыты:</b> 2 минут	«Мен сенің бойыңнан мына қасиеттерді көргім келеді...» (тапқырлық, білімділік, шығармашылық, саналылық) тренингі арқылы топқа бөлемін. (Оқушылар мұғалімнің қолындағы адамның әр түрлі қасиеттері жазылған парақшаларды суыру арқылы топқа бөлінеді, қасиеттері бірдей оқушылар бір топқа жайғасады).	Сабаққа даярланады, жинақталады, жаңа сабаққа ден қояды.  Топқа бөлінеді, топ ережелерін бекітеді.		Оқу құралдары. Карта.
<b>Модуль: Бағалау. Әдісі: өзара бағалау. II Тұсаунакер (сабақ басталмас бұрын оқушылар нені білетіндіктерін анықтау).</b> <b>Уақыты:</b> 6 мин.	Әр топқа бағалау парағын тарату. Тақырыпты қысқаша түсіндіргеннен кейін, әр топқа Блум өлшемдерінің әр деңгейіне сай келетін сұрақтар беремін.	Алдын-ала бағалау парақтары ұсынылады. Оқушылар өзара бағалау әдісімен жұмыстанады. Жұптық, топтық жұмыс. <b>I тапсырма: Сұрақтар:</b> 1. Жапониядағы феодалдық құрылыстың ерекшелігі қандай? /білу/. 2. Неге XI-XIII ғғ. Жапонияда император билігі әлсіреп, сегундар билігі күшейді? 3. Сээн, дайме, самурай, сегун сөздерінің мәнін түсіндіріңдер.	Өзара критериалды бағалау өлшемдерімен танысады. Жұптасып, топтасып жұмыс істейді, әр оқушы өз ойын қосады, бірігіп атқарған жұмыс нәтижесін көрсетеді.	Бағалау. Сабақта бағалау критерийлері дайындалады. Әр топ өзара бірін-бірі бағалап отырады.	Бағалау парағы.  Интербелсенді тақта, тақырыпқа сай слайд материалдары.
<b>III Негізгі сабақ. Модуль: Сыни тұрғыдан ойлау, диалогтық, блум өлшемдері. Әдісі: жұпта сұхбаттасу, «Оқытудағы серіктестермен әңгімелесу» тәсілі, зерттеушілік әңгіме.</b> <b>Уақыты:</b> 6 мин. <b>Модуль: АКТ: интербелсенді тақта. Модуль: Сыни тұрғыдан ойлау, диалогтық. Әдісі: зерттеушілік әңгіме.</b>	Жұпқа, топқа бөлу арқылы оқушыларға тапсырмалар беру, талдау, жинақтау. <b>Google art &amp; culture</b> Олем елдеріндегі тарихи орындар мен музейлерге виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік беретін интернет-платформасы арқылы Жапония елінің ежелгі Киото қаласының тарихы орындарына виртуалды саяхат жасаймыз. Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Оқушылардың жұмыстарын қадағалау, жетекшілік жасау.	<b>II тапсырма:</b> 1. XVII ғ. Жапонияның картасын пайдалана отырып, саяси-әлеуметтік жағдайында қандай өзгерістер орын алды? /қолдану/. 2. Токугава сегунатының сыртқы саясатына өзіндік талдау жасаңдар. /талдау/. 3. Жапониядағы діндер мен олардың атқарған қызметі сендердің ойларыңша қандай болды? /талдау/. <b>III тапсырма:</b> 5. XVII-XVIII ғғ. Жапония мемлекетінің тарихының маңызды кезеңдерін түйінді сөздермен немесе сөйлемдермен мазмұнды қылып жеткізу? /жинақтау/. 6. Жапонияның Киото қаласына виртуалды саяхаттау барысында қандай әсер алдыңдар?/бағалау/. Мен Киотода болғанда...» тақырыбында эссе жазу.	Дәптерлеріне жазады. Тапсырма бойынша жұмыстанады.	Әр топ оқушылары өзара бағалап отырады.	Маркер, түрлітүсті қағаз, қалам, желім. Google art & culture. Google. Плана-нета қосымшалары.

<b>IV Сабақты қорытындылау (оқушыларды бағалау).</b>	Бүгінгі сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау, үйге тапсырма беріледі. <b>Уақыты:</b> 5 минут.	Өр топ оқушыларын өзара бағалау парағы арқылы бағалату (қалыптастырушы баға).	Рефлексия жазу.	Үйге: XVII-XVIII ғғ. Жапония.	Оқу құралдары.
<b>Кері байланыс (рефлексия).</b>	Бүгін мен не үйрендім? Маған не ұнады/ұнамады? Жаңа сабақ бойынша сұрақ немесе пікірің...				

Нұр-Сұлтан қаласы.

## ҚАЗАҚ АКСР-НІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Бакытжан АҚДӨНОВ,  
Ұшағаш негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. <b>Зерттеу сұрағы:</b> Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?
<b>Оқу мақсаттары</b>	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау.
<b>Ойлау дағдысы</b>	Білу, түсіну, қолдану.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылуы туралы айтады. <b>Басым бөлігі:</b> Қазақ АКСР-нің астаналарын картадан көрсетіп, қазақ зиялыларының ұлттық территорияны межелеудегі рөлін талдайды. <b>Кейбірі:</b> Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызына баға береді.
<b>Бағалау критерийі</b>	-Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылу барысындағы оқиғаларды кестеге жазады. -Қазақ АКСР-нің астаналарын картадан көрсетіп, уақыттарын анықтайды. -Қазақтың жер аумағы мәселесінің шешілуіне үлес қосқан ұлт зиялыларын анықтайды. -Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызын анықтайды.
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылуы туралы қысқаша бейне жазба тыңдаған кезде тыңдалым дағдысы, алған ақпараттарын кестеге түсірген кезде жазылым дағдысы жүзеге асады. Оқушылар мәтін берілген кезде жеке жұмыстанады, нәтижесінде оқылым дағдысы, топпен талдаған кезде айтылым дағдысы көрінеді. <b>Пәнге тән лексика мен терминология:</b> Тапсырмаларды орындаған кезде оқушылар Автономия, Қазақ АКСР-і, Ревком, декрет, декларация, съезд, межелеу ұғымдарын қолданады. <b>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</b> ҚазРевком мақсаты... Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылуының маңызы... Большевиктердің Орынбор қаласын Қазақ АКСР-і астанасы етіп жариялауына қандай жағдайлар әсер етті? 1924 жылғы межелеу неліктен жүргізілді, оның барысында Қазақстан аумағы қаншалықты ұлғайды? Дерекке сүйене отырып тоқталсақ... Біздің анықтағанымыз... Біздің тобымыздың ойынша....
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Патриотизм, көшбасшылық, төзімділік, бостандық, танымдық, ынтымақтастық, ашықтық құндылықтары қалыптасады.
<b>Пәнаралық байланыс</b>	География, музыка.
<b>Алдыңғы білім</b>	Қазақстандағы ұлттық автономиялар.
<b>Сабақ барысы</b>	



Сабақ кезеңі	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p><b>Сабақтың басы.</b> 7 минут</p>	<p>Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Топқа бөлу. Оқушыларды пазл әдісі арқылы топқа бөлемін. Бастапқы ынталандырушы материал. <b>«Кинометафора» әдісі.</b> Оқушыларға сұрақтар бейнежазба бойынша қойылады. <i>-Не көрдің? -Не білдің? -Не сезіндің? -Не ойлайсың?</i> Бүкіл сынып бейнежазбаны көріп, қойылған сұрақтарға жауап берген соң кестеменжеке жұмыстанады. (тыңдалым, айтылым). Бейне жазба бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар нақты ақпараттар берген кезде, «жарайсың», «керемет» және «талпын» деген сөздерді қолдану арқылы қолпаштап отырамын. <b>Қалыптастырушы бағалау:</b> «Мадақтау» әдісі.</p>	<p>Қазақстан тарихы оқулығы. Авторлары: З.Е.Қабылдинов, М.Д.Шаймерденова, Е.М.Куркеев. Алматы, «Атамұра» 2019 ж. Қаз. тарихы мультимедиялық оқыту бағдарламасы 8-сынып. Алматы 2018 ж.</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 26 минут</p>	<p><b>Зерттеу мен талдау. Жеке жұмыс.</b> Барлық оқушылар берілген мәтінді жеке оқиды. Жұптық жұмыс. Қарқыны жоғары оқушыларды қарқыны төмен оқушылармен біріктіріп, жұмыстандырамын. <b>Топтық жұмыс.</b> Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызын анықтау, яғни тақырыптың мазмұнын ашу үшін топтарға бөлдім. <b>1-топ.</b> Қазақ АКСР-ін құруға дайындық шаралары. Қазақ АКСР-інің құрылуы. <b>Дескриптор:</b> -«Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитеттің (Қазревком)» құрылған мерзімін анықтап, басшысы мен мүшелерін атайды. -«Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жарияланған мерзімді атайды. -Қазақ АКСР-інің 1920 жылғы дерек бойынша жер аумағы қанша болғанын анықтап, картадан көрсетеді. <b>«Баспалдақ» арқылы өзін-өзі бағалау:</b> дескриптор негізінде оқушы баспалдаққа өзінің қай деңгейде екенін көрсетеді <b>2-топқа да осы тектес тапсымалар беріледі.</b> Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-і құрамына біріктірілуі. <b>Өзара бағалау:</b> «Екі жұлдыз, бір ұсыныс». <b>Тапсырма.</b> Деректі оқып, сұрақтарға жауап беріңіз. 1920 жылы 26 тамызда Кеңес өкіметі – Бүкілресейлік атқару комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлар Комитеті – Ресей федерациясының құрамында, астанасы Орынбор қаласында болатын «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жариялады. Декрет Қазақстан аумағын анықтады. Қазақ АКСР-індегі басқару органдары – депутаттардың жергілікті Кеңестері, Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі болатынын белгіледі. Әскери істерді басқару үшін Қазақ Әскери Комиссариаты ұйымдастырылды. 1920 жылы 4–12 қазан аралығында Орынборда Қазақ АКСРі Кеңестерінің Құрылтай съезі болып өтті. Бұл күн – 1920 жылдың 4 қазаны қазақ автономиясының туған күні болып саналды. Съезде «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды. <b>«File» әдісі арқылы мәтінді оқып талдайды:</b> «F» – Мәтіннен негізгі фактілерді анықтайды. «I» – Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды. «L» – Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтайды. «E» – Көтерілген мәселелерді өзіндік көзқарасымен талдайды. <b>Дескриптор:</b> Білім алушы. - Мәтіннен негізгі фактілерді анықтайды; - Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды; - Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтайды; - Көтерілген мәселелерді өзіндік көзқарасымен талдайды. <b>Өзара бағалау:</b> «Бағдаршам» арқылы.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b> 7 минут.</p>	<p><b>Сабақтың соңында оқушыларға жасалынған рефлексия:</b> Бүкіл сыныптық жұмыс. «Шеңбер» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақ барысында не білгенін айтып шығады. Нәтижесінде оқушылар бірін-бірінің білімдерін толықтырады және өз қателерін түзейді. <b>Өзін-өзі бағалау:</b> «Менің көңіл күйімнің» баспалдағы. <b>Кері байланыс:</b> Бүгін мен ... білдім. Маған ... қызық болды. Маған ...қиын болды. <b>Үйге тапсырма:</b> Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. <b>Зерттеу сұрағы:</b> Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?</p>	

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ұшағаш ауылы.

# ҚЫРЫМ СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Сандуғаш ШӘДИЕВА,  
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

<b>Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі:</b> XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы.	
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Қырым соғысының себептері мен салдары қандай болды?
<b>Тарихи концепт</b>	Себеп-салдар.
<b>Оқу мақсаттары</b>	7.3.2.2 - XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау.
<b>Сабақ мақсаты</b>	«Қырым соғысының себептері мен салдары қандай?» деген сұрақты зерттеуге жағдай жасау.
<b>Бағалау критерийлері</b>	-Оқушы Қырым соғысының себептері мен салдарын анықтайды; -XIX ғасырдың ортасында Қырым соғысына байланысты халықаралық қатынастардың табиғатындағы өзгерістер туралы қорытынды жасайды.
<b>Тілдің дағдылар</b>	<b>Оқушылар істей алады:</b> Соғыстың негізгі себептерін анықтап, мәтіннен ақпарат алады (оқу және жазу дағдылары); оларды жұппен талқылап, білімнің маңыздылығы туралы қорытынды жасау (сөйдеу және тыңдау дағдылары). Қырым соғысының себептері мен зардаптары туралы шағын зерттеу жүргізу. Бұл тапсырманы неге қиын (қызықты) деп түсіндіре алады; <b>Пәндік лексика мен терминология:</b> Кавказ, Қырым, Православие христиан шіркеуі, Севастополь, Панорамалық мұражай, Викторияның ордені. <b>Диалогқа / жазуға қажетті тіркестер:</b> Соғыстың негізгі себептері..... Соғыстың негізгі мақсаттары ..... болды. Қырым соғысы ..... көрсетті. Бұл соғыстың салдары ең маңызды, себебі .....
<b>Сабақта қамтылатын құндылықтар</b>	Ғаламдық азаматтық идеяны түсіну және қабылдау арқылы біз бір әлемнің бір бөлігі болып табыламыз және әлемде болып жатқан оқиғалар үшін ерқайсымыздың жауапкершілігіміз бар. Ынтымақтастық дағдыларын үйрету арқылы жүзеге асырылады сабақтың барлық сатыларында оқушыларды бір-бірімен және оқытушымен өзара іс-қимыл жасау.
<b>Пәнаралық байланыс.</b>	География.
<b>Осыған дейін меңгерілген білім</b>	Берілген бөлім 6 сыныпқа арналған Дүниежүзі тарихи курсының 3А тарауында өткен II Осман, I Петр биліктерінің ерекшеліктері туралы мәліметтерді қамтитын, сонымен қатар, 7.1.С тарауында II Екаторинаның Ресейде билік еткен кезеңіне қатысты ақпараттармен байланысты. Осы тарау мемлекеттік және әлеуметтік құрылыс тақырыбы бойынша пәндік лексикалық қорды бекітуге бағытталған.

## Сабақ барысы

Жоспарланатын уақыт.	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
<b>Сабақтың басы. 7 минут.</b>	<b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Оқушылармен сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Топқа бөлу. Шаттық шеңберін құру. Үй тапсырмасын сандықшаға жасырылған сұрақтар арқылы сұралады.	Сандар жазылған таратпа. Түрлі-түсті қағаздар.
<b>Сабақтың тақырыбына кіріспе. 5 минут.</b>	Оқушыларға сабақтың тақырыбын айтамын, оқу тақырыптың тарихи тұжырымдамасы – «себеп-салдары». Оқу мақсатына және тақырыпқа негізделе отырып сабақтың мақсаты қалыптастырылады: - Қырым соғысының себептері мен салдарын және XIX ғасырдың ортасында халықаралық қатынастар сипатындағы өзгерістерді анықтау.	Тақырыпты сипаттайтын слайдтар, оқу мақсаттары, бағалау критерийлері және сабақтың мақсаты.
<b>Сабақтың ортасы. Топта жұмыс істеу. 25 мин.</b>	<b>Кітаптағы мәтінмен жұмыс.</b> <b>Кім тапқыр:</b> пазл әдісі арқылы суреттегі тұлғаның тарихтағы орнын, еңбегін айтады. Жылдарды тізбектеу ойыны арқылы әр жылдардағы оқиғаларды тізбектейді.	Кітап. Намык Кемал II Махмұт Мұстафа Решидтің суреттері. Стикер.
<b>Сабақтың соңы. 3 мин.</b>	<b>Рефлексия.</b> <b>Үй жұмысы:</b> Қырым соғысы жайында эссе жазу.	

Алматы қаласы.

# БАТЫР БАУЫРЖАН ӨНЕГЕСІ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҮЛГІСІ

(Таңдаулы пән. 9-сынып)

Мәдина КҮЛЕНОВА,

Б.Садьқов атындағы жалпы орта

мектептің тарих пәні мұғалімі, құрастырушы

**2020 -2020 оқу жылы. Бағдарлама құрылымы:**

1.Түсінік хат.

2.Мақсаты мен міндеттері.

3.Күтілетін нәтижелер.

4.Тақырып жоспарының мазмұны.

5.Күнтізбелік жоспар.

6.Пайдаланылған әдебиеттер.

**Түсінік хат.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, «Рухани жаңғыру» арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлерімен көзқарасын білдірген. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар... Еліне еңбегі сіңген замандастарымыздың жетістіктеріне назар аударып қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деген. Сондай-ақ, Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Рухани жаңару арқылы әлемді мойындатар табысты ел болу жолында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр.

«Батыр Бауыржан өнегесі-қазақстандық патриотизм үлгісі» оқу құралында қамтылған тапсырмалар Бауыржан батырдың нақыл сөздері, өлеңдері, батыр туралы жазылған авторлардың естеліктері мен өлеңдері арқылы азаматтық тұлғасын тануға лайықталып іріктелген. Оқушылардың Қазақстан тарихын игеруге, ұлы тұлғаның өмірімен еңбегі, жетістіктері мен ерлігі туралы білімін кеңейтуге тиімді құрастырылған. Сонымен қатар оқушылар батырдың үлгілі өмірінен тәрбие алып, болашақта Қазақстан Республикасының туын биікке ұстап, беделін асқақтатуға бағытталған.

Бағдарлама патриоттық қасиеттері бар және азаматтық борышын ойдағыдай орындауға қабілетті тұлғаны дамытуға бағытталған.

Батыр бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында күн кеше жүріп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен Алтаймен Каспий аралығындағы ұлан-ғайыр атырапты, Ұлы Даланы көздің қарашығындай қорғап, бізге мұраға қалдырды. Соның арқасында бүгінде тәуелсіз мемлекет құрып, келешекке нық қадам басып келеміз. Ұлтымыздың даңқты перзенті, халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы: «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін», – деген. Бұл дүниеде біздің бірғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан. Баһадүр Баукең қасиетті Отанымызға қалтқысыз қызмет етудің тамаша үлгісін өз ісімен толықтай паш ете білген азамат. Ал, ұлт мақтанышының әдеби шығармалары ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелейтін тағылымды дүниелер.

Қазақ даласы қай заманда да дарынды, ақылды адамдардан кенде қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Олар тек өзі үшін ғана емес, халқы үшін өмір кешкендіктен тарихтан еш уақытта өшпес орнын иемденген. Ұлылардың жүріп өткен жолдары, оған қоса солардың айтқан өсиеттері мен істеген істері рухани

тәрбиеге толы.

**Бағдарламаның сипаты:** адамзат тарихы әр дәуірде, әр кезеңде өздерінің ой-парасатымен, білік-білімімен, кемеңгерлік болмысымен, берісі ұлт дамуына, әрісі әлемдік құндылықтарымыздың молаюына орасан үлес қосқан тұғыры биік ұлы тұлға.

Оның ішінде Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуына тарихи қайраткердің қосқан үлесі мол. Тарих толқынында есімі елге танымал болған қайраткердің өмірі және шығармашылығы алға жетелейді, тәрбие береді.

Ұлттың ұрпағы – өмірі «ашылмаған аралдай» саналатын батырын бұрынғыдан бетер тани түсуге аңсары ауып, шөліккеп отырғаны және ақиқат.

**Мақсаты:** -XX ғасырда өмір сүрген нас батырдың өмір жолымен таныстыру;

- Жауынгер жазушы, Совет Одағының Батыры, аты аңызға айналған ұлы тұлғаның тарихтағы орнын көрсету;

- Б.Момышұлы жайлы әдебиеттер және жаңа деректермен таныстыру;

- оқушыларды түрлі тарихи құжаттарды жан-жақты талдай білуге, өз ой-пікірін ашық айтуға үйрету, оқушылардың ой-өрісін дамыту;

- жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;

- еліне қызмет етуге дайын, Отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу;

- Тәуелсіз Қазақстан тарихында өзіндік өшпес із қалдырған асыл тұлғамен таныстыру, олардың жарқын істерін өскелең ұрпаққа үлгі ету.

**Міндеттері:** 1. Оқушыларды түркі халықтарының әскери әдебиетіне негіз салған жауынгер – жазушы Б.Момышұлының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметі арқылы отаншылдық қасиеттерге баулу және тәрбиелеу.

2. Оқушылар бойында тәуелсіздік, ел, жер, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларын Алаш тұлғалары тарихы арнасында қалыптастыру.

3. Оқушылардың «Батыр Бауыржан өнегесі – қазақстандық патриотизмнің үлгісі» курсы бойынша ұлы тұлғаның бойындағы асыл қасиеттерді дербес талдай білу біліктілігін дамыту, тарихи фактілерге, құбылыстарға дербес көзқарас білдіру бейімін жетілдіру және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдар жасауды қалыптастыру.

4. Оқушылардың аты аңызға айналған қазақтың нас батыры Бауыржанға қатысты деректермен жұмыс істей білу және осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын арттыру.

5. Ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіру, тұлғалық әлеуметтену үдерісіне ықпал ету.

6. Мемлекеттік қайраткерлік қызметін қадірлейтін және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін саналылық келбетін дамыту.

7. Курсты оқытуда мынадай оқу пәндерімен пән-аралық байланыс жүзеге асады:

1) «Дүниежүзі тарихы» және «Қазақстан тарихы»: Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының құрамдас бө-

лігі; көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелердің болуы;

2) «Қазақ әдебиетімен»: ХХ ғасырдағы саясита-рихи оқиғаларды бейнелеген әскери-жазушы Б.Момышұлының шығармалары;

3) Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбында «Батыр Бауыржан өнегесі – қазақстандық патриотизмнің үлгісі» курсы оқытуда оқытушы мынадай жалпы педагогикалық қағидаларды ұстануы тиіс:

1. Қоғамтану мен тарих пәнін жете меңгеріп, басқа да гуманитарлық пәндерден (әдебиет, тіл, өнер, география, т.б. пәнаралық байланыс) қабілетті болу;

2. Оқушымен дербес жұмыс істеу үшін оқушылардың қызығушылығын арттыратын, «мамандандыратын» (мемлекет және қоғам қайраткерлері, мемлекетшілдік ізденіс тарихы, шығармашылық, мәдениет және т.б.) оқу материалына қосымша элементтерді қосу;

3. Оқушыларды нәтижелі және белсенді жұмыс түрлеріне тартатын ізденіс форматтарын (семинар, тренинг, дөңгелек үстел, баспасөз конференциясы, рөлдік ойындар, пікірсайыс, т.б.) тірек ету;

4. Деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тұлғаларды тарихи пайымдау мен бағалауды қалыптастыратын өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

**Оқу жүктемесінің көлемі:** 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

**Күтілетін нәтижелер:** - өмірде кездесетін қандай болмасын мәселені шешер кезінде үнемі ойларында Б.Момышұлының бейнесі тұратындай жағдай. Тарих, алғашқы әскери дайындық пәндері және тәрбие сағаттарын жүргізуде көп көмегін тигізеді.

- өлем тарихы бойынша ұлы тұлғаның қосқан үлесін бағалай біледі.

**Тақырып жоспарының мазмұны:** Бағдарлама бойынша 9-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы сабақтары 34 сағатқа есептелген.

**Оқу жүктемесінің көлемі:** аптасына – 1 сағат, оқу

жылында – 34 сағат.

**Жалпы 5 тараудан тұрады.** Кіріспе – 2 сағат.

**I тарау:** Қанмайдан – 5 сағат.

1.Б.Момышұлы әскери қызметте 1930-1955 жж.

2.Б.Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста.

3.Б.Момышұлының әскери тактикасы.

4.Б.Момышұлы даңқты жауынгер.

**II тарау:** Соғыстан соң – 5 сағат.

Б.Момышұлының әскери әдеби шығармалары.

**III тарау:** Бауыржан туралы естеліктер мен өлеңдер – 16 сағат.

**Ә.Нұршайықовтың:** «Ақиқатпен аңыз», А.Бектің «Волоколам тас жолы», З.Ахметованың «Шуақты күндер».

«Қазақтың Бауыржаны». Деректі фильм.

«Естелікке толы ғұмыры». Фото альбом, т.б.

**IV тарау:** «Өзге елге арман – өз еліне мақтан болған ұлы тұлға» – 2 сағат.

Б.Момышұлы шетелде. «Бауыржан батыр» кітабы ағылшын, неміс, итальян грек, фин, араб тілдеріне аударылған.

Польшада «Бауыржан батыр» атты Александр Бектің кітабы «Абай жолы» романы сияқты инсценировка жасап, сахнаға қойылды.

«Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні АҚШ, Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады және сол пәннен емтихан тапсырады.

Финляндияда Бауыржанның әскери тактикасын әскери академияда арнаулы сабақ ретінде өтеді.

Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі.

Москвада Б.Момышұлы атынан мектеп ашылды, т.б.

**Қорытынды:** Бауыржанның шеңдерімен марапаттары».

**Бауыржан Момышұлы құрметіне берілетін марапаттар:** «Бауыржан Момышұлы» Құрмет белгісі, «Батыр шапағаты» медалі.

### КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	
1	Кіріспе. Б.Момышұлының балалық шағы.	1	Әңгімелеу
2	Дана тұлға, дара тұлға.	1	
<b>Қанмайдан</b>			
3	Б.Момышұлы әскери қызметте 1930-1955 жж.	1	Баяндау
6	Б.Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста.	1	Өзіндік жұмыс
7	Б.Момышұлының әскери тактикасы.	1	Іздеу-зерттеу
8	Б.Момышұлы даңқты жауынгер.	1	Дөңгелек үстел
<b>Б.Момышұлы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш әскери әдебиеттің негізін салушы</b>			
9	Б.Момышұлы жазушы.	1	конспект
10	Ұшқан ұя повесінің жазылу тарихы.	2	қосымша
11	Қанмен жазылған кітап.	1	деректермен
12	Москва үшін шайқас.	1	жұмыс
<b>Қарулас серіктерінің Бауыржан туралы естеліктері мен өлеңдері</b>			
13	Ә.Нұршайықовтың: Ақиқатпен аңыз. «Мен қалай дивизия командирі болдым».	1	Іздеу-зерттеу
14	Б.Момышұлы мен А.Бектің шығармашылық байланысы «Волоколам тас жолы».	1	Шығармашылық
15	Бауыржан батыр. А.Бек.	1	жұмыс
16	З.Ахметова «Шуақты күндер».	1	жұмыс

17	Б.Момышұлы мінезінің қай жақтары сізге ұнайды, қай жағы ұнамайды.	1	Дебат сабақ
18	«Қазақтың Бауыржаны».		Деректі фильм
19	Қол бастаған батыр.	1	өлең
20	От шашқан жанарында.	1	өлең
21	Елдік пен өрлік.	1	өлең
22	Шерағаның батасы.	1	өлең
23	Елдік пен өрлік.	1	өлең
24	Естелікке толы ғұмыры. Фото альбом.	1	Деректермен жұмыс
25	Батыр ағам Бауыржан.	1	
26	Бауыржанды жоқтау.	1	өлең
<b>Өзге елге арман-өз еліне мақтан болған тұлға.</b>			
27	Б.Момышұлы шетелде.	1	іздеу
28	Нуба әсерлері.	1	зерттеу
<b>Қорытынды</b>			
29	Б.Момышұлының шендері мен марапаттары.	2	іздеу
30	Б.Момышұлы атынан берілетін «Батыр шапағаты» медалі: Мұрат Сауранбаев. «Б.Момышұлы» Құрмет белгісі.	1	зерттеу
31	Б.Момышұлы қазіргі қазақтың сарбаздарына үлгі бола ала ма?	1	Дебат сабақ
32	Қорытынды сабақ.	1	

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Б.Момышұлы.** «Ұшқан ұя» Алматы. «Жазушы». 1975 ж. №1603.2. А.Бек. «Арпалыс» Алматы. 1977 ж. №979.
3. **А.Ормантай.** «Мәңгі тірі Момышұлы» Алматы. «Қазақпарат» 2000 ж. №84.
4. **З.Ахметова.** «Шуақты күндер».
5. **Ә.Нұршайықов.** «Ақиқат пен аңыз».
6. Жұлдыздар отбасы журналы. 2009 ж.
7. **Нысанбаев Ә.** «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы». Алматы «Жазушы».
8. **Б.Момышұлы.** «Қанмен жазылған кітап».
9. **А.Бек.** «Ақиқат пен аңыз».

10. **М.Кәтімхан.** Б.Момышұлы мен А.Бектің шығармашылық байланысы. Қазақ газеті. 2010 ж. 21 қазан.
11. Қаһарман Б.Момышұлы. Фотоальбом 2008 ж. Алматы. «Өнер» баспасы.
12. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. I том. Ал. 1999 ж. 203 б.
13. Ақиқат журналы №2 2010 ж.
14. Талапкер 2010 ж. мамыр №9.
15. «Жас Алаш» №37 8.05.2007 ж.
16. Егемен Қазақстан 2000 ж. 03.10. «Рух пен намыстың төресі».

**Түркістан облысы,  
Түлкібас ауданы,  
Т.Рысқұлов ауылы.**

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРХЕОЛОГТАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

**Жадыра ИСКАКОВА,  
Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі**

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжа тапты?
<b>Оқу мақсаттары</b>	5.2.3.1 – Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Қазақстанның археологтары кімдер екенін біледі, Қазақстан жеріндегі тарихи орындарды анықтайды.
<b>Сабақ нәтижесі</b>	<b>Басым бөлігі:</b> Қазақстан ғалымдарының археологиялық жаңалықтарын сипаттайды. <b>Кейбірі:</b> Археологиялық жаңалықтардың тарихқа қосқан үлестеріне қорытынды жасайды.
<b>Бағалау критерийі</b>	Қазақстан ғалымдарының археологиялық жаңалықтарын кімдер және қашан ашқанын біледі. Археологиялық жаңалықтар арқылы тарихи оқиғаның маңызын түсінеді.
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Оқушылар:</b> Видеоролик, мәтінмен жұмыс, терминдермен жұмыс жүргізеді, кесте толтырады. <b>Негізгі сөздер мен тіркестер:</b> Археолог, Беғазы-Дәндібай, Бесшатыр, Шілікті, Үңгір.
	<b>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</b> 1. Археология дегеніміз не? 2. Қандай археологтарды білесің? 3. Қазақстан жеріндегі ашылған археологиялық орындардың атауы. <b>Жазылым бойынша ұсыныстар:</b> Қазақстан жеріндегі ашылған археологиялық орындардың атауы... Қазақстанның атақты археологы... оның еңбектері...

<b>Құндылыққа баулу:</b>	Жеріне, ұлтына деген ұлтжандылық сезімі артады. Тарихи ескерткіштерге құрметпен қарайды.	
<b>Пән/ар. байланыс:</b>	Дүниетану. Тас дәуірі.	
<b>Алдыңғы оқу</b>	Алғашқы адамдар жайлы біледі.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Деренкөздер</b>
<b>Сабақ басы 5 мин</b>	<b>Ой қозғау. 1-тапсырма:</b> «Бұрыштар» тәсілі. Ұжымдық жұмыс. <b>Шарты:</b> Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынып, 4 жауабын 4 бұрышқа орналастырады. Оқушы таңдаған жауабын топта дәлелдейді. 1.Археология дегеніміз не? 2.Қазақстан археологтарын атау. 3.Қазақстан жерінде ашылған археологиялық орындардың атауы. 4.Ескерткіштердің табылған жерлері. <b>Бағалау:</b> мадақтау арқылы.	
<b>Сабақтың ортасы 32 мин</b>	<b>2-тапсырма.</b> Топтық жұмыс. «Джигсо» әдісі. <b>Шарты:</b> мәтінді оқып, елші екінші топқа түсіндіреді. <b>1-топ.</b> Қазақстан археологиясы жайлы не білеміз? <b>2-топ.</b> Қазақстан археологтарының ашқан жаңалықтары. <b>3-топ.</b> Қазақстан жеріндегі тарихи ескерткіштер табылған жерлер. <b>Бағалау:</b> екі жұлдыз, бір ұсыныс. Сергіту (аяқ-қол қимылдары). Биле-биле. <b>3-тапсырма.</b> Картамен жұмыс, жеке жұмыс. <b>Шарты:</b> кескін карта беріледі, тарихи ескерткіштер орнын картаға түсіреді. <b>Бағалау:</b> дайын жауап парағы. <b>4-тапсырма.</b> Стоп кадр тәсілі, жұптық жұмыс. <b>Шарты:</b> бейнефильмнің бір сәтімен жұмыс, кадрды тоқтатып сұрақ қою арқылы оқушыларды диалогқа тарту. <b>Бағалау:</b> бармақ арқылы. <b>5-тапсырма, жеке жұмыс.</b> Тас дәуіріне жататын ескерткіштерді атап, түсінік беру. -Тас дәуіріне жататын ескерткіштерді сурет арқылы анықтаңыз. -Қазақстан жеріндегі ашылған археологиялық жаңалықтарды атаңыздар.	Оқулық, маркер, плакат, кескін карталар.  Кескін карта.  Бейне ролик.  Дәптермен жұмыс.
<b>Сабақ соңы. 3 мин.</b>	«Блоб ағашы» әдісі арқылы.	
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Рефлексия. Қорытынды.</b>	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	

Қызылорда қаласы.

## ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК

**Фарида МҰХАМЕТЖАНОВА,**  
М.П.Русаков атындағы №2 мектеп-интернаттың  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

<b>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</b> Адам құқығы мен бостандығы.		
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары.</b>	9.3.4.1. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екі жақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу; 9.4.4.2. Салалас құрмалас сөйлемдерді ажырата білу, түрлендіру.	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	- Мәселені талдау, екі жақты пікірді талқылау; - Көтерілген мәселе бойынша өз пікірін негіздеп эссе жазу; - Ыңғайлас салалас сөйлемдерді қатыстыру арқылы ойын жеткізу.	
<b>Бағалау критерийі</b>	- Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтайды; - Екі жақты мәселені талқылайды; - Ыңғайлас салаластың жасалуын түсінеді; - Пікірге қатысты өз ойын дәлелдеп эссе жазады; - Ыңғайлас салалас сөйлемді қатыстырады.	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> негізгі ақпаратты анықтайды, нақыл сөздерді өмірлік мәселелермен байланыстырады. <b>Пәнге қатысты термин:</b> Рухани жаңғыру, Ұлттық код. Түбі – түркі, мінезі – жылқы, ұлты – қазақ, рухы – азат Ұлы дала ұрпақтары. <b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> Жаңғыру дегеніміз не? Табысты болудың ең іргелі факторын атаңыз? Елбасы тарапынан білім беру саласына қандай міндеттер жүктелді? Патриотизм неден басталады?	
<b>Құнд/ға баулу</b>	Туған жерге деген сүйіспеншілік.	
<b>Пән/ар байланыс</b>	Өзін-өзі тану.	
<b>Алдыңғы білім</b>	Салалас құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінігі бар. Туған жер туралы мақал-мәтелдерді біледі.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақ кезеңі.</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері.</b>	<b>Ресурс.</b>
<b>Сабақтың басы. 8 минут.</b>	<b>1.Ұйымдастыру кезеңі. «Ой шақыру».</b> Оқушылар шеңбер бойымен тұрып: «Туған жеріңді қандай мақтанш сөздермен айтар едің?» деген сұраққа бір-бір сөйлеммен жауап беріп шығады. <b>Мысалы:</b> - Менің туған жерім, кең байтақ! -Менің туған жерім – жер жаннаты! т.с.с. <b>Алдыңғы білімге кері байланыс: «Мақалды жалғастыр» ойыны. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады.</b> Жақсы балалар, туған жерлерің туралы өте тамаша пікірлер, мақал-мәтелдер айттыңдар. Ендеше бүгін осы тақырыпты байланыстырып, «Туған жерге туың тік» тақырыбында мәселені талқылаймыз, эссе дайындаймыз.	Оқулық; Қазақ тілі, 9-сынып Арман ПВ баспасы, 2019.- Б.100-103

<p><b>Сабақтың ортасы.</b> <b>26 минут.</b></p>	<p><b>Жаңа мәтінмен танысу кезеңі.</b> Жазылым алды тапсырма. Мұғалімнің оқуында мәтінді тыңдайды.</p> <p style="text-align: center;"><b>Туған жерге туың тік.</b></p> <p>«Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекерге айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан мен «Туған жерге туың тік» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», – дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде бүгінгі заман талабынан туындаған ұсыныс дер едім. Өсіресе, шетелден жұмақ іздеп кетіп жатқан жастарға ой сала отырып, туған жер, Отан, ата-ана алдындағы парыз бен қарызды жастардың бойына сіңіріп, санасына сілкініс әкелетін қадам деп ойлаймын. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бүгінгі ұрпағына аман-есен жеткізген атамекенге адалдық идеясы деп қабылдадым.</p> <p style="text-align: right;"><b>Риза Молдашева.</b></p> <p><b>«Ойсергек» әдісі.</b> Мәтіндегі мәселелерді анықтауға қатысты сұрақ-жауапты ұйымдастыру. Жаңғыру дегеніміз не? Табысты болудың ең іргелі факторын атаңыз? Елбасы тарапынан білім беру саласына қандай міндеттер жүктелді? Патриотизм неден басталады?</p> <p><b>Бағалау критерийі:</b> Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтайды;</p> <p style="text-align: right;"><b>Дескриптор:</b> Сұрақ-жауап арқылы мәтіндегі мәселелерді түсінеді.</p> <p><b>ҚБ. «Түсініксіз тармақ».</b> <b>Тапсырма №1. «Төрт бұрыш» әдісі.</b> «Ұлттық код дегеніміздің өзі туған тіл, салт-дәстүр, ел тарихы десек, осы рухани құндылықтарымызды жоғалтпау арқылы ғана өркениетке толыққанды жетуге мүмкіндігіміз бар» деген пікірге «Келісемін», «Толықтай келісемін», «Келіспеймін», «Мүлдем келіспеймін» деп жазылған төрт бұрышқа бөлініп, өз пікірлерін, ойларын жинақтап дәптерге жазу.</p> <p><b>Бағалау критерийі</b> - Екі жақты мәселені талқылайды.</p> <p style="text-align: right;"><b>Дескриптор</b> -Пікір білдіреді; -Ойларын түйіндеп жазады.</p> <p><b>ҚБ: «Бір сөйлеммен түйіндеу».</b> Тілдік бағдар. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем туралы түсінік беру. Жалғаулықты, жалғаулықсыз салаласқа тоқталу. Мәтіннен ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді табыңыз, түрін ажыратыңыз.</p> <p><b>Бағалау критерийі</b> - Ыңғайлас салаластың жасалуын түсінеді;</p> <p style="text-align: right;"><b>Дескриптор</b> Ыңғайлас салаластың жасалуын түсінеді. Жалғаулықты, жалғаулықсыз ыңғайласты ажыратады.</p> <p><b>Тапсырма №2.</b> «Түбі – түркі, мінезі – жылқы, ұлты – қазақ, рухы – азат Ұлы дала ұрпақтары» тақырыбы бойынша өз ойыңызды дәлелдеп эссе жазыңыз, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолданыңыз.</p>	<p><a href="https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311">https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311</a></p>	
	<p><b>Бағалау критерийі</b> -Пікірге қатысты өз ойын дәлелдеп эссе жазады.</p> <p style="text-align: right;"><b>Дескриптор</b> -Эссе құрылымын сақтайды; -Өз пікірін дәлелмен негіздейді; -Ыңғайлас салалас сөйлемдерді қолданады.</p> <p><b>«Автор орындығы»</b> әдісімен жазған эсселерін өз қалауларымен оқиды.</p> <p><b>ҚБ. «Түзетулер».</b></p>	<p><a href="https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311">https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311</a></p>	
<p><b>Сабақтың соңы.</b> <b>6 минут.</b></p>	<p><b>Рефлексия.</b> Сабақ қалай өткені туралы «СМС» жазу. <b>Үй тапсырмасы:</b> Мәтіндегі ыңғайлас салалас құрмаластың жалғаулықты түрін жалғаулықсыз, жалғаулықсыз түрін жалғаулықты етіп түрлендіріп жазу.</p>		
<p><b>Қосымша ақпарат</b></p>	<p>«Туған жерге туың тік». <a href="https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311">https://adebiportal.kz/kz/news/view/3311</a></p>		
	<p style="text-align: center;"><b>Саралау</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Бағалау</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Денсаулық және қауіпсіздік. АНТ-мен байланыс</b></p>
<p>Мәтіндегі мәселені түсіну мақсатында сұрақтар беріліп, диалогтық саралау жүргізіледі. Топтау арқылы саралау «Төрт бұрыш» әдісі арқылы мәселені талдауда жүзеге асады. Эссе арқылы нәтиже арқылы саралау жасалады.</p>	<p>«Түсініксіз тармақ». «Бір сөйлеммен түйіндеу». «Түзетулер».</p>		
<p><b>Рефлексия.</b> Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>			
<p><b>Қорытынды бағалау.</b> Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты) 1: 2: Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты) 1: 2:</p>			

Балқаш қаласы.

